

Р. Ә. Қаратабанов, Г. А. Қуанышева,  
Ж. Р. Байметова, К.М. Джаналеева

8

# География

8-СЫНЫП  
2-бөлім

*Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрлігі ұсынған*



Алматыкітап баспасы  
2019

ӘОЖ 373.167.1

ҚБЖ 26.8 я 72

Қ 41

*А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты  
Терминология бөлімінің мамандарымен келісілген*

### Оқулықты бағдарлау аппараты



– Географиялық ақпарат көздерімен жұмыс



– Графикалық мәліметтерді ұсыну



– Зерттеулер



– Географиялық тәжірибелер жүргізу



– Географиялық номенклатура



– Картамен жұмыс



– Жетістіктерді бағалау



– Дәптермен жұмыс



– Күрделілігі жоғары деңгейдегі тапсырма  
1,2...

**Қаратабанов Р.Ә.**

**Қ 41 География.** Жалпы білім беретін мектептердің 8-сынып оқушыларына арналған./Р.Ә. Қаратабанов, Г.А. Қуанышева, Ж.Р. Байметова, К.М. Джаналеева. 2-бөлім. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2019. – 152 бет, сур.

ISBN 978-601-01-3973-2

2-бөлім. – 152 б., сур.

ISBN 978-601-01-3975-6

ӘОЖ 373.167.1

ҚБЖ 26.8 я 2

ISBN 978-601-01-3975-6 (2-бөлім)  
ISBN 978-601-01-3973-2 (жалпы)

© Қаратабанов Р.Ә., Қуанышева Г.А.,  
Байметова Ж.Р., Джаналеева К.М., 2018  
© «Алматыкітап баспасы» ЖШС, 2018

## Құрметті оқушылар!

Сендерді география ғылымымен одан әрі танысу күтіп тұр. «Табиғи-аумақтық кешендер» бөлімшесінің сабақтары бойынша, сендер географиялық қабық дамуы мен жұмыс істеуінде зоналылық, секторлық, биіктік белдеулігі, бейзоналылық, зат айналымы, ритмділік, тұтастық тәрізді заңдылықтарға бөлінетіндігі жөнінде білетін боласыңдар.

Белгілі бір күш антропогендік ландшафттарды оқып үйренуге және белгілі бір экологиялық мәселелердің шешімін іздеуге бағытталатын болады. Оларды шешу жолдарын іздеу – адамзат баласының басты міндеті.

«Халықтар географиясы» бөлімшесінің сабақтары Жер шары мен Қазақстан халқы, демографиялық есептеулер мен мәселелері, оларды шешу жолдары туралы білімді қалыптастыруға арналған.

«Табиғи ресурстар» және «Әлеуметтік-экономикалық ресурстар» бөлімшелерінің сабақтары бойынша табиғи ресурстардың, дүниежүзі аймақтары мен елдерінің табиғи-ресурстық әлеуетін экономикалық және экологиялық тұрғыдан бағалауды үйренесіңдер. Олардың маңызды көрсеткіштері – құрамы, саны мен сапасы. Мемлекеттер арасындағы табиғи ресурстар мүлде біркелкі таралмаған, сондықтан әрбір мемлекет оларды орынды пайдалануға ұмтылуы қажет. Сендер үшін табиғи ресурстарды өңдеу мен олардан түрлі өнімдер алу тәсілдері жайында білу қызықты болмақ.

Бөлім сендердің тауар мен қызмет, ақша, бағалы қағаз, жұмыс күші қозғалысы қалай қамтамасыз етілетінін айқындап үйренгендеріңді көздейді. Онымен экономикалық инфрақұрылым айналысады.

«Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымы» бөлімшесінің сабақтары бойынша экономиканың өндіруші және өңдеуші салалары, қызмет көрсету салалары жөнінде білім қалыптасады. Мамандандыру, кооперативтендіру және құрамдастыру тәрізді өндірістік қызметті ұйымдастыру түрлері шаруашылықтың түрлі салаларында өнім шығару ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік береді. Фабрика, зауыт және комбинаттың арасындағы айырмашылықты, ферма мен кооперативтер, олардың әрқайсысын орналастыру түрткіжайттары жөнінде білесіңдер.

«Елтану және саяси география негіздері» бөлімінде сендер қоғамның саяси өмірін ұйымдастырудың ерекшеліктерімен, кеңістікте саяси күштердің аумақтық үйлестірілуімен танысатын боласыңдар. Дүниежүзінің саяси картасы нысандарының алуан түрлілігі, оның динамикасы қашан да оқушылардың қызығушылығын тудырады. Дүниежүзі саяси картасының динамикасы сандық және сапалық өзгерістер арқылы көрсетіледі. Ішкі және сыртқы саясатты тиімді жүргізу мақсатында дүниежүзі елдерінің саяси-географиялық жағдайына талдау жасалады.

Мемлекеттер өздерінің тұрақтылығы үшін қажетті ішкі және сыртқы саясатты жүзеге асырады, басқа мемлекеттермен байланыс орнатады, түрлі мемлекетаралық бірлестіктер құрады. Сендер дүниежүзі елдерінің осындай іс-әрекеттерінің мақсаты мен тәсілдері туралы да білесіңдер.

Қазақстан Республикасы дүниежүзілік қауымдастықтың толыққанды мүшесі болуға және өз еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ұмтылатындығы туралы, осы жолда «Мөңгілік ел» идеясы қандай рөл атқаратындығы жөнінде оқисыңдар.

Географиялық білім әлеміне апаратын жол әрқашан да жеңіл болмайды, бірақ қашан да қызықты, өйткені оқып үйрену «Қайда? Қалай? Неліктен?» деген сұрақтарға жауап іздеуге бағытталатын болады.

Авторлар

## МАЗМҰНЫ

### 3- бөлім Физикалық география

#### 3.5. Табиғи-аумақтық кешендер

§ 33-34. Географиялық қабықтың құрылымы мен құрамы .....	6
§ 35-36. Географиялық қабықтың заңдылықтары .....	12
§ 37. <i>Менің географиялық жетістіктерім</i> .....	18
<b>3.5-бөлімге шолу.</b> .....	19

### 4- бөлім Әлеуметтік география

#### 4.1. Халықтар географиясы

§ 38-39. Халық санағы .....	20
§ 40-41. Халықтың ұдайы өсу типі .....	26
§ 42-43. Демографиялық көрсеткіштер және демографиялық жағдайлар .....	33
§ 44-45. Демографиялық мәселелер .....	41
§ 46-47. Демографиялық саясат .....	47
§ 48. <i>Менің географиялық жетістіктерім</i> .....	51
<b>4.1-бөлімге шолу.</b> .....	53

### 5- бөлім Экономикалық география

#### 5.1. Табиғи ресурстар

§ 49-50. Табиғат ресурстарын экономикалық және экологиялық бағалау .....	54
§ 51. Дүниежүзі аймақтарының табиғи-ресурстық өлеуеті .....	59
§ 52. Табиғи ресурстарды өңдеу орталықтары мен технологиялары, дайын өнім түрлері .....	66

### 5.2. Әлеуметтік-экономикалық ресурстар

§ 53. Экономикалық инфрақұрылым элементтері мен функциялары .....	72
§ 54. <b>Менің географиялық жетістіктерім</b> .....	76
<b>5.1 және 5.2-бөлімдерге шолу</b> .....	78

### 5.3. Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымы

§ 55-56. Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық құрамы: өндіру, қайта өңдеу салалары, қызмет көрсету аясы.....	79
§ 57. Ауылшаруашылық және өнеркәсіптік өндірісті, қызмет көрсету аясын ұйымдастыру түрлері .....	84
§ 58-59. Ауылшаруашылығын, өнеркәсіпті және қызмет көрсету саласын орналастыру түрткіжайттары .....	89
§ 60. Дүниежүзілік шаруашылық салаларының сипаттамасы .....	94
§ 61. <b>Менің географиялық жетістіктерім</b> .....	101
<b>5.3-бөлімге шолу</b> .....	102

## 6- бөлім

### Елтану және саяси география негіздері

#### 6.1. Дүниежүзі елдері

§ 62. Мемлекеттердің саяси типологиясы. Дүниежүзінің саяси картасы.....	103
§ 63. Дүниежүзінің саяси картасындағы сандық және сапалық өзгерістер .....	111
§ 64. Дүниежүзі мемлекеттерінің саяси-географиялық жағдайы .....	117
§ 65-66. Саяси интеграция .....	121
§ 67. <b>Менің географиялық жетістіктерім</b> .....	127
§ 68. <b>Менің географиялық жылым</b> .....	129
<b>6-бөлімге шолу</b> .....	130
Сөздік .....	131

## ФИЗИКАЛЬНАЯ ГЕОГРАФИЯ

### 3.5. Табиғи-аумақтық кешендер

33–34

#### Географиялық қабықтың құрылымы мен құрамы

##### Сабақтың мақсаты:

- Географиялық қабықтың құрамы мен құрылымын график түрінде түсіндіру және көрсету.

##### Мақсатқа жету үшін төмендегілерді білу қажет:

- Географиялық қабық неден тұрады?
- Географиялық қабықтың шегарасы.

АНТРОПОГЕНДІК ЛАНДШАФТТАР

ТАБИҒИ КЕШЕНДЕР

ЛАНДШАФТТАР

ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ҚАБЫҚ


АКВАЛДЫ КЕШЕНДЕР

**Географиялық қабықтың құрылымы.** Географиялық қабық – Жердің қабығы, оның шегінде атмосфераның төменгі қабаттары, литосфераның жоғарғы бөлігі, бүкіл гидросфера мен биосфера бір-біріне өзара еніп және бір-бірімен өзара тығыз қарым-қатынаста болады (1-сурет).

Жер бетінде тіршілік кейіннен пайда болған, сондықтан алғашында географиялық қабық тек үш қабықтан тұратын: *гидросфера, атмосфера және литосфера.*

Қазіргі уақытта ол «озон экранына» дейін, яғни 25 км биіктікке дейін төселіп жатады. Гидросфера географиялық қабыққа түгелдей кіреді, ал географиялық қабықтың төменгі шегін Мохоровичич деңгейі бойынша, яғни жер қыртысының табаны болып табылатын астеносфера бойынша жүргізеді (1-сурет).

Айрықша табиғи түзіліс ретіндегі географиялық қа-



1-сурет. Географиялық қабықтың шегаралары

бық туралы түсінікті 20-ғасырдың басында *А.А.Григорьев* пен *С.В.Калесник* қалыптастырған болатын. Географиялық қабықтың ерекшеліктері: 1) құрамының күрделілігі мен заттардың күйлерінің алуан түрлілігі; 2) барлық физикалық-географиялық үдерістердің күн және жел энергиясы есебінен өтуі; 3) оған келіп түсетін энергияның барлық түрлерінің тасымалдануы және ішінара консервациялануы; 4) тіршіліктің шоғырлануы және адамзат қоғамының бар болуы; 5) үш агрегат күйдегі заттардың бар болуы.

*Тропосфера, жер қыртысы, гидросфера, биосфера* – географиялық қабықтың құрылымдық бөліктері, ал оған біріктірілген заттар – оның компоненттері.

Географиялық қабықтың компоненттері – бұл *тау жыныстары, су, ауа, өсімдіктер, жануарлар мен топырақ*. Олар физикалық күйі (*қатты, сұйық, газ тәрізді*), қалыптасу деңгейі (*тірі, өлі, биосірескен*), химиялық құрамы, белсенділігі (инертті – жынысы, топырағы, *мобильді* – су, ауа, *белсенді* – тірі зат) бойынша ерекшеленеді.




1. Жер бетінде географиялық қабықтың пайда болу ерекшеліктеріне мысалдар келтіріңдер. Нәтижелерін кесте түрінде көрсетіңдер.

Географиялық қабықтың ерекшеліктері	Мысалдар
Құрамының күрделілігі және заттар күйінің алуан түрлілігі	
Күн және ішкі энергия есебінен барлық физикалық-географиялық үдерістердің өтуі	
Оған келіп түсетін барлық энергия түрлерінің ауысуы және ішінара консервациялануы	
Тіршіліктің шоғырлануы және адамзат қоғамының бар болуы	
Үш агрегаттық күйдегі заттардың бар болуы	



2. «Радиалды тізім» диаграммасында географиялық қабықтың құрылымдық бөліктерінің барлық компоненттерін тізіп шығыңдар. Сол жақ үлкен шеңберге географиялық қабықтың құрылымдық бөліктерінің атауын, ортаңғы шеңберге маңызды компоненттерін (заттарды), «мәтін» қосымшасында олардың физикалық күйінің, қалыптасу деңгейінің, белсенділік сипаттамасының ерекшеліктерін жазыңдар.



**ГЕОСЕРВИС:** «Географиялық эстафета». Оқушылардың әрқайсысы қандай да бір географиялық нысан, құбылыс немесе үдеріс туралы ақпарат айтады. Бұл ақпаратты қалғандары қайталамауы тиіс.

**Ландшафттар мен табиғи кешендер туралы түсінік.** Географиялық қабық бүкіл жерде біркелкі емес және жекелеген табиғи кешендерден (ландшафттардан) тұрады. Табиғи кешен – бұл табиғи жағдайлары: климаты, жер бедері, топырақтары, сулары, өсімдіктер мен жануарлар әлемі біршама біркелкі болатын жер бетінің бір бөлігі. Мұндай кешендердің әрқайсысы көршілес кешендерден географиялық шегарасы арқылы бөлінеді.

Ең ірі табиғи кешен – **географиялық қабық**. Табиғи кешендерге, сонымен қатар *материктер* мен *мұхиттар*, *табиғи зоналар* жатады. Кішігірім табиғи кешендер жекелеген төбелерге, олардың бөктеріне, өзендердің аңғарлары мен олардың жекелеген бөліктеріне (арнасына, жайылмасына, жайылма бетіндегі террасаларға) орайластырылған. Табиғи кешен қаншалықты кіші болса, оның шегіндегі табиғи жағдайлар да соншалықты біркелкі болады. Осылайша барлық географиялық қабықтың күрделі құрылымы өрнекті болып келеді, олар түрлі дәрежедегі табиғи кешендерден тұрады. Құрлықта пайда болған табиғи кешендерді **аумақтық**, ал мұхиттағы немесе басқа суқоймаларындағыны – **аквалды** деп атайды.

**Ландшафт** – бұл біркелкі, бірыңғай жер бедері, ортақ климаты бар, гидротермиялық шарттарының, топырақтары мен биоценоздарының үйлесімі бірдей болатын нақты бір аумақты алып жатқан табиғи кешен. Ландшафт құрылымы күрделі және әлдеқайда төмен дәрежедегі табиғи-аумақтық кешендерден тұрады: аймақ – мекен – фация. Ландшафттың ең қарапайым элементі – *фация*. Ол табиғи жағдайларының біртектілігімен сипатталады. Оның шегінде жерүсті жыныстары құрамының, ылғалдандыру шарттарының, топырақтарының біркелкілігі мен бір өсімдіктер қауымдастығы сақталады. Бұл сайдың түбі, ескі арна, арна маңы белесі, кішігірім өзен баурайының бір бөлігі немесе аңғары болуы мүмкін. *Мекен* бірнеше фациядан (сай, жыра, жылғаның аңғары, жайылма, терраса) тұрады. Бірнеше мекен *аймақты* құрайды.

Табиғи-аумақтық кешендер (ландшафттарға) уақыт өте өзгеріп отыруы мүмкін. Оларға адамның шаруашылық іс-әрекеті көп әсер етеді. Соңғы кездері (Жердің дамуы шеңберінде) ғаламшарда адамзат баласы қалыптастырған кешендер пайда бола бастады, антропогендік



(грек. anthropos – адам, genes – пайда болу, туылу) ландшафттар (2-сурет). Өзгеру дәрежесі бойынша олар:

- *аздап өзгерген* – аң аулайтын алқаптар;
- *өзгерген* – егістік, ұсақ елді мекендер;
- *қатты өзгерген* – қалалық жерлер, пайдалы қазбалардың игерілген ірі орындары, ауқымды жыртылған жер, ормандарды кесу;
- *жақсартылған* – ормандарды санитарлық тазалау, саябақ зонасы, ірі қалалардың айналасындағы «жасыл зона» (2-сурет) болып жіктеледі.

Ландшафттарға адамдардың әсері қазіргі кезде өзгертуші табиғат негізгі түрткіжайт ретінде алынады. Әрине, біздің заманымызда адамзат баласының іс-әрекеті табиғатты өзгертпей тұра алмайды, бірақ ландшафттардың түрленуі табиғи-аумақтық кешеннің барлық компоненттерінің өзара байланысын есепке ала отырып жүргізілуі қажет. Тек сонда ғана табиғи тепе-теңдіктің бұзылуының алдын алуға болады.



Аң аулайтын алқаптар



Егістік



Орманды кесу



Саябақ зонасы

2-сурет. Антропогендік ландшафттар



1. Өздерің тұратын жердің табиғи ландшафттарының бірінің құрылымын «иерархия» сызбасында көрсетіңдер. Ландшафттың әрбір компонентінің жергілікті атауын жазыңдар. Сенің ойыңша, неліктен осы аумақтар ландшафт, аймақ, мекен және фация болып табылады?

2. Өздерің тұратын жердің бір фациясының типологиялық тәсіл бойынша аймақ, мекен, ландшафтысынан бастап географиялық қабық деңгейіне дейінгі жоғары дәрежелі табиғи кешендерге қатыстылығын көрсететін сызба жасаңдар.

3. Өздерің тұратын жердің бір фациясының жекелеген тәсіл бойынша аймақ, мекен, ландшафтысынан бастап географиялық қабық деңгейіне дейінгі жоғары дәрежелі табиғи кешендерге қатыстылығын көрсететін сызба жасаңдар.



4. Өздерің тұратын жердің ландшафттарын антропогендік іс-әрекеттің салдарынан өзгеру дәрежесі бойынша топтаңдар. Нәтижесін кестеде көрсетіңдер.

Өзгеру дәрежесі	Аумақтың жергілікті атауы	Өзгеру себебі
Табиғи		
Аздап өзгерген		
Өзгерген		
Қатты өзгерген		
Жақсартылған		

**Геодерек.** Егер жауын-шашын мөлшері бұға айналмаған, топыраққа сіңбеген және ағып кетпеген болса, миллиметрмен жауған жауын-шашыннан түзілген су қабатын көрсетеді. Сан тұрғысынан 1 миллиметр жауын-шашын – бұл 1 м<sup>2</sup> жерге түсетін бір кг суға тең.

### Ойыңды тұжырымда



1. Географиялық қабық дегеніміз не? Оның төменгі және жоғарғы шегарасы қалай өтеді? Оның енін километрмен және биіктігін метрмен шамалаңдар, өз жауаптарыңа дәлел келтіріңдер.

2. Географиялық қабықтың тік және көлденең өртектілігі қалай байқалады?

3. «Географиялық қабық», «географиялық орта» және «биосфера» түсініктерінің арасындағы айырмашылықты анықтаңдар. Нәтижесін «Эйлер шеңберінде» көрсетіндер.



4. Қосымша дереккөздерінің көмегімен географиялық қабықтың қасиеттері мен функцияларын биосфераның қасиеттері және функцияларымен салыстырыңдар. Ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтаңдар. Түсіндіріңдер. Оларды график түрінде бейнелеп, түсініктеме беріңдер.



5. Егер Жер бетінде биосфера болмаса, географиялық қабық болар ма еді? Егер Жер бетінде географиялық қабық болмаса, биосфера болар ма еді?



6. Қазақстанда байқалған табиғи тепе-теңдіктің бұзылуы жер шарының түрлі бөліктерінде қалай көрініс беруі мүмкін?

7. Жер шарының түрлі бөліктерінде байқалған табиғи тепе-теңдіктің бұзылуы Қазақстан аумағында қалай көрініс беруі мүмкін?



35–36

## Географиялық қабықтың заңдылықтары

### Сабақтың мақсаты:

- Географиялық қабық заңдылықтарының мәнін түсіндіру.

### Мақсатқа жету үшін төмендегілерді білу қажет:

- Заңдылық дегеніміз не?
- Географиялық қабықтардың негізгі заңдылықтары.
- Жер бетінің географиялық қабықтарының заңдылықтары қалай көрініс береді?

**ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ҚАБЫҚ СЕКТОРЛЫЛЫҚ**    **ЗАТ АЙНАЛЫМЫ РИТМДІЛІК**    **БИКТИК БЕЛДЕУЛІГІ**  
**ЗОНАЛЫЛЫҚ**    **ҚАБЫҚТЫҢ БҮТІНДІЛІГІ**  
**БЕЙЗОНАЛЫЛЫҚ**

**Географиялық қабық қызметінің жалпы заңдылықтары** – географиялық сфералардың (литосфера, атмосфера, гидросфера және т.б.) өзара кірігуі мен өзара әсерлесуінің салдары. Заңдылықтарды білу Жердің жекелеген аудандарының аумақтық ерекшеліктерін түсіндіруге, сонымен қатар табиғатты, халықты, шаруашылықты ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Жалпы географиялық заңдылықтарға табиғи құбылыстардың зоналылық пен бейзоналылық, географиялық қабықтың бүтінділігі, заттардың айналымы, ырғақтылық жатады.

Ерекшеліктері бар заңдар **заңдылықтар** деп аталады.

**Географиялық зоналылық** экватордан полюске қарай географиялық белдеулердің заңды ауысуынан және осы белдеулердің шегінде географиялық зоналардың орналасуынан байқалады.

Географиялық қабықтың ең ірі ендік-зоналылық бірлігі – **географиялық белдеу**. Ол радиациялық теңгерім мен атмосфераның жалпы айналымының ерекшеліктері бойынша бөлінеді. Белдеудің шеңберінде климаттың салыстырмалы біркелкілігі төн, ол табиғаттың басқа да компоненттерінде (топырақта, өсімдіктерінде, жануарлар әлемінде және т.б.) бар.

Жерде жалпы саны 13 географиялық белдеулер байқалады: экваторлық, екі субэкваторлық, екі тропиктік, екі субтропиктік, екі қоңыржай, екі субполярлық, арктикалық және антарктикалық. Географиялық белдеулердің дұрыс домалақ пішіні жоқ, олар кеңейеді,

кішірейеді, материктер мен мұхиттардың, теңіз ағыстарының, жер бедерінің әсерінен иіледі.

Географиялық белдеулер *географиялық (табиғи) зоналарға* бөлінеді. Олардың бөлінуі Жер бетіндегі жылу мен ылғалдың біркелкі таралмауына байланысты. Олар көбінесе ендік бағытта (Еуразия) созылады, алайда жер бедерінің немесе материктердің конфигурациясының әсерінен меридионалды бағыттары (Солтүстік Америка) болады.

1956 жылы географ-ғалымдар А.А. Григорьев пен М.И. Будыко **географиялық зоналылық заңын** жасады. Оған сәйкес, әрбір белдеуде басқа белдеулердегі зоналармен ұқсастығы бар белдеулер болады. Бұл мұндай ұқсас зоналарда жылу мен ылғалдың арақатынасы бірдей болуына байланысты. **Жылу мен ылғалдың мөлшері** әртүрлі болса да, бірақ арақатынастары (бір көрсеткішті екіншісіне бөлгенде шығатын мәні) бірдей мәнге ие болуы мүмкін екендігін атап айта кеткен жөн. *Мысалы, екі бөлмелі пәтерде екі адам, ал бір бөлмеліде бір адам тұрады. Бірақ екі жағдайда да тұратын адамдар мен бөлме санының арақатынасы 1-ге тең.*

Жылу мен ылғалдың арақатынасын көрсету үшін құрғақтықтың радиациялық индексіне  $r$  есептеу формуласы пайдаланылады:

$$r = R / Lx$$

мұнда  $R$  – төсеніш беттің жылдық радиациялық балансы (ккал/см<sup>2</sup>),  $x$  – жылдық жауын-шашын мөлшері,  $L$  – буланудың жасырын жылуы.

Буланудың жасырын жылуы  $L$  – бұл 1 кг судың буға айналуына жұмсалатын энергия мөлшері, ол  $t$  0°С су үшін **597 ккал/кг** немесе **2258,5 кДж/кг**.

Мысалы, Африканың экваторлық белдеуіндегі жылдық радиациялық баланс 80 ккал/см<sup>2</sup>-ге тең, жылдық жауын-шашын мөлшері  $x$  – 2000 мм, буланудың жасырын жылуы  $L$  – 597 ккал/кг (0° болғандағы су үшін тұрақты мағынасы). Осы мәндерді есептеу үшін формулаға қоямыз. Радиациялық баланс см<sup>2</sup>-мен, ал жауын-шашын – мм-мен белгіленетіндіктен, соңғысын см<sup>2</sup> көрсеткішіне айналдыру қажет. 1 мм – 10 000 см<sup>2</sup> бар. Сондықтан 2000:10 000=0,2.


$$\frac{80}{(597 \times 0,2)} = 0,67$$

Құрғақтықтың радиациялық индексі жауын-шашынның жылдық мөлшерін буландару үшін қанша жылу қажеттігін көрсетеді.

Құрғақтықтың радиациялық индексінің мәні 1-ден төмен болғанда (артық ылғалдану) – ылғалды орман зоналары, орманды тундра және тундра, 1-ден жоғары болғанда (жеткіліксіз ылғалдану) – далалық құрғақ зона, шөлейт немесе шөл, ал 1-ге жақын мәнінде (тиімді ылғалдылық) – орманды дала, жапырақты және ашық ормандар мен ылғалды саванналар басым болады (3-сурет).

Зерттеу көрсеткендей, индекстің мәні 1-ге жақындаған сайын, өсімдіктері көп түрлі және аумақтың биоөнімділігі жоғары болады.

Түрлі климаттық белдеулердегі екі түрлі аумақтардың индекстері бірдей болса, онда жылдық радиациялық баланс жоғары болатын зонада өсімдіктері алуан түрлі болады. Мысалы, орманды дала мен саванналардың құрғақтық индексі бірдей, бірақ жылу мөлшерінің жоғары болуына байланысты саванна табиғаты алуан түрлі болады.



3-сурет. Географиялық зоналылықтың кезеңділік заңының моделі (дөңгелектердің диаметрлері ландшафттардың биологиялық өнімділігіне тепе-тең).



1. Жылдық радиациялық баланс пен жылдық жауын-шашын мөлшерінің картасын пайдалана отырып, 3-суретте бейнеленген әрбір табиғи зона үшін құрғақтықтың радиациялық индексін есептеңдер.
2. Өзің тұратын аймақтың құрғақтығының радиациялық индексін есептеңдер.

Материктердегі мұхит маңы және континентішілік аудандарда ылғалдылықтағы айырмашылықтар секторлылықтың қалыптасуына әкеледі. **Секторлылық** – бұл өсімдіктер қауымдастығының, топырақ типтерінің, жер бедерін түзуші үдерістердің материкке ішкерілей ену мөлшері бойынша заңды алмасуы. Батыстан шығысқа қарай материкке ішкерілей ену кезінде қоңыржай белдеуде мұхиттардың әсері азаяды, арктикалық немесе тропиктік ауа массаларының әсері артады, ылғалдылық коэффициенті төмендейді. Мұның бәрі бір климаттық белдеу шегінде түрлі табиғи зоналардың (жалпақ жапырақты орман, аралас орман, тайга, орманды дала, дала, шөлейт, шөл) қалыптасуына әкеліп соқтырады.



1. Картасызбада Еуразия қоңыржай белдеуі шеңберіндегі секторларды көрсетіңдер және олардың қалыптасуын түсіндіріңдер.



Тауларда биіктік белдеулігі байқалады. **Биіктік белдеулігі** – тауларда төменнен жоғары қарай көтеріле отырып, табиғи жағдайлар мен табиғи кешендердің заңды алмасуы.

Биіктік белдеулігі жоғары көтерілген кезде климаттық көрсеткіштердің алмасуымен қамтамасыз етіледі. Биіктік белдеулігіне, сонымен қатар тау баурайларының экспозициясы мен тік беткейлігі, теңіздер мен мұхиттардан қашықтығы, жергілікті жердің енділігі әсер етеді. Биіктік белдеулігі тауға көтерілген кезде төменнен жоғары қарай тау массивінің орналасқан орнынан солтүстікке қарай жылжыған кездегі ендік зоналардың алмасуына ұқсастау ретпен алмасып отырады. Алайда мұндай ұқсастықтан ауытқу да болады. Мысалы, мұндай биіктік белдеулерінің, альпілік шалғындар мен биік таулы шөлдер тәрізді ендік зоналар арасында аналогтері жоқ.

**Бейзоналылық** дегеніміз – қандай да бір географиялық құбылысының таралуы зоналылық заңына бағынбауы. Бейзоналылықтың негізгі себептері – геологиялық құрылым, тектоникалық ерекшелік, жер бедерінің сипаты және т.б. Бейзоналылық тауларда және тау етегінде жиі байқалады.



1. Тау жүйелерінің табиғаты бейзоналық және өзі орналасқан табиғи зонаның ерекшеліктері байқалмайды. Бірақ тауда географиялық зоналылық заңдылығы қалай байқалады?

**ГЕОСЕРВИС:** «Географиялық слоган/ұран». Әр жұп алдын ала қандай да бір географиялық нысан, құбылыс және үдеріс туралы «жарнама» үшін дайындап келген слоган/ұранын оқиды.

Маңызды географиялық заңдылық – географиялық қабықтың тұтастығы. Оның мәні табиғи үдерістер, құбылыстар мен компоненттер (су, өсімдік, топырақ және т.б.) өзара тығыз байланыста болатындығында және біреуінің өзгеруі басқаларының да өзгеруіне әкелетіндігінде. Мысалы, батпақты құрғатқаннан кейін ыза сулардың деңгейі сол батпақтың өзінде ғана емес, сонымен қатар іргелес жатқан аумақтарда да төмендейді. Нәтижесінде топырақ, өсімдіктердің түрлілігінің құрамы өзгереді. Тау баурайларында эрозия үдерісі белсенді жүреді, микроклимат өзгереді және т.б.

Ғаламдық өзгерістердің тағы бір мысалы – жамылғы мұздықтардың еруі. Дүниежүзілік мұхит деңгейінің көтерілуін туындатады. Бірақ бұл құбылыс өзен суларының жұмысын күшейтіп, соның салдарынан материктерде өзгерістердің орын алуына әкеледі.

Зат айналымы көбінесе энергияның айналымына ұласады (мысалы, су буының сұйықтыққа айналуы кезінде жылудың бөлінуі және булану кезінде жылудың жұтылуы).



Табиғаттың бір компонентінің өзгерісін басқаларының өзгеруіне қалай әкелетіндігіне, кем дегенде, үш мысал келтіріңдер.

Барлық табиғи кешендерге зат алмасу қабілеті тән және ол зат айналымы деген географиялық заңдылықта көрсетілген. Оған топырақ пен өсімдіктердің өсуі және құрауы арасындағы химиялық элементтердің айналымы, табиғаттағы су айналымы, атмосферадағы ауа массасының айналымы (экватор мен тропик арасында) және т.б. мысал болады. Мұхиттан буланған су ауа арқылы желдің күшімен құрлыққа жауын-шашын түрінде түседі және жерасты суларына қосылады. Бұл құбылыс – табиғаттағы су айналымына мысал. Осылайша табиғаттағы су айналымы тұйықталады. **Заттардың айналымы** – өте маңызды заңдылық, өйткені оның нәтижесінде жанды және жансыз табиғаттың бірлігіне қолдау көрсетіледі, тіршілік бар болса, азық-түлік өнімдері алынады және т.б.



Айналымдардың бірінің географиялық моделін жасаңдар және оны бүкіл сыныпқа таныстырыңдар.

Табиғи үдерістердің **ырғақтылығы заңдылығы** олардың тәулік (күн мен түннің алмасуы), жыл (жыл маусымдарының ауысуы) ішінде қайталануынан байқалады. Сонымен қатар климаттың, жерүсті және жерасты суларының ауытқуының жаһандық заңдылықтары анықталған.



**Тәуліктік ырғақ** Жердің өз осін айналуына байланысты. Тәуліктік ырғақ температура, қысым және ылғалдылық, бұлттылық, желдің күші өзгергенде; теңіз, мұхиттардағы судың көтерілуі мен қайтуы кезінде, өсімдіктердің фотосинтез үдерісі, жануарлар мен адамның тәуліктік биоритмі кезінде өзгереді.

**Жылдық ырғақ** – Жердің орбита бойынша Күнді айналып шығуының нәтижесі. Бұлар: жыл мезгілдерінің ауысуы, топырақ түзілуінің қарқынды өзгерісі және тау жыныстарының бұзылуы, адамның өсімдік өсіру және шаруашылық әрекеттерінің дамуы. Ғаламшардың әртүрлі ландшафттарының тәуліктік және жылдық ырғағы әртүрлі. Жылдық ырғақ қоңыржай ендікте қатты, ал экваторлық белдеуде баяу білінеді.



1. Түрлі географиялық (мысалы, климаттық) белдеулерде тұратын екі халықты салыстырыңдар. Осы халықтардың тіршілік етуінің табиғи-климаттық жағдайларын түсіндіріңдер, табиғи (жылдық, тәуліктік және басқа да) ритмдерін белгілеңдер және осы ритмдер себепші болған әдет-ғұрыптарға қысқаша сипаттама бере отырып, тізіп айтыңдар.



2. Қазақстан халқының қандай әдет-ғұрыптары географиялық қабықтың ритмділігінен туындаған?

**Геодерек.** Төлқұжаттың қуаттылығы оның иесінің визасыз бара алатын елдерінің саны бойынша бағаланады. 2017 жылы төлқұжаттар рейтингінде алғашқы орында Германия мен Сингапур тұр. Бұл елдердің тұрғындары визасыз 150-ден астам елге бара алады. Passport Index рейтингінде біздің еліміз 56-орында тұр. Қазақстандықтар визасыз 69 елге бара алады.

### Ойыңды тұжырымда



1. Ақпараттық графикте географиялық қабықтың барлық заңдылықтарын көрсетіндер. Ақпараттық графикті қажетті жерінде келесі тапсырмалардың жауаптарымен толықтырыңдар.

1.1. Қазақстан аумағы қандай географиялық белдеулерде орналасқан? Қазақстан аумағы қандай табиғи зоналарда орналасқан? Қазақстан аумағы қандай секторларда орналасқан? Қазақстанның қай жерінде биіктік белдеулігі мен бейзоналылық байқалады?

1.2. Табиғи құбылыстардың, зат және энергия айналымының, өздерің тұратын өлкенің табиғи ерекшеліктерін мысалға келтіре отырып, оның бүтіндігінің, ритмділігінің көрініс беруіне мысал келтіріңдер.



1.3. Егер де географиялық қабықтардың заңдылықтары болса, онда параграфта суреттелгендердің қайсысы жер шарында байқалмас еді?

## № 7 тәжірибелік жұмыс



1. Геологиялық уақыт аралығын көрсете отырып, кестені мәтінге айналдырыңдар. Ол үшін геохронологиялық кестені және басқа да дереккөздерін пайдаланыңдар. Ақпараттың қосымша көздерінің көмегімен бейтаныс сөздердің мәнін анықтандар. Әрбір уақыт аралығы үшін осы кезеңде бір-бірімен түйіскен және бір-бірімен өзара әрекеттескен геосфераларды көрсетіңдер. Қандай кезеңдерде бір, екі, үш, төрт сфера өзара бір-бірімен әрекеттесті? Жалпылама қорытынды жасаңдар.

Географиялық қабықтың дамуының барлық кезеңі ішінде түрлі қарқындылық пен маңыздылық деңгейінде бірнеше ғаламшарлық үдерістер пайда болды. Олардың ішіндегі маңыздылары мыналар:

- базальттық магма мен оның газсыздануының сипатымен вулканизм;
- жер қыртысының осьтік бөлігінде, платформада, қатпарлы аймақтарда мұхиттық-орталық жота және рифт зоналары бар жылжымалы белдеу түзе отырып, бағытталып дамуы;
- гидросфераның дамуы;
- спрединг – мұхиттық қыртыстың өсу және жылжу (төселу) үдерісі;
- жер қыртысының жүйелі өзгеру циклі: Дүниежүзілік мұхит деңгейінен көтерілуі – экзогендік түрткіжайттардың әсерінен жалаңаштану – мүжілу (тегістеу) қабаты бар пенепленнің түзілуі;
- күн энергиясы, Жердің гравитациялық және ішкі энергиясының ағынында заттардың үлкен геологиялық айналымы;
- фотоллиз – жарықтың әсерінен зат молекулаларының ыдырауы (мысалы, жарықтың әсерінен өсімдік жапырақтарындағы хлор қойнауқатыларында (хлоропластарда) оттектің бос күйінде бөлініп, су молекулаларының ыдырауы);
- өсімдік жабыны мен жануарлар әлемінің, фотосинтездің дамуы,
- күн және гравитациялық энергия ағынында заттардың аздаған биологиялық және географиялық айналымы;
- әлемдік құбылыс ретіндегі адамзат баласының шаруашылық іс-әрекеті.



2. **Жұппен немесе топпен жұмыс.** Өздерің тұратын жердегі бұзылған ландшафтты жақсарту жобасын жасаңдар. Жақсартуға дейінгі бұзылған ландшафттың фотосуретін бірге беріңдер, бүкіл сыныпқа жақсартылған ландшафттың жобасын (суретін) көрсетіңдер. Осы ландшафтты сендер қалай жақсарта едіңдер? Сендерге қандай ресурстар қажет болады? Жергілікті тұрғындар қандай экологиялық, әлеуметтік, экономикалық әсер алады? Бұзылған ландшафтты жақсартылған ландшафтпен түрлендіру экономиялық жағынан тиімді ме? Жауаптарыңды дәлелдермен растаңдар.

## 3.5-бөлімге шолу

### 3.5-бөлім. «Табиғи-аумақтық кешендер» сабақтары бойынша Сендер білесіңдер:

**Географиялық қабық** – Жердің ландшафттық қабығы, оның шегінде атмосфераның төменгі қабаттары, литосфераның беткі қабаты, бүкіл гидросфера мен биосфера бір-біріне өзара еніп және бір-бірімен өзара әрекеттестікте болады.

Олардың өзара әрекеттестігі **аумақтық-табиғи кешендердің (АТК, ландшафттардың)** түзілуіне – белгілі бір аумақта өзара бір-бірімен байланысқан табиғи компоненттердің жиынтығына әкеледі.

Географиялық қабықтың басты ерекшелігі – оның *құрамындағы заттардың құрамы* бойынша да, өзінің қасиеттері мен күйі бойынша да *алуан түрлілігі*. Географиялық қабық *энергия түрлерінің алуан түрлілігімен және олардың түрлену пішіндерімен* сипатталады. Заттар мен энергиялардың қозғалысы қабықтың барлық бөліктерін байланыстырады. Географиялық қабықта *кеңістіктік жіктеу* айқын көрініс береді.

Географиялық қабықтың дамуы мен қызметінде келесі **заңдылықтар** көзге түседі: *зоналылық, секторлылық, биіктік белдеулілік, бейзоналылық, зат айналымы, ырғақтылық, тұтастық*.

Адам іс-әрекеті салдарынан географиялық қабықтың түрленуі *антропогендік ландшафттардың* туындауына әкеліп соқтырған. Антропогендік әсер қабықтағы табиғи үдерістердің бұзылуына және экологиялық мәселелерге әкеледі. Оларды шешу – бүкіл адамзат баласының маңызды міндеті.

#### Қолдарыңнан келеді:

- Географиялық қабықтың құрамын, құрылымы мен ерекшеліктерін талдау;
- «Радиалды тізім» диаграммасымен, «Иерархия» сызбасымен жұмыс істеу;
- Географиялық қабықтың компоненттері негізінде тақырыптық сызбалар жасау;
- «Географиялық қабық», «географиялық орта» және «биосфера» түсініктері арасындағы айырмашылықтарды анықтау және оларды «Эйлер шеңберінде» көрсету.
- Құрғақтықтың радиациялық индексін есептеу;
- Тақырыптық картасызбалар, графиктік модельдер, ақпараттық график жасау;
- Мәтінді кестеге айналдыру;
- Антропогендік ландшафттарды жақсарту жолдарын ұсыну.

## ӘЛЕУМЕТТІК ГЕОГРАФИЯ

### 4.1. Халықтар географиясы

38–39

#### Халық санағы

##### Сабақтың мақсаты:

- Халық санын анықтау тәсілдерін түсіндіру.

##### Мақсатқа жету үшін төмендегілерді білу қажет:

- Халықты зерттеу не үшін қажет?
- Халық санын есепке алу қалай жүзеге асырылады?
- Халық санағын қалай және не үшін жүргізеді?

**ХАЛЫҚ САНЫ      ХАЛЫҚ САНАҒЫ      ХАЛЫҚ САНЫНЫҢ АҒЫМДАҒЫ ЕСЕБІ**  
**ДЕМОГЕОГРАФИЯ      ХАЛЫҚ**

**Халықты зерттеу қажеттілігі.** Белгілі бір аумақта тұратын адамдар жиынтығы **халық** деп аталады. Белгілі бір аумақта тарихи тұрғыда қалыптасқан халық пен елді мекендердің құрамы және орналасуын, демографиялық үдерістер мен әлеуметтік-экономикалық жағдайлар арасындағы қарым-қатынасты **демогеография** зерттейді. Демогеографияның зерттеу нысаны: халықтың жас-жыныстық, әлеуметтік, кәсіби құрылымы, оның шынайы және механикалық қозғалысы, жұмыспен қамтылуы, көші-қон және басқалары. Осы түсініктердің барлығын сендер сабақ барысында оқитын боласыңдар.

Халық – кез келген мемлекеттің базалық қажеттіліктерінің бірі. Тәуелсіздікті, аумақты, экономиканың дамуын сақтау үшін адамдар қажет. Барлық мемлекетте **халық санының есебін** жүргізетін арнайы мемлекеттік органдар бар. Халық өндіруші және тұтынушы болады. Кез келген мемлекет өз азаматтарының өмір сүру сапасын арттыруға мүдделі. Осы мақсатта мемлекетте өмір сүретін адамдардың санын әрқашан да білу қажет. Мемлекетті саяси, әлеуметтік-экономикалық дамытудың көптеген мақсаттары үшін халықтың ұлттық, діни, әлеуметтік, кәсіби, жыныстық, жас ерекшеліктері бойынша құрамы және әр топтағы адамдар саны туралы мәліметтер маңызды.



Маңызды отбасылық, мектепшілік, қоғамдық шараларға қатысатын адамдардың санын нақты білу қашан және не үшін қажет болған бір-неше жағдайды мысалға келтіріңдер.

**Халық санын есепке алу.** **Халық саны** – белгілі бір аумақта тіршілік ететін адамдардың саны. Бала туылу, өлім-жітім, қоныс аудару

нәтижелері үнемі өзгеріп отырады, белгілі бір уақыт сәтіндегі жағдай бойынша есептеледі және бағаланады.

Халықтың саны екі түрлі жолмен анықталады: 1) *халық санағы* және 2) бала туылуын, өлім-жітімді, ел аумағына адамдардың келуі мен кетуін есепке алып отыратын *мемлекеттік органдардың есебі*.

**Халық санағы** – белгілі бір уақыт ішінде елдің әрбір тұрғынын сипаттайтын демографиялық, экономикалық және әлеуметтік мәліметтерді жинау, өңдеу, талдау және тарату үдерісінен тұратын жалпымемлекеттік іс-шара.

Қазақстан аумағында тұңғыш ұйымдастырылған халық санағы Ресей империясы халқының «Алғашқы және бірегей халық санағы» аясында 1897 жылы өтті. Қазақстанның КСРО құрамында болған кезінде халық санағы 1920, 1926, 1937, 1939, 1959, 1970, 1979, 1989 жылдары жүрді. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейін халық санағы 1999 және 2009 жылдары болды. Енді 2020 жылы өтіледі деп күтілуде.

**Халық санағының қағидалары.** Халық санағын жергілікті билік органдарының қатысуымен ел үкіметі *орталықтандырылған* түрде жүргізеді. Жергілікті биліктің әрбір органына белгіленген шегарасы бар *белгілі бір аумақ* бөлініп беріледі. Санақ *адамдардың бірін де қалдырмастан және екінші рет есепке алмай* жасалады. Халық санағы барлық жерде *бір мезгілде*, яғни белгіленген күні және уақыт аралығында жүргізіледі. Санақ бланкісіне мәліметтер отбасы мүшелері туралы жалпыланған мәлімет түрінде емес, әрбір тұлға бойынша *жеке* толтырылады. Сонымен қатар *мәліметтердің құпия сақталуы* қамтамасыз етіледі. Жинақталған жеке мәліметтер кейіннен тек жалпыланған түрде қолданылады. Есепке алынған азаматтар туралы жеке мәліметтерді жария етуге қатаң түрде тыйым салынады. Халық санағы туралы деректер өңделіп, елдің *географиялық немесе әкімшілік-аумақтық түзілісі* бойынша және *халықтың негізгі демографиялық, экономикалық және әлеуметтік белгілері* (жынысы, жасы, ұлты, діні, білім деңгейі, мамандықтары және басқа) *бойынша* жарияланады. Негізгі демографиялық белгілерін әрбір азамат *өзі анықтайды*. Санақ *бірыңғай бағдарлама* бойынша жүзеге асырылады, барлық қатысушыларға бірдей сұрақтар қойылады. Санақ *тұрақты* түрде жүргізіліп тұрады, яғни елдің заңында белгіленгендей бірнеше жылда бір рет өткізіліп тұрады.

**Халық санағының мақсаты.** Санақ халық санының нақты цифрын, оның құрамы, өмір сүру жағдайы, экономикалық және әлеуметтік сипаттамасы туралы мәліметтер білуге мүмкіндік береді. Ол осы көрсеткіштердің алдыңғы санақ жүргізілген сәттен кейінгі өзгерістерді бағалауға мүмкіндік туғызады. Бұл ақпарат ха-

лық санының болжамына негіз және алдағы жылдардағы елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайына басты сипаттама бола алады. Ауыл, қала, аудан, облыстар халқының саны мен оның құрамы туралы нақты мәліметтер алады. Осы мәліметтер негізінде нақты бір мәселелер бойынша шешім қабылданатын болады. Мысалы, жаңа мектеп салу қажет пе? Өскелең ұрпақты есепке алғанда мектепке қанша мұғалім қажет? Аурухана, балабақша және тағы да басқа ғимараттар жеткілікті ме?

Санақ жүргізген кезде тұрғындардың негізгі санатын *тұрақты* және *нақты* деп ажыратып көрсетеді.

**Нақты тұрғындар (НТ)** – уақытша тұрғындарды қоса алғанда, санақ жүргізілген айрықша сәтте тексеру жүргізілген аумақта болған тұрғындардың барлығы.

**Тұрақты тұрғындар (ТТ)** – тексеру жүргізілген аумақта тұрақты тұратын тұрғындар (6 айдан немесе 1 жылдан астам мерзімде).

Халық санағы жүргізілген сәтте тұрақты тіршілік ететін жерінде болмаған нақты халықтың бір бөлігі **уақытша жоқ адамдар (УЖ)** болып есептеледі. Халық санағы жүргізілген сәтте сол аумақта тұрған, бірақ оның тұрақты тұрғыны болып табылмайтын нақты халықтың бір бөлігі **уақытша тұратын адам (УТ)** деп аталады.

Олардың арасында төмендегідей байланыс бар.

$$\begin{aligned} \text{НТ} &= \text{ТТ} + \text{УТ} - \text{УЖ} \\ \text{ТТ} &= \text{НТ} - \text{УЖ} + \text{УТ} \\ \text{ТТ} : \text{НТ} &\times 100\% \end{aligned}$$

Көпшілік жағдайда тұрақты тұрғындар әрқашан да саны бойынша нақты тұрғындардан кем болады.

**Санақ жүргізу тәсілдері.** Статистикалық органдар/қызметтер халық санағының үш тәсілін қолданады:

**1. Сауалнама** – санақ парағын санақ жүргізуші (есепке алушы, тіркеуші) санаққа енгізілуші тұлғамен жеке сұхбат барысында толтырады.

**2. Өзін-өзі санау** – санақ парағын санаққа енгізілушілер өздері толтырады, ал санақ жүргізуші (есепке алушы, тіркеуші) тек оның дұрыс толтырылғандығын тексереді, толтырылмаған немесе анық емес мәліметтерді нақтылайды.

**3. Аралас (сауалнамалық) тәсіл** – сауалнамалар санақ жүргізушілерге жіберіледі, олар оны өздері толтырады да, сосын санақ жүргізу бюроларына немесе статистика қызметіне жолдайды. Толтырылған сауалнамаларды жинақтап біткеннен кейін статистикалық қызмет оларды салыстырып, тұрғындардан сауалнама жүргізу үшін сауалнама алынбаған мекенжайлар бойынша санақ жүргізушілерге жібереді.

**Халық санағы бағдарламасы** – нақты тұжырымдалған сұрақтардың тізімі. Сұрақтар адамдар бірдей мағынада түсінетіндей етіп құрастырылған. Барлық сұрақтар санақ жүргізу мақсатына сәйкес келуі тиіс.

Санақ бағдарламасында төмендегілер қамтылады:

– мекенжай бөлігі (санаққа енгізілушінің аты-жөні және мекенжайы);

– санақ бағдарламасы: а) жеке демографиялық (жынысы, жасы, некелесуі), ә) әлеуметтік-экономикалық (білім деңгейі, мамандығы, қызметі, табыс көзі, әлеуметтік жағдайы), б) этникалық (этникалық тиістілігі, ана тілі, тілді білуі, діни сенімі/конфессиялық тиістілігі) сипаттамалары; в) халықтың ұдайы өсуін зерттеуге қатысты сұрақтар; көші-қон туралы сұрақтар);

– басқа зерттеулерге (мысалы, тұрмыстық жағдайы) қатысты сұрақтар.

Санақ нәтижелері бойынша анықтамалықтар, жинақтар, мақалалар және басқа да статистикалық, аналитикалық және ақпараттық материалдар жарық көреді.



1. 24-бетте берілген Қазақстан Республикасындағы Ұлттық халық санағы бағдарламасымен (санақ қағазымен) танысыңдар. Құжаттың қандай деректері бағдарламаның халық санағы тұжырымдамасына сәйкестігін көрсетеді? Әрбір тұжырым бойынша деректердің мысалын келтіріңдер.



2. Сұрақтардың сипаттамасына қарай Қазақстанда 2009 жылы жүргізілген халық санағының мақсатын айқындаңдар.

3. Қандай тұрғындар санақ алдында – тұрақты немесе нақты? Кез келген жауапты санақ бағдарламасынан алынған деректермен растаңдар.



4. Халық санағының қандай тәсілі қолданылған?

5. Санақ бағдарламасында басқа зерттеулерге қатысты сұрақтар бар ма?



6. Халық санағының мәліметтері негізінде одан әрі әлеуметтік-экономикалық және саяси тұрғыдан дамуы үшін мемлекет қандай шешімдер қабылдауы мүмкін? Өз жауаптарыңды дәлелдермен және фактілермен растаңдар.

**Геосергіту. «Нысанды пайдалану».** Қатысушылар үш-төрт адамнан бірігіп, бірнеше топқа бөлінеді. Командалар бірнеше минут ішінде қандай да бір географиялық нысанның барынша көбірек қолданылу тәсілін ойлап табуы және жазуы қажет. Уақыт аяқталған кезде, командалар өздерінің нұсқаларын оқиды, сосын қайталанған нысанды пайдалану тәсілдерін сызып тастайды. Көбірек ерекше жауаптар берген топ жеңіске жетеді.

санақ байлығы нөмірі	нұсқаулық тепкінің нөмірі	санақ тепкінің нөмірі	тайп нөмірі	бланк нөмірі	үй қожалығының реттік нөмірі	үй қожалығының шеңбері реттік нөмірі

**3С САНАҚ ҚАҒАЗЫ**  
(әр тұлғаға бір-бірден)

ҚР Статистика агенттігінің  
2008 ж.  
№ \_\_\_\_\_ бұйрығымен бекітілген



Толтыру үлгісі: **А Б В Г Д Е Ж З И Й К Л М Н О П Р С Т У Ф Х Ц Ч Ш Щ Ғ Ғ Ғ Ғ Ө Ө Ө Ө Я 1 2 3 4 5 6 7 8 9 0**

**1 ТАӨ**

**2 Бірінші жазылған тұлғаға қатысы**

Бірінші жазылған тұлғаға  әйелі/күйеуі

құзылуы  анасы/әкесі

апа/аға  жұбайының ата-анасы

келін/көнегө/күйеу бала  әжесі/атасы

немере  туыстығын басқа дәрежесі

туысқаны емес

**3 Үй қожалығы шеңберінде 2П бланкі бойынша ата-анасының біреуінің №**

**4 Уақытша тұру** уақытша тұрады  уақытша тұрмайды

**5 Жынысы** ер  әйел

**6 Туылған күні (күн-айы-жылы)**

**7 Туылған жері**

А У Д А М Г К Қ Л А Р  
С Б Т Л Ң Ц Ч Ш Щ  
Ғ Ғ Ғ Ғ Ө Ө Ө Ө Я

**8 Азаматтығы**

Қазақстан  азаматтығы жоқ

басқа мемлекеттің  көрсетіңіз

**9 Ұлты** қазақ  орыс

басқа, көрсетіңіз

**10 Діні**

ислам  будда

христиан  көрсетуден бас тартамын

иуда  сенбеймін

басқа, көрсетіңіз

**11 Некеде тұруы (15 жыл және одан жоғары)**

ешқашан некеге тұрмадым  жеріс

некеде тұрмын  ажырасқан

**12 Үй қожалығы шеңберінде 2П бланкі бойынша жұбайының нөмірі**

**13 Бірінші некеге тұрған күні (айы-жылы)**

**14 Сіз оқи және жаза аласыз ба?** иә  жоқ

**15 Білімі**

мектепке дейінгі  бастауыш

негізгі орта  жалпы орта

бастапқы қаосби орта  арнайы орта

аяқталмаған жоғары  жоғары

екі және одан да көп жоғары  ЖОО-дан кейін (аспирантура, магистратура, докторантура)

**16 Ғылыми дәрежесі** ғылым кандидаты

ғылым докторы  PhD доктор

**17 Білім беру мекемелеріне барсыз ба?**

мектепке дейінгі  ЖОО

орта мектеп  ЖОО кейінгі

теориялық және кәсіптік  біліктілікті көтеру курстары

**18 Ана тілі** қазақ  орыс

басқа, көрсетіңіз

**19 Қазақ тілін меңгеру деңгейі** ауызша түсінемін  еркін оқимын  еркін жазамын

**20 Орыс тілін меңгеру деңгейі** ауызша түсінемін  еркін оқимын  еркін жазамын

**21 Ағылшын тілін меңгеру деңгейі** ауызша түсінемін  еркін оқимын  еркін жазамын

**22 Қандай компьютерлік бағдарламаларда жұмыс жасай аласыз? мәтінді теру және редакциялау**

электрондық пошта және галактор

басқа да бағдарламалар

**23 Жұмыс істейсіз бе?** иә  жоқ

**24 Жұмысыңыз қандай? (жұмыстағы жағдайыңыз)**

жағдамалы жұмысы  жұмыс беруші

дербес негізде

жеке қрсалғы шаруашылық (жеке үй-жай)

өндірістік кооператив мүшесі

отбасылық кәсіпорының еңбек-ағы тәленбейтін жұмысшысы  басқа

**25 Сіз жұмыс іздеп жүрсіз бе? (өзгер жұмысыңыз жоқ болса)** иә  жоқ

**26 Алдағы екі апта ішінде жұмысқа кірісуге дайынсыз ба? (өзгер ұсыныс түссөз)** иә  жоқ

**27 Егер жұмысқа кірісе алмасаңыз, себебін көрсетіңіз**

Жұмыс таптым, жауабын күтіп отырмын  Үй шаруашылығын жүргізумен айналысамын

Маусымды бастауан күтудемін  Басқа себеп

**28 Тіршілікке қажетті қаражат көздері**

1) Жағдамалы жұмыстан түсетін табыс

2) Өз бетінде жасаған жұмыстан келетін табыс (жеке қрсалғы шаруашылықтағы жұмыстан басқа)

3) Жеке қрсалғы шаруашылықтағы жұмыс

4) стпендия  5) зейнетақы

6) жәрдемауы

7) Туыстардан немесе жақындардан материалдық көмек

8) Жеке меншік мүліктен түсетін табыс, дивидендтер, сыйақы  8) басқа

**29 Егер бірнеше қаржы көзін көрсеткен болсаңыз, негізгісін № көрсетіңіз**

**30 Табыс алу мерзімділігі** күнделікті  басқа мерзімділік

ай сайын  тұрақты емес

**31 Шамамен ай сайынғы табыс (төңре)**

5000-нан аз  35000 - 50000

5000 - 15000  50000 - 100000

15000 - 25000  100000 - 1 млн.

25000 - 35000  1 млн. және одан көп

**32 Негізгі жұмыс орнының мекенжайы**

А У Д А М Г К Қ Л А Р  
С Б Т Л Ң Ц Ч Ш Щ  
Ғ Ғ Ғ Ғ Ө Ө Ө Ө Я

**33 Жұмысқа/оқуға қалай барсыз?**

жазу  жеке автокөлікпен

қоғамдық көлікпен  басқа жолмен

темір жол көлігімен

**34 Жұмыс/оқу орнына жеткенге дейін жолға қанша уақыт жұмсайсыз (минут)?**

**35 Сіз қандай салда жұмыс істейсіз?**

ауылшаруашылығы  қаржы қызметі

энергосіп  мемл. басқару

құрылыс  сауда

білім беру, денсаулық сақтау  коммуналдық қызмет көрсету

көлік және байланыс  басқа қызмет түрі

**36 Қосымша жұмыс істейсіз бе?** иә  жоқ

**37 Туылғаннан бері осы елді мекенде тұрасыз ба?** иә  жоқ

**38 Алдыңғы тұрған жері**

А У Д А М Г К Қ Л А Р  
С Б Т Л Ң Ц Ч Ш Щ  
Ғ Ғ Ғ Ғ Ө Ө Ө Ө Я

**39 Қазіргі тұрып жатқан жеріңізге көлген күн (осында тұруға қашан кілдіңіз?) (айы-жылы)**

**40 Сіз бір жыл немесе одан көп уақыт басқа мемлекетте тұрдыңыз ба? мемлекет, көрсетіңіз**

**41 Сіз қанша бала тудыңыз? (15 жаспан асқан әйелдер)** иә  жоқ

**42 Олардың нешеуі тірі?**

**43 Бірінші баланың туылған күні (айы-жылы)**

**44 Жоспарланған бала саны (қазіргі бар балаларының саны қосқанда) (15-55 жаспапы әйелдер)**

**45 Жүрген кезде, өстуден, көруден, сөйлеуден қандай да бір қиындық туындай ма?** иә, кейде  иә, жиі  жоқ



**Халық санағының ағымдағы есебі** азаматтық хал және көші-қон қозғалысы актілерінің тіркелуіне негізделеді. Мұндай ақпараттардың негізінде мемлекеттің халық саны, бала туылу, өлім-жітім, некеге отыру және ажырасу көрсеткіштері (халық санағы деректерімен үйлесімде) есептеледі, болашақтағы халық саны мен құрамына болжам жасалады.

Қазіргі кездегі мемлекеттердің көпшілігінде халық саны мен олардың азаматтық халін ағымдағы есепке алуды жергілікті билік органдары жүргізеді. Азаматтық хал қатарына адамның қоғамдағы құқықтық және отбасылық мәртебесі: баланың өмірге келуі, азаматтық кемелділік және заңды жауапкершілік жасына жетуі (жеке куәлік алуы), азаматтардың некеге отыруы немесе ажырасуы, ата-ана атануы, бала асырап алуы, қамқорлыққа алуы, қайтыс болуы сияқты жағдайлар жатады. Қазақстанда мұндай есепке алушылық жергілікті әкімдік жаһындағы арнайы Азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімдеріне (АХАТ бөлімдері) жүктелген. Азаматтар туу, өлу, некеге отыру, некені бұзу, бала асырап алу, қамқорлыққа алу сияқты жағдайларды тіркеп отыруға міндетті. Бұл олардың заңды түрде ресімделуін білдіреді.

Көші-қон қозғалысын полиция, шеғара қызметі, көші-қон полициясы, АХАТ бөлімдері тіркеп отырады. АХАТ және басқа қызметтердің мәліметтері белгіленген формада статистикалық қызметтерге жолданады. Статистика органдары барлық деректерді жалпылап, ағымдағы халық санын **соңғы халық санағының мәліметтері + ағымдағы есептің мәліметтері** формуласы бойынша айқындайды.



АХАТ бөлімдері немесе Ішкі істер министрлігінің органдары берген құжаттарды зерделеңдер (туу туралы куәлік, неке туралы куәлік, жеке куәлік және т.б.) және олар бойынша қандай демографиялық мәліметтерді алуға болатындығын анықтаңдар.

**ГеоDEREK.** Карталар мемлекеттердің нақты өлшемін әрқашан да бере бермейді. Меркатор кескінінде мемлекеттер полюске қаншалықты жақын болса, олар соншалықты үлкен болып көрінеді. Кескін – бұл кез келген қисайған бетті, соның ішінде жер бетін жазықтыққа кескіндеудің математикалық анықталған тәсілі.

### Ойыңды тұжырымда



1. Қандай дереккөздер бойынша халық санын анықтауға болады?
2. Халықты есепке алуды қандай мемлекеттік органдар жүзеге асырады?
3. Халық санағы мен оның ағымдағы есебі өзара қалай байланысқан?
4. Әрбір адам өміріндегі қандай маңызды оқиғалар бойынша халықтың ағымдағы есебі жүзеге асырылады? Осы оқиғаларды тіркеу нәтижесінде қандай құжаттар беріледі?

40–41

## Халықтың ұдайы өсу типі

### Сабақтың мақсаты:

- Халқының ұдайы өсу типі бойынша дүниежүзі елдерін жіктеу.

### Мақсатқа жету үшін төмендегілерді білу қажет:

- Халықтың ұдайы өсуі деген не?
- Негізгі демографиялық құрылым;
- Халықтың ұдайы өсу режимі.

### ХАЛЫҚТЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ


### ХАЛЫҚТЫҢ ҰДАЙЫ ӨСУІ

**Халықтың құрылымы.** Халықтың ұдайы өсуі – бала туылуы және адам өлімі (халықтың шынайы қозғалысы) негізінде ұрпақтардың алмасуы барысында халық саны мен құрылымының тұрақты түрде жаңарып отыруы. Кең мағынасында, шынайы қозғалыс, көші-қон, адамдардың бір әлеуметтік топтан екіншісіне ауысуы негізінде халықтың үнемі жаңарып отыруы алынады.

**Құрылым** – бұл барлық халықтан құрылған адамдардың түрлі топтарының қатынасы (үлесі). Халықтың ұдайы өсуіне тікелей әсер ететін түрлі топтарға адамдарды жіктеуге арналған мынадай белгілер бар (1-сызба):

1-сызба


### Халықтың демографиялық құрылымы



**Халықтың жыныстық құрамы** халықтың құрылымында ерлер мен әйелдердің арақатынасымен анықталады.

**Халықтың жас ерекшеліктеріне қарай құрамы** – бұл халықты жас ерекшеліктері бойынша топқа бөлу, ол бөлінген топтардың санымен және олардың өзара арақатынасымен сипатталады. Демографиялық талдау кезінде көбінесе бес жылмен жас ерекшеліктері топтарына ажыратылады (1–4, 5–9, ... 95–100 жыл), ал әлдеқайда жалпыланған зерттеуде – он жыл мен 10 жылдық аралықпен бөлінеді.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ) төмендегідей жастық кезеңдерге бөлуді қабылдаған:



**Халықтың некелік құрылымы** – бұл халықты некелік жағдайына қарай, әдетте жынысы және жасымен үйлестіре отырып бөлу. **Неке** (жұбайлық) – отбасын құру мақсатында заңда белгіленген тәртіппен тараптардың еркін және толық келісімімен бекітілген, ер мен әйел арасындағы тең құқылы одақ. Демография үшін неке – отбасын құру мен бала туылуының, сонымен қатар туылу мен өлім-жітім үдерістерінің түрткіжайттары.

Халықты некеге қатысты келесі топтарға бөлуге болады:

- некеге ешқашан отырмаған тұлғалар;
- некеге отырған тұлғалар;
- ажырасқандар;
- жесірлер.

**Халықтың отбасылық құрылымы.** Бұл құрылым халықтың неке және отбасы институтына қатысты жағдайы бойынша бөлінуін көрсетеді. **Отбасы** – некеден (жұбайлық өмірден), туыстықтан, жегжаттықтан, асырап алудан шығатын қарым-қатынастармен байланысқан және отбасылық қарым-қатынастарды нығайтуға және дамытуға мүмкіндік туғызуға тартылған тұлғалар ортасы. Отбасы – негізгі демографиялық ұяшық. Ол мынадай демографиялық функцияларды орындайды: 1) бала туылуы және күтімі;

2) отбасы мүшелерінің денсаулығы мен өмір сүру ұзақтығын жақсартуға мүмкіндік туғызатын жағдайлар жасау;

3) өзінің тұрақтылығын қамтамасыз ету (бұл айтарлықтай маңызды функция, өйткені отбасы институтының тұрақтылығы мен қоғамның тұрақтылығы көбінесе өзара шарттасқан). Халықтың ұдайы өсуі толығымен дерлік отбасында жүзеге асады.

Демографияда отбасылар *өлшемі*, *құрылымы* және *типi* бойынша топтарға бөлінеді.

Отбасының **орташа өлшемі** халықтың кейбір топтары үшін отбасымен бірге тұратын адамдардың санын отбасы санына бөлу жолымен анықталады. Отбасының өлшемі оның мүшелерінің санымен айқындалады.

**Балаларының саны** бойынша отбасылар төмендегідей бөлінеді:

- 1–2 балалы отбасы;
- 3–4 балалы отбасы;
- көпбалалы (5 және одан көп балалы) отбасылар.

**Отбасының құрылымы** туыстық дәрежесімен, ұрпақтың болуымен, көшбасшылықтың үлестірілуімен анықталуы мүмкін.

Типі бойынша отбасылар *нуклеарлық, күрделі, толық, толық емес* болып бөлінеді.

*Нуклеарлық отбасылар* – балалары бар, некедегі отбасылар.

*Күрделі отбасы* – бір отбасы басқа туысқан отбасымен (ата-аналарының отбасы, балаларының отбасы немесе ағалары мен апайларының отбасы) бірге тұратын отбасылар.

*Отбасының толықтығы* ерлі-зайыптылар жұбының толық болуына байланысты. Егер ерлі-зайыптылардың біреуі немесе екеуі де жоқ болса (қайтыс болуына, ажырасуына немесе басқа да себептерге байланысты), онда отбасы толық емес болып саналады.

*Діни наным, ұлты, табысы* тәрізді белгілер бала туылуына жаңа әсер береді.

Адамдар өмір сүру барысында басқа құрылымдарға ауысуы мүмкін. Демографиялық құрылымдар ауысу мүмкіндіктері бойынша үш топқа бөлінеді:

- 1) бір топтан екіншісіне ауысу міндетті және еш шарасыз болатын топ, мысалы, бір жас ерекшелігі тобынан екіншісіне ауысу;
- 2) бір топтан екіншісіне ауысу іс жүзінде мүмкін емес немесе айрықша шектелген топтар, мысалы, бір жыныстан немесе ұлттар тобынан басқасына ауысу;
- 3) бір топтан екіншісіне ауысуға мүмкіндік бар топтар, мысалы, табысы, некелік және отбасылық мәртебесі бойынша.



1. 8-сынып оқушысының өз отбасы туралы жазған мазмұндамасын оқып, бір сөйлеммен оның негізгі ойын жеткізіңдер.

### Менің отбасым

Отбасы – бірлесіп күн көретін, туыстық қатынаста тұратын адамдар тобы. Біздің отбасымыз жеті адамнан тұрады. Анамның есімі – Айжан, әкем – Айдар. Менің есімім – Рауан, үйдің үлкенімін, он төрт жастамын. Інім Нұрлан алтыншы сыныпта оқиды, ол он екі жаста, Аслан – екінші сыныптың оқушысы. Қарындасым Ажар балабақшада, күзде бірінші сыныпқа барады. Ата-анам жас әрі әдемі, әкем 38-де, анам 36 жаста. Әкем де, анам да өз отбасыларында жалғыз бала болған. Балаларымыз көп бо-

лады деп шешкендері де сондықтан болар. Сонымен қатар менің отбасымның тарихында тағы бір қызықты оқиға бар: әкемді атам мен әжем балалар үйінен асырап алып, өздерінің туған балаларындай етіп өсірген. Әжеміз, өкінішке орай, өмірде жоқ, ал атамды біз бәріміз жақсы көреміз, ол да бізді өте жақсы көреді. Атамның есімі – Нұрасыл, біз оны «ата», – дейміз. Ал туысқандарымыз бен көршілеріміз: «ақсақал», «Нұреке», – деп атайды. Атамыз 73 жаста.

Біздің анамыз – мейірімді, жұмсақ және қамқор адам. Ол сатушы болып жұмыс істейді. Үйдің барлық тірлігі анамыздың мойнында. Біз анамызды аялауға тырысамыз, оған үй шаруасына көмектесеміз. Әкеміз барлық жағынан сенімді тірек бола алады. Ол үйдегі барлық ерлердің жұмысын жасап үлгереді және бізді үй жанындағы үлкен шаруашылықты жүргізуге үйретеді: бізде бұзаулы сиыр да, қойлар да, тауық та бар. Әкем радиотелефон байланысы саласында электр жабдықтарының маманы болып жұмыс істейді.

Отбасымыз өте тату. Бір-бірімізге барлық жағынан көмектесеміз. Отбасы бұл отбасының барлық мүшелері бірігетін ошақ тәрізді. Көптеген адамдар отбасының ошағын әйел адам сақтауы қажет деп айтады, бірақ олай емес. Ошақтағы отты өшірмеуге барлық отбасы мүшелері атсалысуы қажет. Ер адам отбасын қорғауға, оған қамқор болуға міндетті; ал әйел адам – оған осы істе көмектесуі тиіс; балалар өз ата-аналарын тыңдауы, жақсы оқуы және оларға барлық жағынан көмектесуі қажет. Отбасы бір бүтін болған кезде, үйде де жылулық болады. Ал жалпы адам баласы не үшін өмір сүреді? Жер бетіндегі тіршілікті жалғастыру үшін.

Отбасындағы балалар – үлкен бақыт, ата-анаға көмекші. Отбасы өміріңді толықтырып, бақыт әкеледі. Мен жер бетінде бақытты отбасылардың көп болғанын қалаймын.



2. Отбасы құрамына талдау жасаңдар және жыныс, жас белгілері, неке және отбасына қатысы бойынша, балалардың санына қарай, отбасына типі бойынша құрылымын айқындаңдар.



3. Параграфтағы мәтінде берілген есептеу тәсілдемесі бойынша отбасының орташа өлшемін есептеңдер.



4. Отбасының қандай құндылықтары бұл отбасында адамдардың жаңару үдерісі тұрақты екендігін растауға мүмкіндік береді? Мәтіндегі қандай фактілер мен тұжырымдар оны растайды?

5. Табыс бұл отбасындағы бала туылуының шешуші түрткіжайты болып табыла ма?

6. Отбасының әрбір мүшесі үшін құрылымды, а) шарасыз; ә) мүмкін емес; б) мүмкін болатын ауысуларды айқындаңдар.

**ГЕОСЕРВИС. «Географиялық сыйлық».** Әрбір қатысушы тізбек бойынша сыныптасына «виртуалды сыйлық» – «географиялық нысан» сыйлайды. Сыйлар алдында ол пантомима, дене қимылының көмегімен, немесе негізгі сөздерден басқа сөздерді қолданып, оны сипаттауы тиіс. Сыныптасы ол нысанды тауып, сыйлықты алады.

**Ұдайы өсу режимі.** Халықтың ұдайы өсуінің барлық нақты сандық сипаттамасы *ұдайы өсу режимі* деп аталады.

Ғалымдар ұдайы өсуді үш режимге бөледі: шектелген, қарапайым және кеңейтілген (2-сызба).

2-сызба

### Халықтың ұдайы өсу режимі



1. Әрбір ұдайы өсу режиміне сәйкес келетін балалар санын айқындаңдар. Мәліметтер осы параграфтағы «Отбасының құрылымы» бөлігінде келтірілген.

2. Өз таңдауларың бойынша бір отбасының үш ұрпағын мысалға келтіре отырып, ұдайы өсу режимін анықтаңдар.

**Халықтың ұдайы өсу типі.** Халықтың отбасылық құрылымына байланысты ұдайы өсу режимі ретінде халықтың ұдайы өсуінің үш типі қалыптасқан.

**Халықтың ұдайы өсуінің бірінші типі. «Демографиялық дағдарыс».** Оған бала туылуы мен адам өлімі көрсеткіштерінің аса жоғары болмауы тән. Ол экономикасы дамыған елдерде орын алған, мұнда

егде жастағы және кәрі адамдардың үлесі үнемі өсіп отырады (**ұлттың қартаюы**). Егде жастағы адамдардың жоғары үлесі бала туылу көрсеткішін төмендетеді және адам өлімінің көрсеткішін арттырады.

Ұдайы өсудің бұл типі Еуропа, Солтүстік Америка, Жапония, Аустралия елдерінде, яғни неғұрлым экономикалық тұрғыдан дамыған елдерде таралған. Осылайша, Францияда әрбір мың адамға 13 баланың туылуы, 10 адам өлімі сәйкес келеді, яғни халық санының табиғи өсімі 3-ке тең. Ұлыбританияда әрбір мың тұрғынға 13-тен астам бала туылу мен 11-ден астам адам өлімі сәйкес келеді. Жапонияда 10 адам туылса, 7 адам өлімі орын алады, табиғи өсім 3-ке тең.

Кейбір елдерде бала туылу көрсеткішінің төмендігі соншалық, ол тіптен қайтыс болған адамдардың санын да жаппайды, яғни тұрғындарының саны жыл сайын кемиді. Мұндай құбылыс **өсудің кемуі** деп аталады.

**Өсудің кемуі** – шектелген ұдайы өсудің нәтижесінде тұрғындарының азаюы, халқы санының кемуі (Дания, Швеция, Ұлыбритания, Ресей).

**Бала туылуының төмендеу себептері:** қол еңбегі үлесінің күрт төмендеуі, қалалық өмір сүру салтының таралуы, әйелдер құқығының нығаюы, карьера жасауға ұмтылу, некеге тұру жасының ұлғаюы, бірінші баланы өмірге әкелу жасының ұлғаюы, ұлттың қартаюы, ата-аналарының қартайған шағында балаларынан тәуелсіз болуы.

**Халықтың ұдайы өсуінің екінші типі.** «Демографиялық дүмпу». Халықтың ұдайы өсуінің екінші типі бала туылуының жоғары және өте жоғары көрсеткішімен, адам өлімінің жеткілікті деңгейдегі жоғары көрсеткішімен сипатталады. Ол ең алдымен дамушы елдерге тән (мысалы: Конго, Нигер, Нигерия, Йемен, Ирак, Пәкістан, Бангладеш және басқа).

**Бала туылуының жоғары болу себептері:** ерте жастан некеге отыру, отбасын жоспарлауға, көп балалы болу дәстүріне **тыйым салу**, әйелдердің жоғары тәуелділігі, ауыл тұрғындары санының басым болуы, қол еңбегі үлесінің жоғарылығы, балалардың еңбек етуі, балалар ата-анасы қартайған кезде жалғыз сүйеніші болып табылатындығы.

Екінші және бірінші тип арасында **өтпелі тип** бар. Оған бала туылуының жоғары көрсеткіштерінің біртіндеп төмендеп, адам өлімі көрсеткіштерінің азаюы тән (Грузия, БАӘ, Сауд Арабиясы және басқалары).

Бұл елдер, ең алдымен эпидемиялық аурулармен күресу үшін заманауи медицина жетістіктерін кеңінен пайдалану мүмкіндігіне ие болды. Бұл адам өлімінің күрт төмендеуіне әкелді. Бала туылуы көбінесе, жоғары деңгейде қалды. Алайда уақыт өте келе төмендеп, мемлекет ұдайы өсудің бірінші типіне өтеді.



1. Ұдайы өсудің қандай типіне жататын елдердің есебінен дүниежүзі халқының саны өсетін болады?
2. Халықтың ұдайы өсу типіндегі Қазақстанның орнын анықтаңдар. Параграфтағы мәтін мен әдістемелік нұсқауға сүйене отырып, өз жауаптарыңды аргументтермен және фактілермен дәлелдендер.
3. Бала туылу деңгейінің төмендігі мен адам өлімінің жоғары болуы нәтижесінде табиғи кемудің орын алуына қарамастан АҚШ, Батыс Еуропаның аса дамыған елдеріндегі халық саны азаймайды. Оны қалай түсіндіруге болады?

**Геодерек.** Ұлттық тулардағы ең көп қолданылатын түстер – қызыл, көк және ақ түстер.

### Ойыңды тұжырымда



1. Сауалнама алу тәсілімен өз таңдауларың бойынша үш отбасына зерттеу жүргізіңдер және индукция тәсілімен **халықтың демографиялық құрылымын, отбасы өлшемі мен типін, халықтың ұдайы өсуінің режимі мен типін** анықтаңдар. Зерттеу нәтижелерін графикалық материалдармен толықтырыңдар. Демографиялық ахуалдың себептері мен нәтижелерін түсіндіріңдер. **Сауалнама** – бұл зерттеу нысанының сандық-сапалық сипаттамаларын анықтауға бағытталған, бір ойға біріктірілген сұрақтар жүйесі.

### Ұсынылатын сұрақтар:

1. Сіздің жасыңыз. Сіздің жынысыңыз.
2. Сіз некеде барсыз ба?
3. Сіздің қанша балаңыз бар?
4. Сіздермен қанша отбасы бірге тұрады?
5. Сіздермен бірге тұратын адамдардың туыстық дәрежесін көрсетіңіздер.
6. Олардың жасын, жынысын, некелік мәртебесін, отбасының бар-жоқтығын көрсетіңіз.



## Демографиялық көрсеткіштер және демографиялық жағдайлар

### Сабақтың мақсаты:

- Демографиялық жағдайларға жасалған талдауға сүйеніп, негізгі демографиялық көрсеткіштерді есептеу: халық саны, бала туылу мен адам өлімі коэффициенті, табиғи және механикалық өсім, жалпы өсім, жыныс-жас көрсеткіштері, ұлттық және діни құрамы;
- Елдің демографиялық көрсеткіштерін түсіндіру және график түрінде көрсету.

### Мақсатқа жету үшін төмендегілерді білу қажет:

- Демографиялық жағдай дегеніміз не?
- Демографиялық көрсеткішті қалай есептеуге болады?
- Демографиялық көрсеткішті график түрінде қалай көрсетуге болады?

### ЖАЛПЫ ӨСІМ      ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ПИРАМИДА      БАЛА ТУЫЛУ

**Демографиялық жағдай** – бұл белгілі бір аумақта өткен демографиялық үдерістердің (бала туылуы, өлім-жітім, көші-қон т.б.) кешенді сандық сипаттамасы және сапалық бағалануы; олардың беталысы, белгілі бір кезеңдегі жиынтығы және нәтижесі.

Демографиялық үдерістерге *эндогендік түрткіжайттар* немесе сондағы халықтың сипаттамасы әсер етеді: жыныс-жас құрылымы және ұдайы өсу режимі. Экзогендік түрткіжайттарға әлеуметтік-экономикалық ықпал жатады.

Бала туылуы, адам өлімі, халықтың табиғи өсімі – биологиялық үдерістер. Алайда оларға адам өмірінің әлеуметтік-экономикалық жағдайлары, олардың қоғамдағы және отбасындағы өзара қарым-қатынасы шешуші әсер береді.

Өлім-жітім деңгейі адамның тамақтануы, еңбек пен тұрмыстың санитарлық-гигиеналық жағдайлары, денсаулық сақтау саласының дамуы сияқты жағдайлармен тікелей байланысты.

Бала туылу деңгейі де қоғамның әлеуметтік-экономикалық құрылымына, адамдардың өмір сүру жағдайларына тәуелді. Бұл түрткіжайттар 40–41-параграфтарда қарастырылған.

Халық санының ұдайы өсуіне соғыс та әсер етеді, ол тікелей әскери іс-қимылдардың нәтижесінде, сонымен бірге аштық пен таралған аурулардың, отбасылық байланыстардың үзілуі салдарынан үлкен адам шығыны болады.

Қылмыскерлік, өндірістік жарақаттар, табиғи және техногендік апаттар, жазатайым оқиғалар, қоршаған орта сапасының төмендеуі тәрізді жағымсыз оқиғалар да өлім-жітімнің ұлғаюына алып келеді.



Демографиялық көрсеткіштер мен түрткіжайттардың арасында байланыс орнату үшін бірнеше гипотеза әзірлендер. Ұсынылған құрастырылымдарды пайдалануға болады.

*Егер де халықтың құрылымында үлкен жастағы адамдар саны көбірек болса, онда бала туылуы ..., ал өлім-жітім ...*

*Егер де халықтың құрылымында жастардың үлесі жоғары болса, онда бала туылуы ..., өлім-жітім ...*

*Егер де халықтың құрылымында отбасылылардың үлесі жоғары болса, онда бала туылуы ...*

*Егер де халықтың құрылымында ерлер мен әйелдердің үлесінде күрт сәйкессіздік орын алса, онда ...*

*Егер де халықтың үлкен бөлігінің табысы жоғары болса, онда бала туылуы ..., өлім-жітім ...*

*Егер де халықтың үлкен бөлігінің табысы орташадан төмен болса және ауыр дене еңбегімен айналысатын болса, онда бала туылуы ..., адам өлімі ...*

Барлық демографиялық көрсеткіштер промиллемен өлшенеді, яғни 1 мың адамға шаққандағы көрсеткішпен есептеледі. Промилле (лат. per mille – мыңға) – бір мыңдық үлесі, 1/10 пайыз; ‰-мен белгіленеді; қандай да бір бүтін нәрсенің мыңнан бір үлесінің көлемін көрсету үшін пайдаланылады. Кейде түрлі ақпарат көздерінен пайызбен берілген есептемелерді көруге болады, ол да – дұрыс ақпарат.

**Халықтың табиғи қозғалысы** – бұл бала туылуы мен өлім-жітімнің нәтижесінде орын алатын халық санындағы өзгерістер.

**Бала туылуы** – белгілі бір кезең ішінде 1000 тұрғынға шаққандағы бала туылу саны.

Демографиялық коэффициентті есептеген кезде, бөлшектің бөлімі ретінде барлық тұрақты тұратын халықтың жылдық орташа саны алынады.

*Бала туылу коэффициенті:* 
$$K_{\text{бр}} = \frac{N}{\bar{S}} 1000\text{‰}$$

$N$  – бір жыл ішінде туылғандар саны

$\bar{S}$  – халықтың жылдық орташа саны

**Өлім-жітім** – белгілі бір кезең ішінде 1000 тұрғынға шаққандағы адам өлімі.

**Өлім-жітім коэффициенті**

$$K_{\text{өж}} = \frac{M}{S} 1000\text{‰}$$

$M$  – бір жыл ішінде қайтыс болғандар саны

$S$  – халықтың жылдық орташа саны.

**Халықтың табиғи өсімі (ТӨ)** – бала туылуының өлім-жітімнен артуы, яғни белгілі бір уақыт кезеңіндегі бала туылу саны мен өлім-жітім санының арасындағы айырмашылық; халық санының өсуінің негізі.

Халықтың табиғи өсімі халықтың табиғи өсімінің 1000 тұрғынға шаққандағы коэффициентімен өлшенеді. Ол жағымды да, жағымсыз да болуы мүмкін. Халықтың жағымсыз табиғи өсімі елде бала туылуына қарағанда адам өлімі көбірек екендігін білдіреді (яғни халықтың табиғи кемуі).

**Табиғи өсім коэффициенті:**

$$K_{\text{тө}} = K_{\text{өт}} - K_{\text{өж}}$$

**Халықтың көшіп-қонуы** – адамдардың тұрақты тіршілік ететін орнын ауыстыру мақсатында немесе оқуға не еңбек қызметін жүзеге асыру үшін аумаққа уақытша баруына байланысты бір аймақтан (елден) басқасына қоныс аударуы.

**Ішкі көші-қон** себептері – жұмыс іздеу, тұрмыстық жағдайын жақсарту, өмір сүру деңгейін арттыру және өмір сүру салтын өзгерту. Жұмыс күшінің маусымдық көші-қоны – жұмыс күшінің маусымдық және ауылшаруашылық жұмыстарды орындау үшін ауылдық жерге және ауылдық жерден қалаға уақытша маусымдық орын ауыстыруы айтарлықтай орын алады.

**Халықаралық көші-қон** себептері – дүниежүзінің түрлі елдерінде бірдей жұмыс түріне төленуі мүмкін әртүрлі еңбекақы деңгейлерінің арасындағы айырмашылық. Қазіргі кезеңде жоғары білікті мамандар Шығыс Еуропадан АҚШ-қа, Канада, Батыс Еуропаның бірқатар елдеріне қоныс аударуға тырысады.

Көші-қонға, бір жағынан, соғыс (Ирактан, Босния мен Ауғанстаннан, Сириядан АҚШ-қа, Еуропаға қоныс аудару), саяси қақтығыстар мен табиғи апаттар себепші болады.

**Көші-қонның негізгі заңдары:**

- көші-қон кезінде, көбінесе, жақын жерлерге қоныс аударылады;
- аумақтық орталық қаншалықты ірі болса, ол соншалықты тартымды әсер береді;
- ірі қалалардағы адам санының өсуіне көпшілік жағдайда ондағы табиғи өсім емес, халықтың көші-қоны себепші болады;
- көші-қон көлемі өнеркәсіп пен сауданың, әсіресе, көлік қатынасының дамуына байланысты артады;
- көші-қонның экономикалық себептерін анықтауға болатын себептер.

**Келу коэффициенті** ( $K_{келу}$ ) күнтізбелік жыл ішінде осы аймаққа әрбір 1000 адамға шаққанда орташа есеппен қанша адам келетінін көрсетеді:

$$K_{келу} = \frac{S_{келу}}{s} 1000\%$$

**Кету коэффициенті** ( $K_{кету}$ ) күнтізбелік жыл ішінде осы аймақтан әрбір 1000 адамға шаққанда орташа есеппен қанша адам кеткенін көрсетеді:

$$K_{кету} = \frac{S_{кету}}{s} 1000\%$$

**Көші-қон (механикалық) өсімінің коэффициенті** ( $K_{мех}$ ) бір жыл ішінде аймақ халқының 1000 адамына шаққандағы орташа механикалық өсімінің шамасын сипаттайды:

$$K_{мех} = K_{келу} - K_{кету}$$

**Халықтың жалпы өсімі** – нақты бір аумақтың (мемлекет, аймақ, елді мекен) белгілі бір уақыт аралығының басындағы және соңындағы халық саны арасындағы айырмашылық. Жалпы өсім бала туылуы, өлім-жітім және көші-қон параметрлерінің үйлесіміне, нақтырақ айтқанда туылғандар, қайтыс болғандар, келушілер мен кетушілер санына тәуелді, және де жағымды, нөлдік және жағымсыз болуы мүмкін.



1. Облыстардың бірінің халық саны жыл басында 2690 мың адамды құрады.

Сол жыл ішінде:

бала туылды, мың	қайтыс болды, мың	келді, мың	кетті, мың
35,0	21,5	29,8	22,3

### Анықтаңдар:

- 1.1. Халықтың табиғи қозғалысының – бала туылу, өлім-жітім, табиғи өсім коэффициентін.
- 1.2. Көші-қон коэффициенті: келу, кету, механикалық өсімді.
- 1.3. Халықтың жалпы өсімін.
- 1.4. Жыл соңындағы халықтың жалпы санын.
- 1.5. Облыс халқының қалыптасуындағы табиғи өсім мен көші-қонның ролін көрсетіңдер.


**ГЕОСЕРВИС. «Географиялық сыйлық».** Әрбір қатысушы тізбек бойынша сыныптасына «виртуалды сыйлық» – «географиялық нысан» сыйлайды. Сыйға берер алдында оны пантомиманың көмегімен, ымдап немесе негізгі сипаттаушы сөздерді қолданбай сипаттауы қажет. Сыныптасы нысанды анықтап, сыйлықты алады.

**Демографиялық көрсеткіштердің график түрінде көрсетілуі. Жыныс-жас пирамидасы.** Барлық демографиялық көрсеткіштер түрлі графиктерде, диаграммаларда бейнелене алады. Оны құру әдісімен сендер 7-сыныпта және осы оқулықтың 3-параграфында таныстыңдар.

Алдыңғы параграфта сендер халықтың жыныс-жас құрылымымен таныстыңдар. Оны талдау үшін жыныс-жас пирамидасы деп аталатын графиктік тәсілдердің бірі қолданылады (*1-диаграмма*).

*1-диаграмма*

### Жыныс-жас пирамидасы



Бұл пирамида – екі жақты жолақты диаграмма. Ордината (y) осі бойынша еркін масштабта жас ерекшелігі тобының шәкілі, ал абсцисса (x) осі бойынша халықтың белгілі бір жастағы адамдар саны көрсетіледі. Ер адамдар саны ордината осінің сол жағына, ал әйелдер саны оң жағына жазылады. Әрбір жастық топ көлденең жолақ түрінде көрсетіледі, оның ауданы сәйкесінше – жастағы халық санына теңбе-тең мөлшерде болады.


Ордината осі екі осьтік сызықтар арасына жас ерекшеліктері шәкілін көрсету үшін екіге бөлінеді. Жас пирамидасы жас ерекшеліктері бойынша **бесжылдық** жеке топтарға бөлініп құрылады.

Халықтың кез келген саны өзгермейтін бір шама ретінде алынады, көбінесе 10 000 және әрбір жыныс-жас топтарындағы адам саны халықтың жалпы санына бөлініп, бірнеше нөлі бар бірлік түріндегі жоғарыда көрсетілген көбейткішке көбейтіледі.


Пирамидада ең бастысы – оның өлшемі емес, кескіндемесі. Жыныс-жас пирамида нағыз пирамидаға ұқсас, өйткені жас ұлғайған сайын түрлі жас топтарындағы адам саны да азайып, жолақтар қысқарады. Ұзақ уақыт бойы бала туылуы мен өлім-жітім өзгеріссіз қалатын идеалды халықтың жастық пирамидасы тура сызықты жақтау қабырғалары бар тең бүйірлі үшбұрыш түрінде болады (**2-диаграмма – жастар пирамидасы тәрізді**). Алайда ондай болмайды, өйткені туылғандар мен өлім-жітімнің саны уақыт өте келе өзгереді. Бала туылу санының күрт төмендеуі жастық пирамидада ойық түзеді. Бала туылу санының күрт өсуі пирамидада дөңестік түзеді.

2-диаграмма


### Жыныс-жас пирамидасының типтері



Жастар



Қартайып келе жатқандар



Қарттар



Төменде берілген мәліметтер бойынша жыныс-жас пирамидасын сызыңдар, оған талдау жасаңдар және нәтижесін сыныпта талқылауға ұсыныңдар.

1-кесте

Жасы	Ерлер	Әйелдер
0–5	171 006	172 256
6–10	219 068	240 292
11–15	290 190	285 443
16–20	400 116	357 384
21–25	431 936	395 288
26–30	373 021	336 178
31–35	347 500	323 467
36–40	368 910	355 648
41–45	397 500	363 467
46–50	325 922	289 656
51–55	243 303	208 258
56–60	202 685	189 991
61–65	120 813	110 238
66–70	85 980	74 808
70-тен асқан	51 418	49 319

**ГЕОДЕРЕКТЕР.** Қазақ халқының күнделікті қолданыстағы лексикасында бір нәрсенің жүзден бір және мыңнан бір үлесін білдіретін сөздер, сөз тіркестері мен мақал-мәтелдер бар. Мысалы: «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар».

### Ойыңды тұжырымда



1. Тақырыптың мазмұнын интеллект-картада көрсетіндер және оны түсіндіріңдер.
2. Microsoft Excel бағдарламасында берілген формула бойынша демографиялық көрсеткіштерді автоматты түрде есептеу тәсілін ұсыныңдар. Параграфтың сәйкесінше тапсырмасында берілген мәліметтерді пайдаланыңдар.
3. Microsoft Excel бағдарламасында берілген көрсеткіштер бойынша автоматты түрде жыныс-жас пирамидасын сызу тәсілін ұсыныңдар. Параграфтың сәйкесінше тапсырмасында берілген мәліметтерді пайдаланыңдар.
4. 2-кестеде берілген мәліметтер бойынша Microsoft Excel бағдарламасында адамзат баласының барлық даму кезеңінде Жер бетіндегі халық саны өзгерісінің графигін құрастырыңдар және күрт өзгеруінің себептерін түсіндіріңдер.

2-кесте


Жылы	Жалпы (мың)	Жылы	Жалпы (мың)
б. э. дейінгі 8000	5 000	1960	3 021 475
б. э. дейінгі 4000	7 000	1965	3 334 874
б. э. дейінгі 1000	50 000	1970	3 692 492
б. э. дейінгі 500	100 000	1975	4 068 109
б. э. 1	300 000	1980	4 434 682
1000	400 000	1985	4 830 979
1750	791 000	1990	5 263 593
1800	1 000 000	1995	5 674 380
1850	1 262 000	2000	6 070 581
1900	1 650 000	2005	6 343 628
1950	2 518 629	2013	7 162 119
1955	2 755 823	2030 (болжам)	8 551 000

5. Қазақстан Республикасы халқының жыныс-жас пирамидасына талдау жасаңдар (3-диаграмма) және 2-диаграммамен үйлестіктегі халық типін айқындандар.

*3-диаграмма*

### Халықтың жыныс-жас пирамидасы

2017 жыл басына, пайызбен





## Демографиялық мәселелер

### Сабақтың мақсаты:

- Демографиялық мәселелері бойынша дүниежүзі елдерін жіктеу.

### Мақсатқа жету үшін төмендегілерді білу қажет:

- Демографиялық көрсеткіштерді бағалау шәкілі;
- Негізгі демографиялық мәселелер;
- Демографиялық мәселелері ұқсас мемлекеттер топтары.

**ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДҮМПУ      ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР**  
**ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАҒДАРЫС      ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРДІ**  
**БАҒАЛАУ ШӘКІЛІ**

**Демографиялық көрсеткіштерді бағалау.** Демографиялық мәселелердің бар-жоғын анықтау үшін демографиялық көрсеткіштерді бағалау қажет. Ғалымдар бала туылуын, өлім-жітімді, табиғи өсімді, қартаюды бағалау шәкілін әзірледі (*сәйкесінше 3, 4, 5, 6-кестелер*).

3-кесте

### Бала туылуының жалпы деңгейін бағалау шәкілі

Бала туылуының жалпы коэффициенті, ‰	Бала туылу деңгейінің сипаттамасы
16-ға дейін	төмен
16–24	орташа
25–29	ортадан жоғары
30–39	жоғары
40 және одан көп	өте жоғары

4-кесте

### Өлім-жітімнің жалпы деңгейін бағалау шәкілі

Өлім-жітімнің жалпы деңгейін бағалау сызбасы	
Өлім-жітімнің жалпы коэффициенті, ‰	Өлім-жітім деңгейі
7-ге дейін	өте төмен
7–10	төмен
11–15	орташа
16–20	жоғары
21-ден көп	өте жоғары

5-кесте

### Халықтың табиғи өсімінің/табиғи кемуінің жалпы деңгейін бағалау шәкілі

Табиғи өсімнің жалпы коэффициенті, %	Деңгейдің бағалануы	Табиғи кемудің жалпы коэффициенті, %
+ 2,0-ге дейін	өте төмен	-3,0-ке дейін
2,0–3,9	төмен	(-3,0)–(-5,9)
4,0–6,9	орташа	(-6,0)–(-8,9)
7,0–9,9	жоғары	(-9,0)–(-11,9)
+10 және одан жоғары	өте жоғары	-12 және одан төмен

6-кесте

### Демографиялық қартаюды бағалау шәкілі (БҮҮ)

Кезең	65 және одан үлкен жастағы адамдар үлесі, %	Халықтың қартаю және қарттық деңгейінің кезеңдері
1	<4	Жастар
2	4-7	Қартаю алдындағы адамдар
3	>7	Қарттар



Бала туылуының, өлім-жітімнің, табиғи өсім мен демографиялық қартаюдың жалпы деңгейін бағалау шәкілі бойынша есептеу негізінде (қажеттілік бойынша) Қазақстан мен Эстония халқының демографиялық көрсеткіштерін бағалаңдар. Тұжырым жасаңдар.

**Қазақстан.** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің мәліметтері бойынша, 2017 жылдың 1 тамызында халық саны 18054,0 мың адамды құрады. Бала туылуының жалпы коэффициенті 1000 адамға шаққанда 21,27 бала туылуын құрады. Өлім-жітімнің жалпы коэффициенті 1000 адамға шаққанда 7,38 өлім-жітімді құрады. 1000 тұрғынға шаққандағы табиғи өсім – 13,89 адам. 2017 жылғы жағдай бойынша Қазақстан халқы жас ерекшеліктері бойынша төмендегідей бөлінді: 15 жастан кіші – 21,6%, 15-тен 65 жасқа дейін – 71%, 65 жастан үлкен – 7,4%.

**Эстония.** Эстония демографиялық қызметінің болжамдарына сәйкес, елдің 2017 жылғы халық саны бойынша көрсеткіші мынадай болды: халықтың жалпы саны – 1300935 адам, туылғаны – 14 мың адамнан сәл көбірек; қайтыс болғаны (–15.5 мыңнан астам); табиғи өсім 1,5 мың адамды құрайды. Жас құрылымы мынадай: 15 жастан кіші – 15,1%; 15-тен 65 жасқа дейін – 67%-дан жоғары; 65 жастан үлкен – 18%-ға дерлік.

### Демографиялық мәселе

**Мәселе** – мұқият зерттеуді және шешуді талап ететін қиын жағдай. Шешілмеген мәселелер қалыпты тіршілік ету және даму үдерісіне кедергі келтіруі мүмкін.

**Демографиялық мәселе** – халық санының күрт өзгеруі.

Демографиялық мәселе екі бөліктен тұрады:

- халықтың жылдам және баяу бақыланатын өсімі, дамушы елдердің аумағындағы халықтың көптігі (**демографиялық дүмпу**);
- дамыған елдер мен ауыспалы экономикасы бар көптеген елдер халқының қартаюуы мен санының кемуі (**демографиялық дағдарыс**).



1. Неліктен демографиялық мәселелер туындауының негізгі сипаттамасы «күрт» сөзі болып табылады?

2. Тұрғындар санының біртіндеп өзгеруі (кемуі мен өсуі) демографиялық проблемаға соқтыра ма?



3. Сен тұратын жерде тұрғындар санының күрт өсуі немесе кемуі орын алды ма? Оның салдары қандай болды?

**Демографиялық дағдарыс** – халық құрылымындағы жағымсыз сандық және сапалық өзгерістермен байланысты жағдай. Сандық өзгерістер – бұл халық санының *өсуінің кемуі, табиғи күрт кемуі*. Сандық өзгерістерге халық *денсаулығының нашарлауы* да жатады. Бұл осы халықтың жоғалып кетуіне әкелуі мүмкін.

Демографиялық дағдарыс қарапайым және шектелген режимі бар халықтың ұдайы өсуі бірінші типті елдерде байқалады.

АҚШ-та, Канадада, Аустралияда халықтың табиғи өсімі 5–10‰-ге тең және ол азғантай болса да, халықтың белгілі бір өсімін қамтамасыз етеді.

Италияда, Ұлыбританияда, Польшада халықтың табиғи өсімі нөлге қарыштай жақындап келеді. Бірақ әзірге бала туылу деңгейі қайтыс болған адамдар санының орнын толтырып келеді.

Елдердің үшінші тобы да жеке бөлініп шығады, мұнда өлім-жітім саны бала туылу санынан асып түседі және халық саны төмендейді (**7-кесте**).

**Еуропа елдеріндегі халық санының табиғи өсімдері, 2015 ж.**  
(демографиялық порталдың деректері бойынша)

Елдер	Табиғи өсім, ‰	Елдер	Табиғи өсім, ‰
Болгария	-6,2	Германия	-2,3
Сербия	-5,4	Португалия	-2,2
Украина	-4,5	Босния және Герцеговина	-1,2
Венгрия	-4,0	Эстония	-1,0
Хорватия	-4,0	Польша	-0,7
Румыния	-3,8	Молдова	-0,4
Литва	-3,5	Беларусь	-0,1
Латвия	-3,3	Испания	-0,1
Италия	-2,7	Чехия	0,0
Грекия	-2,7	Ресей	0,3



1. Неліктен осы елдерде демографиялық дағдарыс басталғанын пайымдап көріңдер.
2. Демографиялық дағдарыстың салдарына болжам жасаңдар, өз болжамыңды дәлелдермен және фактілермен растаңдар.

**ГЕОСЕРГИТУ.** Картада бейнеленген бір географиялық құбылыс, нысан не үдерісті «тірі» диаграмма не динамика түрінде көрсетіңдер. Бірақ графиктеріңде диаграмма бағандарының орнында сыныптастарың болады. Көрсетілетін құбылыс, нысан не үдерісті арту не кему қағидасына қарай немесе мәндердің өсу немесе кему динамикасы түрінде жасауға болады. Басты шарт – деректерің сенімді, сыныптастарыңа деген командаларың мен салыстыруларың дұрыс, тізбек жылдам болуы тиіс. Графиктеріңдегі жетпейтін элементтерді түрлі материалдан алдын ала дайындай аласыңдар, мысалы, цифрларды қию, карта кескінін бормен сызу, қағаз таспасы бетінде арақашықтық салу т.б.

**Демографиялық дүмпу.** «Демографиялық дүмпу» халқының ұдайы өсуі екінші типке жататын елдерде байқалады. Онда бала туу мен табиғи өсім көрсеткіштері жоғары және өте жоғары. Сондай-ақ оған қатысты өлім-жітім көрсеткіші төмен болады. Ол дамушы елдерге тән (8-кесте). Олардың көпшілігі ХХ ғасырда медицинаның жетістіктерін, әсіресе түрлі аурулар мен індеттердің алдын алуда кеңінен қолдануға мүмкіндік алды. Бұл елдердің экономикалық және әлеуметтік-мәдени дамуындағы белгілі бір жетістіктері өлім-жітімді төмендетуге жағымды әсер етті. Нәтижесінде өте қысқа мерзім ішінде өлім-жітім, шама-

мен, екі есе азайды. Адамзат тарихында адам өлімінің қысқа мерзім ішінде осыншалықты азаюы бұрындары болмаған. Алайда бала туу бұл елдерде жоғары және тіптен өте жоғары деңгейде сақталуда. Бала туу мен өлім-жітімнің өзгеруі кезіндегі бұл сәйкессіздік дүниежүзінің көптеген елдерінде бұрын болмаған демографиялық дүмпудің орын алуына әкелді.

Бұл елдерде, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын айтарлықтай басып озған адам санының жылдам өсуі байқалады. Соның нәтижесінде жұмыссыздық күшейіп, азық-түлік пен басқа да ресурстардың жетіспеуі, адамдардың тығыз қоныстануы, сонымен бірге қылмыс көбейді. Африка мен Таяу Шығыс елдерінде жағдайды жергілікті соғыс пен қақтығыстар нашарлатып отыр. Соның салдарынан экономикалық тұрғыдан қолайлы елдерге келуші босқындар мен қоныс аударушылар ағыны көбеюде.

8-кесте

### 2016 ж. халықтың табиғи өсімі ең жоғары елдер

(The World Factbook мәліметтері бойынша)

Елдер	Табиғи өсім, ‰	Елдер	Табиғи өсім, ‰
Малави	33,2	Танзания	28,2
Уганда	33,0	Шығыс Тимор	27,8
Бурунди	32,7	Бенин	27,5
Нигер	32,7	Ангола	27,3
Мали	31,8	Ирак	27,1
Буркина-Фасо	30,1	Сомали	26,7
Замбия	29,4	Того	26,6
Газа Секторы (Палестина)	29,1	Мозамбик	26,4
Эфиопия	29,0	Сан-Томе және Принсипи	26,3
Оңтүстік Судан	28,2	Гвинея	26,2

Көптеген елдерде демографиялық дүмпу шегінен асып кеткенін, алайда халық арасында әлі де «инерция» бойынша бала туудың жоғары деңгейі сақталуда екендігін атап өту керек.



Табиғи өсімі ең жоғары елдер жер шарының қай аймақтарында орналасқан?

**Геодерек.** Ұлты қазақ азаматтар кейбір елдерде белсенді түрде саясатпен айналысады. Стехликова Джамия – чехиялық саяси қайраткер және врач-психиатр. 2007 жылдың 9 қаңтары мен 2009 жылдың 23 қаңтары аралығында Чехия үкіметінің Адам құқықтары мен аз ұлттар ісі жөнінде министрі және Адамдар құқығы жөнінде кеңестің төрайымы болған.

### Ойыңды тұжырымда



Оқып үйренген бағалау шәкілі мен қосымша дереккөздердің негізінде, кескін картада демографиялық дағдарыс пен демографиялық дүмпу көрініс берген елдерді белгілеңдер. Картаны қосымша сипаттама элементтерімен: елдердің типіне тән түсіндірме мәтіндермен, диаграммалармен, графиктермен, фотосуреттермен, демографиялық пирамида кескіндемесімен және басқа да материалдармен толықтырыңдар. Өз жұмыстарыңды бүкіл сыныпқа талқылауға ұсыныңдар.



## Демографиялық саясат

### Сабақтың мақсаты:

- «Демографиялық саясат» түсінігін түсіндіру негізінде жекелеген елдердің демографиялық саясатының өзіндік моделін ұсыну.

### Мақсатқа жету үшін төмендегілерді білу қажет:

- Демографиялық саясат дегеніміз не?
- Дүниежүзі елдерінде демографиялық көрсеткіштерге әсер ету бойынша қолданылатын іс-шаралар;
- Демографиялық саясаттың нұсқалары;
- Демографиялық саясаттың құжат ретіндегі құрылымы.

### ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ШЕКТЕУЛІК ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ САЯСАТ ШАРАЛАРЫ

### ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ САЯСАТ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ҰНТАЛАНДЫРУ

**Демографиялық саясат** – экономикалық, әкімшілік, насихаттық іс-шаралар кешені, олардың көмегімен мемлекет өзі қалаған бағытта тұрғындар санының өсуіне, құрылымына, қоныстануы мен сапасына әсер етеді.

Ол екі бағытқа бөлінеді:

1) халықтың шынайы қозғалысының, өткен буын өкілдерінің жаңа буын өкілдерімен шынайы алмасуының сипатына, яғни бала туылуына, адам өліміне, халықтың некелілігіне, жас-жыныстық құрылымына әсері.

2) қоныс аударуға, адамдардың тығыздығына әсері.

**Демографиялық саясаттың түрлі нұсқалары бар.** Халықтың ұдайы өсуіне қатысты кейбір елдер оны алмастырғысы келсе, енді бір елдер – қалыптасқан режимді сақтап қалғысы келеді.

Қажетті халық санына қатысты бірқатар елдер өз тұрғындарының санын арттыруға ұмтылады. Басқа елдердің демографиялық саясаты халқының санын азайтуға ұмтылады.

Кейбір елдер *демографиялық үдерістердің* бірін (мысалы, бала туылуын), енді бірі бірнешеуін реттеуге тырысады.

Кейбір елдер *көші-қон ағынын* ынталандырады, ал басқалары көші-қонды шектейді. Жекелеген елдер өздерінің демографиялық саясатында көші-қон мәселесін мүлде қозғамайды.

Халық санының **ұдайы өсуі бірінші типті** елдерде бала туылуын арттыру мен халық санының табиғи өсуіне (*ынталандыру*) бағытталған демографиялық саясат басым болады. Белсенді демографиялық саясат жүргізіп отырған елдерге Франция немесе Жапония мысал бола алады.

Халық санының **ұдайы өсуі екінші типті** елдердің көпшілігінде бала туылуы мен халқының табиғи өсуін төмендетуге (**шектеулі демографиялық саясат**) бағытталған демографиялық саясат жүзеге асырыла бастады. Мұндай саясат жүргізуге Қытай мен Үндістан көп күш салып отыр. Көптеген мұсылман араб елдері, әсіресе Оңтүстік-Батыс Азияда, діни түсінік бойынша «отбасын жоспарлаудағы» кез келген іс-шараларды мүлде қабылдамайды. Тропиктік Африканың нашар дамыған елдері де ешқандай демографиялық саясат жүргізбейді.



Мемлекеттер неге демографиялық саясат жүргізуге ұмтылады? Оларға неліктен өз халқының сандық және сапалық демографиялық көрсеткіштері маңызды? Неліктен көптеген елдер ағымдағы демографиялық жағдайды «бар күйінде» қалдыра алмайды?

**Демографиялық саясат шаралары.** Демографиялық саясаттың іс-шаралары ынталандыру ретінде немесе шектеу ретінде жүргізілуі мүмкін. Олардың міндеті – азаматтардың демографиялық беталысын өзгерту. Осыған орай мемлекет кімнің тәртібі демографиялық саясатқа сәйкес келеді, соған артықшылықтар жасайды. Кімнің іс-әрекеті саясаттың мақсатына сәйкес келмесе, оларға кедергілер қойылады. Әлдеқайда танымал іс-шараларға мыналар жатады:

✓ **экономикалық іс-шаралар:**

- ақылы еңбек демалыстары;
- бала туылған кездегі түрлі жәрдемақылар, көбінесе балалардың санына байланысты;
- мақсатындағы көмек қарыз, несие, салықтық және тұрмыстық жеңілдіктер – бала туылуын арттыру;
- мақсатындағы бала саны аз отбасылар үшін артықшылықтар – бала туылуын азайту.

✓ **әкімшілік-құқықтық іс-шаралар:**

- некеге тұру жасын, ажырасуды, жасанды түсік жасату мен контрацепцияны, неке бұзылған жағдайдағы ана мен баланың мүліктік жағдайын, жұмыс істейтін әйелдердің еңбек режимін реттейтін заңнамалық актілер.

✓ **тәрбиелік және үгіт-насихат жүргізу іс-шаралары:**

- демографиялық беталыс жөнінде қоғамдық пікір, нормалар мен стандарттар қалыптастыру;
- діни нормаларға, әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерге қатынасын анықтау;
- отбасын жоспарлау саясаты;
- жастардың жыныстық сауаты;
- жыныстық қарым-қатынас мәселесі бойынша жариялылық.

Франция мен Жапонияда мынадай ынталандырушы экономикалық шаралар әзірленген:



- а) жаңадан үйленгендерге бір реттік көмек қарыз;
- ә) әр бала туылған сайын берілетін жәрдемақы;
- б) балаларға арналған ай сайын төленетін жәрдемақылар;
- в) ақылы демалыстар және т.б.

Халық санының ұдайы өсуіне байланысты Үндістан мен Қытайдың демографиялық саясаты бала туылуын төмендетуге бағытталған.

Үндістанда:

- а) отбасын жоспарлаудың ұлттық бағдарламасы қабылданған;
- ә) некеге отыру жасы ұлғайтылды: ерлер – 21 жаста, әйелдер – 18 жаста;

б) халықты жаппай ерікті түрде ұрықсыздандыру жүргізіледі;

в) «Біз екеуміз – бізге екеу» саяси ұран ретінде қабылданған.

Қытайда:

а) бала туылуын жоспарлау жөніндегі комитет құрылған;

ә) некеге тұру үшін кешеуілдетілген жас белгіленген: ерлер – 22 жас, әйелдер – 20 жас;

б) отбасында бір бала ғана болса, мемлекет ай сайын қосымша ақша төлейді;

в) «Бір отбасы – бір бала» саяси ұран (2014 жылға дейін) ретінде қабылданған.

Екі елде де демографиялық саясат нормаларының бұзылуы айып-пұл төлеу, мемлекеттік қызмет түрлерін алу құқығынан айыру тәрізді жазалардың қолданылуына әкеліп соқтырады.



Сендер қандай экономикалық, әкімшілік-құқықтық, тәрбиелік-насихат іс-шараларымен тікелей немесе жанама түрде таныссыңдар?



Осы туралы толығырақ айтыңдар.

**ГЕОСЕРГІТУ. «Төрт табиғи күш».** Жүргізуші кез келген қатысушыға доп лақтырып, келесі атаулардың бірін айтады: жер, ауа, су немесе от. Допты алған ойыншы аталған сөзге қатысты кез келген нысанды, құбылысты немесе үдерісті атап, допты келесі қатысушыға лақтыруы тиіс. Айтылған сөздерді қайталауға болмайды. Қателескен ойыншы ойыннан шығады.

**Демографиялық саясаттың құрылымы.** Демографиялық саясат құжат ретінде *міндетінен, мақсатынан, ағымдағы демографиялық жағдайдың талдауынан, демографиялық көрсеткіштерге әсер етуші іс-шаралардан, іс-шаралар жоспарынан* тұрады.

**Мақсатында** мемлекеттің қандай демографиялық көрсеткішке қол жеткізгісі келетіні анықталады. Ол көбінесе, жалпыланған сөздер арқылы бір сөйлеммен құрылады. Мысалы, «халық санының табиғи өсу қарқынын арттыру – оның өсуіне жағдай туғызу, сонымен қатар өмір сүру сапасын арттыру және күтілген өмір сүру ұзақтығын ұлғайту».

**Міндеттері** – бұл әрбір демографиялық көрсеткіш бойынша нақты қалаулы көрсеткіштерді белгілеу, мысалы, «бала туылуы 24‰-дан төмен болмауын, өлім-жітімнің «7‰-ға дейін» төмендеуін қамтамасыз ету.

**Ағымдағы жағдайға талдау** – бұл дәл қазіргі сәттегі демографиялық коэффициенттерді есептеу, оларды бағалау шәкілдерімен салыстыру, туындаған қиындықтарды анықтау. Мысалы, «өлім-жітімнің жалпы коэффициенті 1000 адамға қайтыс болғандардың 7,38-ін құрады және төмен көрсеткіш ретінде сипатталады. Бірақ осы көрсеткішті «өте төмен көрсеткішке дейін», яғни «7‰-ға дейін» төмендетуге мүмкіндіктер бар.

Демографиялық көрсеткіштерге **әсер ету іс-шараларында** халық санының ұдайы өсуіне әсер ететін мемлекеттің іс-әрекеттері қалыптасады, мысалы, «екінші және одан көп бала туылуы бойынша жәрдем-ақы мөлшерін арттыру жолымен екінші және одан кейінгі балалардың туылуын ынталандыру».

**Іс-шаралар жоспарында** олардың реттілігі мен орындалу мерзімі анықталады, мысалы, халық санын 2017 жылдағы 17 962 170 адамға қарағанда, 2020 жылға қарай 18 596 568 адамға жеткізу керек.



1. Мәтінде мысал ретінде келтірілген жағдай халық санының ұдайы өсуінің қандай типіндегі елдер үшін маңызды? Алдағы өткен параграф материалдары бойынша мемлекетті анықтаңдар.
2. Бұл мысалдар қандай демографиялық сипаттамаларды өзгертуге бағытталған?
3. Келтірілген мысалдарға сүйене отырып, бұл елдер қандай іс-шаралар қабылдауға ниетті?

**ГЕОДЕРЕК.** Еуропа футбол қауымдастығы одағы (Union of European Football Associations, қысқартқанда UEFA / УЕФА) – Еуропадағы футболды басқарып отырған спорт ұйымы. Оған бірқатар Азия елдері, Еуропада орналасқан елдердің кейбіреуі – Қазақстан, Түркия және Әзірбайжан кіреді.

### Ойыңды тұжырымда



1. Сұхбат алу арқылы екі буын өкілдерінен олардың демографиялық беталысына әсер еткен экономикалық, әкімшілік-құқықтық, тәрбиелік және үгіт-насихат тәсілдері жайында біл. Жалпы қорытынды жаса.
2. Демографиялық жағдайы 44–45-параграфтарда сипатталған Қазақстан мен Эстония үшін демографиялық саясаттың өзіндік моделін әзірлеңдер. Өз таңдауларың бойынша үшінші бір елді өз беттеріңмен зерттеңдер. Өз сөйлемдеріңді олардың мақсатын, міндетін, ағымдағы жағдайдың талдауын, ұсынылған шаралар мен атқарылатын іс-шаралар жоспарын анықтай отырып ресімдеңдер. Нәтижесін сынып алдында талқылауға ұсыныңдар.

## № 8 тәжірибелік жұмыс



Қазақстандағы демографиялық жағдайдың жекелеген көрсеткіштерін (өз таңдауың бойынша): халық санын, бала туылуы, өлім-жітім, табиғи өсім, күтілген өмір сүру ұзақтығы және бөлімнің мазмұнында көрсетілген басқа да көрсеткіштердің алшақтығына талдау (GAP-Analysis) жасаңдар.

**Gap** ағылшын тілінен аударғанда **алшақтық** дегенді білдіреді. Мұндай талдау көрсеткіштің нақты мәні мен қалаулы мәні арасындағы алшақтықты анықтауға бағытталған. Алшақтық талдауының көмегімен 8-сыныпқа арналған география оқулығының бағдарламасы шеңберінде кез келген тақырып бойынша кез келген статистикалық мәліметті қарастыруға болады.

Халық санын талдау кезінде 2030 жылға қарай Қазақстан халқының санын 25 миллион адамға жеткізудің мақсатын жазыңдар. Оны ағымдағы халық санымен салыстырыңдар. Олардың арасындағы алшақтықты анықтаңдар. Алшақтықтың қандай зардаптары болуы мүмкін? Мысалы, еңбек ресурстарының жетіспеушілігі, оны тұрғындардың этникалық құрамын өзгертуге әкелетін еңбек мигранттарының есебінен толтыру. Алшақтықтың себебі неде? Мүмкін ол, бала туылу қарқынының төмендігі немесе өлім-жітімнің артуы немесе көшіп-қону салдарынан халық санының кемуі болар. Қандай іс-шаралар мақсатқа қол жеткізуге және себебін жоюға көмектеседі? Мысалы, бала туылуын материалдық тұрғыдан ынталандыру, салауатты өмір салтын насихаттау, елге бұрынғы отандастарды тарту және т.б.

Қазақстан әлемнің неғұрлым дамыған 30 елінің клубына кіруге ұмтылуда. Демографиялық сипаттамаларды талдау кезінде сол параметр бойынша демографиялық рейтингіде 30-орында тұрған елдердің көрсеткіштерін мақсат етіп алуға болады.

Мысалы, АҚШ орташа өмір сүру ұзақтығы жоғары (78 жас) елдердің тізімінде 30-орында тұр. Қазақстан 124-орында (67 жас). Орындардағы алшақтық – 94 орын, өмір сүру ұзақтығында – 11 жыл айырмашылық бар.

Демографиялық көрсеткіштердің деңгейін анықтау кезінде 44–45-параграфтарда келтірілген бағалау шәкілдерін пайдаланыңдар.

Талдау нәтижелерін кесте түрінде жазыңдар. Қажет болған жағдайда кестеге жаңа жол қосып отырыңдар.

Мақсаты	Нақты жағдайы	Алшақтығы	Алшақтық салдары	Алшақтық себептері	Алшақтықты жою бойынша жүргізілетін шаралар

Алдыңғы кестенің соңғы бағанын жеке «Іс-шаралар жоспары» кестесінде көрсетіңдер.

№	Іс-шара	Мерзімі	Ресурстары (іс-шараны жүзеге асыруға қажетті)	Жауапты (осы іс-шараны жүзеге асыруға жауапты тұлғалар)



Екі кестедегі мәліметтерді көлемі 200–250 сөзден тұратын бір мәтінге айналдырыңдар.



## 4.1-бөлімге шолу

### 4.1-бөлім. «Халық географиясы» сабақтары бойынша Сендер білесіңдер:

Мемлекет халық санын есепке алуды келесі негізде жүргізеді:

1) санақ және 2) мемлекеттік органдардың берген есебі.

**Халық санының ұдайы өсуі** – бала туылу және өлім-жітім негізінде халық саны мен құрылымының тұрақты түрде жаңарып отыруы.

**Құрылым** – бұл жас ерекшелігі, жынысы, некеге қатыстылығы, отбасылық мәртебесі бойынша бөлінген адамдардың түрлі топтарының арақатынасы (үлесі).

Халық санының ұдайы өсуінің сандық сипаттамасы **ұдайы өсу режимі** деп аталады. Халықтың шектелген, қарапайым және кеңейтілген ұдайы өсіп-өнуі режимдері бар.

Халық санының **ұдайы өсуінің бірінші типіне** бала туылу мен өлім-жітімнің төменгі көрсеткіштері тән. Ал халық санының **ұдайы өсуінің екінші типіне** бала туылу мен өлім-жітімнің жоғары көрсеткіштері тән.

Белгілі бір аумақта өтетін демографиялық үдерістердің кешенді сандық сипаты мен сапалық бағалануы **демографиялық жағдай** деп аталады.

Әрбір демографиялық көрсеткіш бойынша **бағалау шәкілдері** әзірленген, ол бойынша қалыптасқан демографиялық қиындықтарды байқауға болады. Дамыған елдерге **«демографиялық дағдарысы**, дамушы елдерге – **«демографиялық дүмпу»** тән.

Мемлекет өзі қалаған бағытта демографиялық үдерістерге әсер ете алатын іс-шаралар кешені **демографиялық саясат** деп аталады. Халық санының **ұдайы өсуінің бірінші типіне жататын** елдер ынталандыру, ал екінші типіне жататын елдер – шектеу саясатын жүргізеді.

#### Қолдарыңнан келеді:

- Мақсатын, халық санағы бағдарламасын, азаматтық хал-ахуал актілерін тіркеу туралы құжаттарды талдау, олар арқылы демографиялық мәліметтерді анықтау;
- Мәтіндерді талдау және одан зерттеу тақырыбы бойынша ақпараттар алу, кестені мәтінге және мәтінді кестеге айналдыру;
- Демографиялық беталысты және мәселелерді анықтау, зерттеу тақырыбы бойынша сауалнама және сұхбат жүргізу, бала туылу, өлім-жітім, табиғи өсім, көші-қон, халықтың механикалық және жалпы өсімі коэффициенттерін есептеу, жыныс-жас пирамидасын құру;
- Бағалау шәкілдері бойынша демографиялық көрсеткіштерін бағалау және мәселелерді анықтау, демографиялық мәселелерді шешу жолдарын ұсыну;
- Дүниежүзі елдерін демографиялық мәселелері бойынша жіктеу, тақырыптық карта-сызбалар әзірлеу;
- Алшақтық талдауын жүргізу.

## ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГЕОГРАФИЯ

### 5.1. Табиғи ресурстар

49–50

#### Табиғат ресурстарын экономикалық және экологиялық бағалау

##### Сабақтың мақсаты:

- Табиғат ресурстарына экономикалық және экологиялық бағалау жүргізу.

##### Мақсатқа жету үшін төмендегілерді білу қажет:

- Ресурстарды экономикалық бағалау деген не?
- Ресурстарды экологиялық бағалау деген не?
- Ресурстар қалай бағаланады?

#### РЕСУРСТАРДЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАҒАЛАУ ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ БАҒАЛАУ ТӘСІЛДЕРІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАҒАЛАУ ТАБИҒАТ ҚОРҒАУ ІС-ШАРАЛАРЫ

##### Табиғат ресурстарын экономикалық бағалау.

7-сыныпта «табиғат ресурстары» деген түсінікпен, табиғи байлықтардың жіктелуімен, ресурстармен қамту деңгейін есептеу тәсілдерімен таныстыңдар. 8-сыныпта сендер табиғи ресурстарды бағалау тәсілдерін зерттеуді жалғастырасыңдар.

**Табиғат ресурстарын экономикалық бағалау** – бұл олардың құнының ақшаға шағылуы түрінде анықталуы.

Кез келген мемлекет немесе кәсіпорын белгілі бір ресурстарды игергенде қандай ақшалай тиімділікке қол жеткізетіндіктерін алдын ала білгісі келеді. Оларды табиғат байлықтарын игерген кезде қандай шығындар болуы мүмкін екендігі, қандай табыс алатындығы қызықтырады. Мұндай бағалау оларды игеруге тұрарлық па екендігін алдын ала анықтауға мүмкіндік береді.

Табиғи ресурстардың құнын ақшамен бағалау үшін олардың натурал мөлшерін (өлшеу бірлігіне сәйкес жалпы қорын) анықтау қажет.

Барлық кендер, ағаш сүрегінен басқа биологиялық ресурстар, бағалы тастар салмақ бірлігімен, су, газ және сүректер – көлем бірлігімен, жер ресурстары – аудан бірлігімен өлшенеді.

Ресурстардың кейбір түрлерінің натурал шамасын өлшеу қиын және оларды балмен бағалау қолданылады. Бұлар – топырақтар, реакциялық ресурстар.

Кейде ресурстардың жекелеген түрлерін натурал шамасымен де, балмен де (балл) бағалайды. Мысалы, екі жер телімінің ауданы бірдей. Бірақ олардың біреуінің ақшалай құны ондағы топырақтың құнарлы-

рақ болуына немесе жер бедері әлдеқайда жазық болуына байланысты қымбатырақ болуы мүмкін. Ол жерде қызықтыратын қосымша элементтер – суы, орманның әдемі жері болуы немесе ол жолға және ірі қалаға жақын болуы мүмкін. Телімнің осы қосымша сипаттамалары оның балмен құнын арттырады.

Табиғи ресурстардың ақшалай құнын анықтау үшін олардың натурал шамасын сауда-саттыққа қабылданған осы шаманың бір бірлігінің құнына көбейту қажет.

*Мысалы*, орман телімінде сағызқарағай сүрегінің, шамамен, қоры 100 000 м<sup>3</sup>-пен бағаланады. Нарықта 1 м<sup>3</sup> сағызқарағайдың құны 25 200 теңгені құрайды. Сонда сүректің жалпы қоры 2 520 000 000 теңгеге бағаланады.

Алайда, ресурстар бұл толықтай қажетті элементтерден құралмайтын табиғат денелері екендігін есте ұстау өте маңызды. Олардың құрамында қажетсіз элементтер де болуы мүмкін. Мысалы, Қостанай облысы Сарыбай кен орнындағы темір кенінің құрамында 33% темір бар, ал қалған көлемін кремнезем, күкірт және фосфор құрайды.

Мұнда 1 т шойын қорыту үшін, кем дегенде, 3 т кен өндіру қажет. Кен орнындағы темір кені қорының құнын анықтау үшін сол кеннің емес, шойынның құны есепке алынады. 2017 жылғы жағдай бойынша 1 т шойын Қазақстанда, шамамен, 200 мың теңгеден сатылды.

Қостанай облысының Сарыбай кен орнындағы темір кенінің жалпы қоры 889 млн тоннаны құрайды.

Ресурстарды игеруге жұмсалатын шығын жалпы алғанда техникаға жұмсалатын шығындарды, қосымша материалдарды, инфрақұрылымды, еңбекақыны және басқаларды құрайды. Мысалы, 1 т шойын өндіру үшін 3 т-дан астам кен, 1,1 тонна қорытқы көмір, 20 тонна су, сонымен бірге түрлі мөлшерде басқа да материалдар қажет.

Егер де ресурстар аз, ал оны өндіруге жұмсалатын шығын көп болса, онда оларды табиғаттан өндіріп алу іске асырылмайды.



**1. БАҚ-тан табиғат ресурстарын сатып алу, сату жөніндегі материалдарды оқындар және олардың әрқайсысының өлшем бірлігін анықтаңдар.**

Ұнтақталған темір кенін сатамын. Темірдің салмақ үлесі 42% кеніштен жөнелтіледі. Жалпы көлемі – 10 990 тонна.	Орман жидектерін – қаражидек, итбүлдірген, көкжидек, қарабүлдіргенді ірі көлемде көтерме бағамен сатып аламыз. 1 тоннадан кем емес көлемде ұсыну сұралады.	Қарағайдан кесілген тақтай. Қалыңдығы – 20–50 мм, ені – 100 мм-ден бастап, ұзындығы – 4–6 м. Айына 10 вагонға дейін жөнелтіледі.	Лағыл тасын сатамын, 53.36 карат. Бағасы келісімді.
---	--	--	---

Техникалық су жеткізіп беруді жүзеге асырамыз. Судың куб метріне тапсырыс қаншалықты көп болса, оны жеткізу құны соншалықты төмен болады.	2017 жылдың 1 тамызынан бастап табиғи газдың тарифі 1000 куб метрге 17336,94 теңгені құрайды.	Тұрғын үй салуға арналған 57 сотық жер телімін сатамын. Бөлінбейді, су, жарық, кәріз жүйесі тартылған.	Лондон биржасындағы сауда мәліметтері бойынша, Brent маркалы мұнай құны бар реліне 64 доллардан асты.
---	---	--	---

2. Параграфтың мәтінінде берілген мәліметтер бойынша, Сарыбай кен орнындағы темір кені қорының құнын ақшамен өрнектеп, есептеңдер.

3. Табиғат ресурстарын игеруге жұмсалатын шығындардың кең көлемде тізімін ұсыныңдар.

**ГЕОСЕРВИС. Көзге арналған жаттығулар.** Шарттары: солтүстік – жоғары, оңтүстік – төмен, батыс – солға, шығыс – оңға, жер шарын айналу – көз қарашығын айналдыру, күн-түн – жыпылықтату.

Көз қарашығын ең жоғарғы амплитудамен айналдырыңдар: 1) солтүстік-оңтүстік (8 рет); 2) сағат тілінің бағытымен (4 рет) және сағат тіліне қарсы бағытта (4 рет) жер шарын айналдыра; 3) шығыс-батыс және батыс-шығыс (3 рет); 4) күн-түн (8 рет).

**Табиғат ресурстарын экологиялық бағалау** – бұл экологиялық іс-шараларға жұмсалатын шығындардың немесе оны игеруге қатысты орын алатын экологиялық шығын сомасының ақшалай қаражат түрінде өрнектелуі.

Табиғат ресурстарын игеруші әрбір кәсіпорын табиғат қорғау мақсатында шикізат пен материалдар сатып алады. Ол табиғат қорғау нысандарын өз шығыны есебінен қаржыландырады және пайдаланады. Мұндай нысандардың жұмыс істеуі үшін тазартқыш ғимараттар, сүзгілер, жинақтауға, қайта өңдеуге, қалдықтарды жоюға арналған жабдықтар сатып алынады және орнатылады. Компаниялар, зауыттар, фабрикалар, фермерлер қоршаған ортаны ластағаны, табиғат ресурстарын пайдаланғаны үшін салық төлейді және төлемдерді жүзеге асырады. Оларға қайта қалпына келтіру жұмыстарына жұмсалатын шығындар (аумақты көгалдандыру, жер қорын, су нысандарын қалпына келтіру) жатады. Экологиялық қауіп туындаған кезде кәсіпорындар экологиялық сараптама жүргізуге жұмсалатын қызмет ақысын төлейді. Олардың әрқайсысы экологиялық сақтандыру қаражатын төлеуге міндетті. Сонымен қатар табиғат қорғау іс-шараларының шеңберінде жұмыс жасайтын қызметкерлердің еңбекақысына жұмсалатын шығындар қарастырылады.



Егер ресурстарды сатудан түсетін табыс осы шығындарды жабатын болса, онда табиғи ресурстардың көзі экономикалық тұрғыдан тиімді. Экономикалық тиімділігімен қатар, әлеуметтік әсері де есепке алынады.

Алматы қаласына жақын маңдағы Қапшағай суқоймасының құрылысын салу барысында бірнеше елді мекен, пайдаланудағы ауқымды жер, минералды су кен орындары, жайылма орман-тоғайлар, жергілікті флора мен фауна өкілдері су астында қалды. Шығындардың бір бөлігі адамдарды басқа жерлерге көшіруге жұмсалды. Алайда суқоймасының арқасында гидроэлектрэнергиясын өндіру, 400 мың га егістік жерді ауыспалы егіске айналдыру, Алматы қаласын сумен қамтамасыз ету мүмкіндіктері пайда болды.

Кейде ресурстарды өндіруден түсетін табыс мөлшері көп және оны игеруге жұмсалған барлық шығынды өтеуі мүмкін. Бірақ табиғатқа келтірілген шығын ресурсты сатудан түсетін пайдадан әлдеқайда артық болуы мүмкін. Мұндай жағдайда оларды табиғат қойнауынан алу-дан бас тартылады.



1. Қазақстандық компаниялардың бірінің «Жылдық есебінен» фрагмент оқып көріңдер. Қосымша дереккөздерін пайдаланып, мәтінде аталған өсімдіктің бір көшетінің бағасын анықтаңдар және компанияның аумақты көгалдандыруға жұмсайтын жалпы шығынын есептеңдер.

«Компанияның ауласы мен іргелес жатқан аумақтағы қала көшелерін көгалдандыру аясында ағаштар, бұталар, гүлдер отырғызылады. Оларға күн сайын компания қызметкерлері күтім жасайды және су құяды. Алаңқай шеңберіндегі көгалдандыру 306 м<sup>2</sup>-ді құрайды: 17 шырша биіктігі – 3,5–4 м (13–16 жыл); боз арша – 16 дана (10–13 жыл), сансыз көп гүлбақшалар. Іргелес жатқан аумақта солтүстік және шығыс жақтарында 150 м<sup>2</sup> аумаққа ағаштар мен бұталар отырғызылған: қысқа шыбықты емен – 22 дана (жасы 6 жыл, d = 0,01 м); спирея бұтасы – 18 дана. Жалпы көгалдандыру ауданы – 456 м<sup>2</sup>. Бұл кешен орналасқан аумақтың 5,9%-ын құрайды».

2. Қапшағай суқоймасы құрылысының пайдалы-пайдасыз жақтарын келтіре отырып, «иә» және «қарсымын» дәлелдерін келтіріңдер.


**ГЕОДЕРЕК.** ЮНЕСКО Дүниежүзілік мұрасының тізіміне Қазақстаннан «Қожа Ахмет Ясауи кесенесі», «Таңбалы тас археологиялық ландшафтысындағы петроглифтер», «Сарыарқа – Солтүстік Қазақстанның даласы мен көлдері» (Қорғалжың және Наурызым қорықтары), «Чаньянь-Тянь-Шань дәлізіндегі Ұлы Жібек жолы нысандары» (Қаялық, Қарамерген, Талғар, Ақтөбе, Ақыртас, Құлан, Қостөбе және Өрнек), «Батыс Тянь-Шань» (Қаратау және Ақсу-Жабағылы қорықтары, Сайрам-Өгем ұлттық саябағы) енген.

Заманауи мамандық тізімдерінде бағалау мамандығы пайда болды. Ол табиғат ресурстарының бағасы мен құндылығын анықтаумен айналысады.

## Ойыңды тұжырымда



1. Гант диаграммасында табиғи ресурстарды бағалау бойынша және экономикалық және экологиялық бағалаумен қоса, барлық іс-әрекеттердің ретін көрсетіндер. Гант диаграммасын құру тәсілдерін сендер 7-сыныпта өттіңдер.



2. «Жер ресурстарын бағалау» жобасын орындаңдар. Иі жанындағы телімнен өнім алу үшін оның иегерлері қандай шығын жасайтынын сұхбат алу тәсілімен анықтаңдар. Телім иегерлерінің ақшаға сатып алатын тауарлары мен қызметтерінің бағасы туралы ақпаратты қолдана отырып, шығынның жалпы көлемін есептеңдер. Олардан алынатын өнімнің мөлшері туралы біліңдер. Өнімді ақшалай қаражат түрінде көрсетіндер. Шығын мен табыс арасындағы айырманы анықтаңдар және телімді игерудің тиімділік дәрежесін анықтаңдар. Телім иегерлері қандай әлеуметтік пайдаға қол жеткізеді? Шығындарды оңтайландыру және табыстарды арттыру жолдарын ұсыныңдар. Ортақ тұжырымдама жасаңдар.



3. Коммуналдық төлемдер үшін берілетін түбіртекті қараңдар да, суық және ыстық судың, газдың, электр энергиясының өлшем бірлігіне төленетін бағасын біліңдер. Көмірді, отынды, сұйық отынды қандай өлшем бірлікпен сатып алады? Олардың бір бірлігі үшін төленетін құнын анықтаңдар.

4. Астананың іргесіндегі ауданы 10 сотық жер телімінің сатылымы туралы екі хабарламаны қараңдар және анықтаңдар. Олардың бағасы неге өртүрлі? Натурал шамасынан басқа, бағасына тағы да басқа не әсер етуі мүмкін?

**10 сотық жер телімі,  
Жібек жолы, 4,5 млн теңгеге  
Астана**

Қаланың шетінде, ЖТҚ, жарық, мемл. акт, Жібек жолы кенті №7 ықшамаудандағы телім, 0,9 сотықтан 14 сотыққа дейін, қасында Есіл өзені орналасқан. Астананың сол жағалауының сұлу келбеті алыстан көрінеді. Таза ауа, әдемі табиғат, жанынан коттеджер бой көтеруде.

Меншік иесі  
84 қаралым 26 қараша

**10 сотық телім,  
Алматы ауданы, 2 млн теңгеге  
Астана**

Бөлінетін, бау-бақша шаруашылығы, Павлодар трассасы бойында, МАИ бекетінен 8 км жерде, Павлодар трассасының 1-желісін бойлай орналасқан, бизнес жүргізуге қолайлы. Барлық құжаттары қолымызда, мемлекеттік акт бар. «Шие бағы» БО. Қасында көл, демалыс зонасы бар. Саудаласу қарастырылады.

Меншік иесі  
897 қаралым 1 түсіндірме, 26 қараша

## Дүниежүзі аймақтарының табиғи-ресурстық әлеуеті

### Сабақтың мақсаты:

- Дүниежүзінің жекелеген аймақтарының табиғи-ресурстық әлеуетін бағалау.

### Мақсатқа жету үшін төмендегілерді білу қажет:

- Табиғи-ресурстық әлеует дегеніміз не?
- Табиғи-ресурстық әлеует қалай бағаланады?
- Дүниежүзінің аймақтары арасында табиғи ресурстар қалай үлестірілген?
- Табиғи-ресурстық әлеуетті пайдаланудың тиімділігін қалай көтереміз.

### ТАБИҒИ-РЕСУРСТЫҚ ӘЛЕУЕТ    ӘЛЕУЕТ АЙМАҚТЫҢ ТАБИҒИ РЕСУРСТАРЫ ТАБИҒИ-РЕСУРСТАРДЫҢ ҮЛЕСТІРІЛУІ

**Аумақтың табиғи-ресурстық әлеуеті** – бұл белгілі бір аумақтың бірге алынған барлық табиғи ресурстары. Олар ғылыми-техникалық өрлеудің жетістіктерін есепке ала отырып, шаруашылықта пайдаланылуы мүмкін.

Алайда ресурстардың жиынтығына қарағанда, «әлеует» түсінігінің мағынасы кең. Әлеует – бұл халықтың жоғары материалдық және мәдени өмір деңгейіне қол жеткізуі үшін мемлекет қолдануы мүмкін түпнұсқаларды, мүмкіндіктерді, құралдар мен қорларды білдіреді.

Табиғи ресурстардың алуан түрлілігі, жеткілікті көлемі мен сапасы кез келген мемлекетке өз шаруашылығын тиімді дамытуға, көптеген тауарлар тізімін өндіруге, тұрғындардың әл-ауқатын жақсартуға, басқа елдердің тауарынан тәуелсіз болуға мүмкіндік береді. Көптеген ресурстар таусылуға жақын болған жағдайда, жаңартып отыратын ресурстардың болуы маңызды. Технологияның дамуы бұрындары өңделген ресурстардың қалдықтарынан қажетті элементтерді алуға мүмкіндік береді. Бұл аумақтың әлеуетін арттыруы мүмкін. Ресурстардың жаңа түрлерінің айқындалуы мемлекеттерге өзінің экономикасын жаңа тауар шығаруға қайта бейімделуге мүмкіндік береді. Бір ғана ресурстың пайдаланылуының кешенділігі де үлкен маңызға ие. Мысалы, ірі өзендер сумен қамтамасыз етуде, сондай-ақ кеме шаруашылығында, балық аулауда, гидроэлектрэнергиясын өндіруде, туризмде пайдаланылуы мүмкін. Мұндай жағдайда ресурстың құны мен бағалылығы бірнеше есе өседі.

Дүниежүзі шаруашылығының табиғи-ресурстық әлеуеті (табиғат ресурстары) алуан түрлі. Ол энергетикалық, жер және топырақ, су, ор-

ман, биологиялық (өсімдік және жануарлар әлемі), минералдық (пайдалы қазбалар), климаттық және рекреациялық ресурстарды қамтиды.

Табиғи-ресурстық әлеует бірге алынған барлық ресурстардың құнымен өрнектеледі. Ол үшін алдымен ресурстың әрбір түрінің құнын анықтайды. Сонан кейін олардың әрқайсысының құнының көрсеткіштерін бір-біріне қосады.

Осы аумақтағы әрбір ресурстардың қорына және осы ресурс бірлігінің бағасына қарай құны есептеледі.

Табиғи ресурстың бір бірлігінің бағасы бұқаралық ақпарат құралдарының көпшілігінде жарияланады. Барлық сатып алушылар мен сатушылар оны мұқият қадағалап отырады.

Ресурстардың жекелеген түрлерінің құны оның мөлшері бойынша емес, одан әзірленетін өнімнің құны бойынша есептеледі. Мысалы, желдің бағасы жоқ, ал оны пайдаланып өндірген электр энергиясы ақшалай қаражаттың мөлшерімен өрнектеледі. Топырақтың құнын одан алынған өнім бағасының жиынтығы бойынша анықтауға болады.

Табиғи ресурстық әлеуетті бағалау кезіндегі маңызды көрсеткіштер – табиғи ресурстардың *құрамы, мөлшері және сапасы*.

Құрамы ресурстардың бар тізімін көрсетеді. Тізімде ресурстар қаншалықты көп болса, аумақтың әлеуеті соншалықты жоғары болады.

Мөлшері ретінде ресурстар қорының физикалық шамасы алынады (массасы, көлемі, ауданы).

Сапасы ретінде құрамында пайдалы заттың болуы, қуаттылығы, калориялылығы, қолжетімділігі және т.б. алынады.

Табиғи-ресурстық әлеуеттің құнын анықтауда ресурстардың әр алуан түрлерінің аумақтық үйлесімі үлкен рөл атқарады. Мысалы, темір кенінен шойынды қорытып шығару үшін кокстелген көмірдің үлкен мөлшері шығындалады. Егер де мемлекетте темір кені мен көмір кен орындары бар болса, онда оның әлеуеті басқа мемлекеттерге қарағанда жоғары болады. Металл кендерінен басқа түсті металдар өндіру үшін арзан электр энергиясы мен су көздері қажет. Сондықтан түсті металл, қоңыр көмір қорлары, өзендері бар елдер оларды өндіруде үлкен басымдықтарға ие.



1. Табиғи-ресурстық әлеует дүниежүзі елдеріне қандай артықшылықтар береді?
2. Аумақтың табиғи-ресурстық әлеуеті қандай көрсеткіштер бойынша бағаланады?
3. Қандай жағдайда табиғи ресурстардың құны өседі?

**Табиғи ресурстардың дүниежүзі елдері бойынша таралуы.** Елдер арасында табиғи ресурстардың мөлшері бірдей емес. Тек бірқатар ірі елдерде (Ресей, АҚШ, Канада, Қытай, ОАР, Аустралия, Қазақстан) ғана олардың бай қоры бар.

Іс жүзінде мемлекеттердің ешқайсысында заманауи экономика үшін қажетті барлық минералдық шикізат түрлерінің қорына бірдей ие емес, оларды импорттамай тұра алмайды.

Экономикасы дамыған елдерде тауар өндірісіне көп ресурс жұмсалады. Көпшілігі шын мәнінде өз ресурстарын тауысып, оларды дүниежүзінің басқа өңірлерінен тасымалдап әкеледі.

Тауар көп өндірмейтін дамушы елдерде олардың мөлшері жеткілікті және олар табиғат байлықтарын шикізат түрінде дамыған елдерге сатады.

Дүниежүзінде дамушы елдер аймағынан дамыған елдер орналасқан аймаққа қарай шикізат тасымалдау ағыны қалыптасқан. Африка, Латын Америкасы, Оңтүстік және Оңтүстік-Батыс Азия елдері өз ресурстарын Солтүстік Америкаға, Батыс Еуропаға, Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Азияға жөнелтеді. Кейбір дамыған елдер, мысалы, Канада мен Аустралия, өз шикізаттарын сатылымға шығарады.

Бұл ретте сатып алушылардың шикізат жеткізіліміне тәуелділігі артып келеді. Табиғи ресурстарды сатушы-елдерде шикізат өндіруден басқа салалар дамымай қалған. Осы себепті кейбір елдер қазіргі уақытта өздерінің табиғи-ресурстық әлеуетін барынша тиімді пайдалануға тырысады.



Атластың және қосымша ақпарат көздерінің көмегімен таңдау бойынша түрлі аймақтардың табиғи-ресурстық әлеуетін салыстырыңдар: Шетелдік Еуропа, Шетелдік Азия, Латын Америкасы, Солтүстік Америка, Аустралия мен Мұхит аралдары, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы. Ресурстың әрбір түріне бір балдан беріңдер. Жалпы қорытындысын келтіріп, тұжырым жасаңдар. Жасалған тұжырымда ресурспен *қамдау* деңгейінің басты түрткіжайттарын/себептерін түсіндіріңдер.

Артық қайталауларды болдырмау үшін салыстыратын аймақтарды сыныптастарыңмен келісіп алыңдар. Нәтижесін кесте түрінде көрсетіңдер. Қажет болған жағдайда қосымша жолдар қосып, кестені үлкейтуге болады. Мысалы, минералдық ресурстардың тізімін берген кезде «мұнай», «газ», «қалайы кендері» және басқа да жолдар пайда болуы мүмкін. Су ресурстарының тізімін жазғанда «өзендер», «көлдер», «минералды сулар» және т.б. жолдар пайда болуы керек.

Табиғи ресурс	1-аймақ	2-аймақ
Минералдық ресурстар		
Жер ресурстары		
Орман ресурстары		
Су ресурстары		
Биологиялық ресурстар		
Жиынтығы		
Қорытынды		



Басқа сыныптастарыңның жауаптарын қарап, жер шарының табиғи ресурстармен ең көп және ең аз қамтамасыз етілген өңірлерін анықтаңдар. Аймақтар рейтингісін жасаңдар.

**ГЕОСЕРГІТУ. «Сәлем, ғаламшар».** Оң жақтағы және сол жақтағы көршілеріңмен қандай да бір шет тілінде сәлемдесіңдер. Сергітуге көбірек қарқын беру үшін барлық оқушы бір мезетте орындағаны дұрыс. Сәлемдесуді айтпас бұрын көршіңнің көзіне тіке және күлімдей қараның қажет. Сәлемдесу түрлері, мүмкіндігінше қайталанбағаны дұрыс. Алдын ала сөздер жаттап алуға немесе қима қағаз әзірлеуге болады.

**Табиғи-ресурстық әлеуетті пайдалану.** Параграфтың басында «әлеует дегеніміз – бұл мүмкіндіктер» екені айтылды. Дүниежүзінде ресурстары мол елдер (Африка, Азия, Латын Америкасы елдері) бар, бірақ олар кедей. Табиғи байлықтары шын мәнінде мүлде жоқ елдер де бар, алайда олар ғаламшарымыздың ең қамтамасыз етілген елдерінің (Жапония) қатарына жатады.

Мемлекеттердің бірінші тобы өз байлықтарына бейберекет қарайды. Үнемі табиғи қорын өндіреді және төмен бағада үлкен көлемде сыртқа сатады.

Мемлекеттердің екінші тобы ғылымның, шығармашылықтың, жаңарту мен жаңа технологиялардың арқасында табиғи ресурстардың әрбір түрін орынды пайдаланады және ұлттық байлықты еселеп отырады.

Мысалы, Аустралияда ауқымды жайылым бар, онда қой өсіріледі. Қой басының саны бойынша ол дүниежүзінде бірінші орынды иеле-

неді. Аустралияның қой жүні бүкіл дүниежүзінде сатылады. Алайда қой етінің нарығы шектеулі, өйткені еуропалық және америкалық елдер сиыр, шошқа, құс еті мен балықты ұнататындықтан, оны тамаққа сирек пайдаланады. Қой еті мұсылман елдерінде кеңінен пайдаланылады, алайда бұл елдер қой етін ислам шариғатына сәйкес сойып, тасымалдайтын жеткізушілерден ғана сатып алады. Аустралия фермерлері мен ет өндірушілері өз өндірісін мұсылмандық «Халал» сапа стандартына қайта бағдарлап, халқы ислам дінін ұстанатын ірі мемлекеттерде өнімдерін ойдағыдай сатуда. Бұл табиғи байлықтар – шаруашылық дәстүр мен сатып алушыларға деген құрмет елдің байлығын қалай үстемелегендігінің (арттырғандығының) айқын көрінісі.

Қазіргі уақытта дүниежүзінде табиғи-ресурстық әлеуетті сақтаудың төмендегідей негізгі бағыттары қалыптасқан:

- пайдалы қазбаларды өндіру технологиясын жетілдіру;
- өндірілген шикізаттың барлық компоненттерін кешенді түрде қайта өңдеу, аз қалдықты және қалдықсыз технологияға біртіндеп өту;
- пайдаланылатын технологиялардың материал жұмсауы мен энергия жұмсауын төмендету;
- табиғи ресурстардың жекелеген түрлерін басқа материалдармен алмастыру;
- қалдықтарды екінші рет өңдеп, пайдалану;
- дәстүрлі емес энергия көздері мен жаңа материалдарды пайдалану;
- жаңғыртылатын ресурстарды (су, орман, топырақ) қайта қалпына келтіру бойынша іс-шаралар кешенін жүргізу;
- суландыру мен егін алқабын өңдеудің жаңа технологияларын енгізу;
- барлық сала кәсіпорындарында тазарту ғимараттарын орнату.



1. Израиль экс-премьер-министрі Шимон Перестің 2015 жылы Киев қаласында сөйлеген сөзінен үзіндіні (қысқартылып алынған) оқындар және оның негізгі ойын бір сөйлеммен жеткізіндер.



«Біз жер туралы армандадық, алайда біздің алған жеріміз армандағандай жер емес еді. Бұл аядай жер Таяу Шығыстың мыңнан бір бөлігі болды. Бұл жер бізге аса жақсылық әкеле қойған жоқ. Жері балшық, бөкене шыбындарға толы, оңтүстігінде шөл дала, тастар жатты. Масалар мен тастардың арасын таңдау қажет болды. Ол жерде екі көлдің бірі өлі болса, енді бірі құрып кету алдында тұрды. Елге

белгілі өзен де болды, бірақ онда су жоқ еді. Яғни су мүлде жоқ болды. Ешқандай табиғи ресурс та – алтын да, мұнай да болмаған. Сол кездері Таяу Шығыста екі типті мемлекет қана болды: мұнайлы ел және қасиетті ел. Біздің ел тіпті қасиетті болатын, өйткені мүлде еш нәрсе жоқ еді.

Сосын біз табиғаттың ең үлкен байлығы – бұл адамзат баласы деп ойладық. Жер халықты емес, адамдар жерді байытты.

Біз барлығымыз ғалым болып шықтық. Израильде әрбір фермер, әрбір кибуц «ауылшаруашылығын сусыз, жерсіз қалай дамытуға болады» дегенді қарастырды. Біз оны дамыта бастадық. Бұл хай-текке негізделген дүниежүзіндегі алғашқы ауылшаруашылығы болды.

Үлкен таңырқау туғызғаны, жерге ғана емес, хай-текке негізделген ауылшаруашылығы да жұмыс істейтіндігі айқындалды. Бүгінгі күні бізде су жеткілікті. Әдетте суды табады, өндірмейді. Ал біз оны өндірдік. Және де біз табысқа қол жеткіздік. Біз суды тұщыландыра бастадық. Біз суды өте көп «ішпейтін» көгөністерді іздедік, селекциямен айналыстық. Міне, сіздерге нағыз құпия сыр, болашақ үшін сіздердің не тапқандарыңыз маңызды емес, не өндіргендеріңіз маңызды.

Барлық адамдарда әлеует – өте үлкен. Алайда олардың барлығы аздап жалқаулау. Бір нәрсеге қол жеткізгілеріңіз келсе, еңбек ету қажет. Аспаннан ештеңе өздігінен түспейді. Біз Израильде өте көп еңбектендік. Мұның несі жаман? ... Түңілудің қажеті жоқ, ол – уақытты босқа өткізу, әсіресе заман өзгеріп жатқанда.

Ғылымның соңынан жүру қажет. Ғылымда шегара, шектеулер жоқ ...».

**2.** Израильдің табиғи-ресурстық әлеуетін бағалаңдар.

**3.** Қазіргі уақытта Израильдің тиімді экономикасы бар ел болуына қандай түрткі-жайттар себепші болды?

**Геодерек.** Мемлекеттердің әуе аумағы болады, яғни мемлекеттің құрлықтағы және судағы аумағының үстінде орналасқан әуе кеңістігі бар. Ол мемлекеттік аумақтың құрамына кіреді. Оның жақтаулық шегарасы – құрлықтағы және судағы аумақтарының шегаралары арқылы өтетін тік жазықтық. Мемлекеттердің әуе аумағының жоғарғы шегарасы, шамамен, 100–110 км биіктікте орналасқан.



## Ойыңды тұжырымда



1. Картаның, қосымша ақпарат көздерінің және аймақтардың табиғи-ресурстық әлеуеттерін салыстыру бойынша қамтамасыз етілу деңгейі бойынша дүниежүзі елдерінің алғашқы ондығын анықтаңдар  
а) ресурс түрлерінің көптігі; ә) ресурстардың жекелеген түрлері.

2. Табиғи ресурстармен қамтылу деңгейі төмен елдерді анықтаңдар. Бұл елдердің ортақ ұқсастықтары қандай?

3. Аустралия мен Израильдің қандай тәжірибесі Қазақстанда айрықша пайдалы болуы мүмкін?

4. «Қазақстанның табиғи-ресурстық әлеуеті» тақырыбына полилог өзірлеңдер. Үлгі ретінде сұрақтар тізімі:

- Мемлекетімізде қандай табиғи ресурс түрлері орналасқан?
- Басқа елдерден қандай ресурстарды сатып алу қажет?
- Қазіргі бар ресурстардан не өндіруге болады?
- Ресурстардың жекелеген түрлерін немен алмастыруға болады?
- Олардан тағы да басқа қандай жаңа зат өндіруге болады?
- Жекелеген ресурстарды басқаша қалай пайдалануға болады?
- Ресурстарды қалай көбейтуге және үнемдеуге болады?



## Табиғи ресурстарды өңдеу орталықтары мен технологиялары, дайын өнім түрлері

### Сабақтың мақсаты:

- Жергілікті компоненттерді қосымша қамти отырып, табиғи ресурстардың жекелеген түрлерін өңдеу технологиясының сипаттамасы негізінде дайын өнім түрлері мен орталықтарды атау.

### Мақсатқа жету үшін төмендегілерді білу қажет:

- Табиғи ресурстардың жекелеген түрлері қалай өңделеді?
- Түрлі табиғи ресурстардан қандай өнімдер алынады?
- Табиғи ресурстарды қайта өңдеу орталықтары қайда орналасады?

**ҚАЙТА ӨНДЕУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ      ТАБИҒИ РЕСУРС**  
**НЕГІЗГІ ЖӘНЕ ҚОСЫМША ӨНІМ      ӨНДІРІС ОРТАЛЫҚТАРЫ**  
**ӨНДІРІСТЕРДІ ОРНАЛАСТЫРУ ТҮРТКІЖАЙТТАРЫ**


**Табиғи ресурстардың жекелеген түрлерін қайта өңдеу технологиялары**

**Мұнай өңдеу.** Шикі мұнайды тазартып, мұнай өңдеу зауыттарында (МӨЗ) қайта өңдеуден өткізеді. Шикізат бұл жерге құбыр желісі, теміржол немесе теңіз танкерлері арқылы жеткізіледі.

МӨЗ-інде алдымен шикізаттан механикалық қоспалар мен еріген газдарды бөліп алады, артық тұздар мен судан тазартады.

Мұнай өңдеу алғашқы және екінші қайтара өңдеу болып бөлінеді.

Мұнайдың құрамында сұйық, жартылай қатты, қатты, газ тәрізді күйде, шамамен, 1000-дай зат болады. Оның белгілі бір қайнау температурасы жоқ. Құрамындағы кейбір заттар едәуір төмен температурада қайнаса, енді бірі жоғары температурада қайнайды. Мұнайдағы қайнау температурасы бірдей заттар тобы **фракция** деп аталады.



4-сурет. Мұнайды алғашқы өңдеу

**Мұнайды алғашқы өңдеу немесе тазарту** – бұл мұнайды фракцияларға бөлу үдерісі. Ол арнайы тазарту колонналарында жүргізіледі (**4-сурет**). Оларда қыздырылған буды әлдеқайда салқын беткі жағында сұйық күйге айналдыру үдерісі жүреді.

Шикі мұнай алдын ала арнайы пеште (жылан бұрғы) 320–390°C-қа дейін қыздырылады, соның салдарынан булану орын алады. Мұнайдың ыстық буы ыстық сұйықтық пен будың қоспасы түрінде фракциялық айырудың аса үлкен колоннасына қарай бағытталады. Мұнда оның фракцияға бөлінуі жүзеге асады. Ерекше жеңіл заттар колоннаның жоғарғы бөлігіне көтеріліп, ал едәуір ауырлары колоннаның төменгі бөлігінде жинақталады. Ол жерде түрлі фракциялардың булары дәйекті түрде конденсацияланады және арнайы суық төрелкелерге шөгеді. Олар 30-дан 60-қа дейін болуы мүмкін. Әрбір төрелкеден алынатын конденсат колоннадан шығарылып, жеке жинақталады.

6 фракцияны бөліп алу керек:

1) **Газ** (қайнау нүктесі 40°C-қа дейін). Негізгі компоненттері: метан, пропан және бутан. Жанармай ретінде түрлі пластмасса өндірісінде қолданылады.

2) **Бензин** (40–180°C). Олардан авиациялық және автомобиль бензині алады.

3) **Жермай (керосиндер)** (180–270°C). Зымыран жанармайы ретінде қолданылады.

4) **Соляр майы** (270–360°C). Майлайтын майлар мен дизель жанармайын алуға арналған шикізат.

5) **Мазут** (360–550°C). Майлайтын және минералдық майлар, вазелин, парафин алу үшін қолданылады.

6) **Асфальт** (550°C-тан жоғары). Бұл фракцияға қалған жартылай қатты және қатты материалдар кіреді.

Мұнайды айдаудан кейін қалған қоймалжың зат гудрон (қара май) деп аталады. Оны жол және құрылыс жабындары ретінде пайдаланады.

**Мұнайды екінші қайтара өңдеу** – бұл кейбір фракциялардың құрамына кіретін заттардың молекулаларын белгілі бір сипаттағы мұнай өнімдерін, сонымен қатар мұнай-химия өндірісі үшін шикізат алу мақсатында химиялық түрлендіру. Мұндай шикізаттан: синтетикалық каучуктер мен резеңкелер; синтетикалық маталар; пластмассалар; полимерлік жұқа қабықшалар (полиэтилен, полипропилен); жуу заттары; еріткіштер, бояулар мен лактар; бояғыштар; тыңайтқыштар; улы химикаттар; балауыз және басқа да көптеген заттар алынады.

Мұнайды айдаудан қалған қалдықтардан кокс өндіріледі. Оларды электродтар мен металлургия өндірісінде пайдаланады. Ал мұнайдан алынатын күкіртті күкірт қышқылы өндірісінде қолданады.

Мұнай өңдеу үдерісі атмосфераға химиялық қосылыстардың шығарылуына алып келеді, қатты дыбыс және иіс шығады. Өрт және жарылыс болу қаупі де бар. Сондықтан МӨЗ-ге адамдар тұратын жерлерден айтарлықтай қашықтықта, сондай-ақ шикізат жеткізу және өнімді алып кете алатындай көліктің күре жолына жақын орналасуы қажет. Көпшілік МӨЗ-інде бу мен салқындататын судың аса үлкен көлемі қажет болатындықтан, жанында суқоймасы – өзен немесе теңіз болуы талап етіледі. Теңіз көлігінің көмегімен түпкілікті өнімді тасымалдауды жеңілдету үшін зауыттар жиі теңіз айлақтарына жақын орналастырылады.

Дүниежүзінің мұнай өңдеу өнеркәсіптері мұнай мен мұнай өнімдерін негізгі тұтынушы – дамыған елдерді бағдарға алады. Әсіресе АҚШ-тың үлесі зор (дүниежүзі МӨЗ қуатының 21% -ы), Батыс Еуропа (20%), Ресей (17%), Жапония (6%).

Қазақстандық ірі МӨЗ Атырау, Павлодар және Шымкент қалаларында орналасқан.



1. МӨЗ-ге мұнай қайдан және қандай түрде жеткізіледі?

2. МӨЗ орналастыру үшін қандай шарттар қажет?

3. МӨЗ құрылысын салу үшін қандай экологиялық талаптар қойылды?



4. Уақыт таспасындағы мұнай өнімдерін өндіру үдерісінің реттілігін көрсетіндер.

**Пайдалы кен қазбаларын қайта өңдеу.** Пайдалы кен қазбаларына темір кені мен түсті металдар кені жатады. Мыс өндіру үшін ең алдымен мыс колчеданы, алюминий өндірісі үшін бокситтер, қорғасын үшін қорғасын рудасы, мырыш өндірісі үшін мырышты қоспа қолданылады. Құрамында бір мезетте бірнеше металл болатын кендер де бар, мысалы, мыс, мырыш, қорғасын, қалайы және т.б. Мұндай кендерді **полиметалл кендері** деп атайды.

Темір мен оның қорытпаларын **қара металл**; мыс, алюминий, қорғасын, мырыш, қалайы және басқа да кейбір металдар – **түсті металдар** деп аталады.

Металл алумен айналысатын өнеркәсіп саласы **металлургия** деп аталады. Металл алу және өндіру тәсілдерінің реттілігі **металлургиялық үдеріс** делінеді (3-сызба).

3-сызба



Металлургиялық үдерістерге кен шығарудан бастап металл құймасын алуға дейінгі барлық түрлендіру тізбегін жатқызуға болады:

- кен алу – шахталық (жабық) немесе карьерлік (ашық) тәсілмен;
- кенді бөлшектеу;
- кенді ұсақтау;
- кенді байыту;
- концентратты металлургиялық жолмен қайта өңдеу;
- металды тазарту;
- тауарлық өнімді және дайын өнімді өндіру (шойын, болат, прокат, құйма).

Металдардан құрастырымдық материалдар алады.

Металдар мен олардың қорытпалары аспаптар (олардың жұмыс атқаратын бөлігін) әзірлеу үшін кеңінен қолданылады. Бұлар көбіне – аспаптық болаттар мен қатты құймалар.

Металл өндіру үлкен көлемде шикізат талап етеді және сондықтан зауыттар мен комбинаттар шикізат немесе жанармай көзіне не олардан қатынайтын көлік ағыны жолына (теміржол) жақын орналасады. Көлік тұтынушыларға жылдам тауар жөнелту үшін де маңызды. Металлургиялық үдеріс үлкен көлемде су болуын талап етеді, сондықтан су нысандарының болуы – маңызды шарт. Сатып алушыға жақын орналасу да маңызды. Қазіргі уақытта экологиялық тұртіжайт та басты рөл атқаратын болды.

Толық кезенді металлургиялық зауыттар шикізат және жанармай маңында немесе кен (шикізат) мен жанармай ағыны жолында орналасады.

Кейбір зауыттар (қайта илемдейтін және кішігірім) металл сынықтарына (мәшине жасау зауыттарының қалдықтары) негізделеді, сондықтан тұтынушыға бейімделе отырып, ірі қалаларда орналастырылады.

**Қара металлургияның негізгі өнімдері мыналар:** қайта илемдейтін (қайта өңдеп болат алу үшін) және құйма (қалыпқа келтірілген құйма өндірісі үшін) шойындары; ферроқұймалар; болат кесектері – сұрыптық прокат өндірісі үшін (рельстер, арқалықтар (металдан жасалған діңгектер), шыбықтар, тілкемдер, сымдар, табақтар, құбырлар және т.б.) және ұсталық құймалар – мәшинелердің ірі соғылған бөлшектерін өндіру үшін (білік, ротор, турбина, диск және т.б.).

Түсті металлургияның негізгі өнімдері мыналар: сұрыптық прокат үшін түсті металл кесектері (бұрыштықтар, тілкемдер (табақ тәрізді жалпақ болат), шыбықшалар және т.б.); мәшине жасау зауыттарындағы үлгі құймалар үшін түсті металл кесектері (құймалар); лигатура

(металл қоспаларына қоспалайтын элементтерді енгізу үшін арналған құйынды) – үлгі құймалар үшін күрделі қосындыланған құймалар өндірісі үшін; мәшине жасаудағы қажеттіліктер үшін таза және айрықша таза металдар құймасы.

Қара металлургияның аумақтық кәсіпорындары еліміздің төрт облысында орналасқан (Қостанай, Қарағанды, Ақтөбе және Павлодар), мұнда пайдалы қазбалар кен орындары мен су-энергетикалық ресурстары бар.

Теміртау қаласында, Қарағанды облысында Қарағанды металлургия комбинатының толық циклі жұмыс істейді. Ақтөбе қаласында хром қосылысы зауыты жұмыс істейді.

Темір кені қара металлургия өнеркәсібін дамыту үшін дүниежүзінің 50 елінде өндіріледі. Оны өндіруде Қытай, Бразилия, Аустралия, Ресей, Үндістан елдері көшбасшы болып тұр.

Ірі өндірушілер – Қытай, Жапония, АҚШ, Ресей, Германия. Басты экспорттаушы елдер: ЕО елдері, Жапония, ТМД елдері.

Қазақстанның түсті металлургиясының ірі орталықтары Шығыс Қазақстан, Алматы, Оңтүстік Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар облыстарында орналасқан.

Мыс қорытуда Чили, АҚШ, Индонезия, Ресей, Канада көш бастап келеді. «Мыс белдеуі» деп аталатын мыс өнеркәсібінің ірі аудандарының бірі – Орталық Африкада орналасқан. Негізгі алюминий өндірушілер: Қытай, Ресей, Канада, АҚШ, Аустралия, Бразилия, Норвегия. Қалайы өндіруде Қытай, Индонезия Перу, Бразилия, Боливия, Малайзия көшбасшы болып отыр. Қорғасын мен мырыштың ірі өндірушілері – АҚШ, Жапония, Канада, Аустралия, Бразилия.



1. Қара және түсті металдарды өңдеудің ұқсастықтары мен айырмашылықтары қандай?



2. Пайдалы кен қазбаларын өңдеу кезеңдерін сызба түрінде көрсетіңдер.

**Геосергіту. «Бұйымды зертте».** География сабақтарына қатысы бар бір бұйымды таңдап алыңдар. Оны мұқият тексеріңдер. Осы бұйымның басқалар байқай қоймайтын бір қасиетін табыңдар. Осы қасиеті туралы сыныптастарыңа айтыңдар, сосын бұйымды ойынға қатысушы басқа ойыншыға беріңдер.

**Табиғи ресурстарды өңдеу орталықтарын сипаттау жоспары.**

Экономикалық географияны бұдан әрі оқу барысында сендер түрлі экономикалық орталықтар мен салаларға сипаттама беретін бо-

ласындар. Бұл параграфта авторлар табиғи ресурстарды өңдеу орталықтарына сипаттама берудің жалпыланған жоспарын ұсынады:

- белгілі бір табиғат ресурстарын өңдейтін саланың атауы мен мәні;
- өңдеудің негізгі технологиялық кезеңдері;
- өңдеуден алынатын негізгі және қосалқы өнім;
- саланы орналастыру түрткіжайттары;
- дайын өнімді өндіру бойынша көшбасшы – Қазақстан аймақтары мен мемлекеттер.



1. Табиғи шикізатты өңдеу орталықтарының біріне (өз таңдауларың бойынша) сипаттама беріңдер.
2. Сен тұратын аймақта табиғи ресурстардың қандай түрлері өңделеді?

**ГЕОДЕРЕК.** Қазақстан Республикасының аумағы батыстан шығысқа қарай 3000 км-ге және солтүстіктен оңтүстікке дейін 1600 км-ге созылып жатыр. Жер кіндігінен арақашықтығы – 6371 км, Халықаралық Аэронавтика Федерациясының анықтауы бойынша ғарышқа дейін – 100 км.

### Ойыңды тұжырымда



1. Табиғи ресурстар түрлерін өңдеу технологиялары аумақтың табиғи-ресурстық әлеуетін ашып көрсетуге қалай себепші болады? Жауаптарыңды мысал келтіре отырып дәлелдендер.
2. Шикізат өңдеу кәсіпорындарын шикізат қорлары таусылған жағдайда қалай пайдалануға болады? Жауаптарыңды мысал келтіре отырып дәлелдендер.
3. Параграфта айтылған шикізат өңдеу орталықтарын орналастыру түрткіжайттарының тізімін жасаңдар.
4. Табиғи ресурстарды өңдеу орталықтарын орналастыруда қандай түрткіжайт бәрінен де маңызды болып табылады? Жауаптарыңды мысал келтіре отырып дәлелдендер.

## ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГЕОГРАФИЯ

### 5.2. Әлеуметтік-экономикалық ресурстар

53

#### Экономикалық инфрақұрылым элементтері мен функциялары

##### Сабақтың мақсаты:

- Қазақстандық компонентті қосымша қамти отырып, экономикалық инфрақұрылым элементтерінің маңыздылығын сипаттамалары негізінде бағалау.

##### Мақсатқа жету үшін төмендегілерді білу қажет:

- Экономикалық инфрақұрылым дегеніміз не?
- Инфрақұрылым нысандарының мақсаты қандай?
- Қандай нысандар экономикалық инфрақұрылымға жатады?

#### САУДА ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ      ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ҚАРЖЫЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

**Экономикалық инфрақұрылым.** 7-сыныпта өнеркәсіп пен ауылшаруашылығы түрлі өнімдерді өндіретіні айтылды. Олардың өндірісі үшін көптеген қызмет түрлері, ғимараттар, кәсіпорындар қажет. Олардың қызметінсіз тауар өндіру мүмкін емес. Бұлар энергия және сумен жабдықтау, қойма, жолдар, көлік компаниялары және құралдар. Олардың барлығы өндірістік инфрақұрылымды құрайды. Тауар өндіру үшін кадрлар даярлайтын оқу орындары да қажет. Мектептер мен балабақшалардың, ауруханалардың, клубтардың, туристік орталықтардың қызметі, яғни адамдарға жұмыс істеуге, емделуге, оқуға, бос уақытын өткізуге мүмкіндік беретіндердің барлығы да қажет. Онымен әлеуметтік инфрақұрылым айналысады.

Бұл параграфта сөз экономикалық инфрақұрылым жайында болады.

**Экономикалық инфрақұрылым** – бұл тауарлар мен қызмет түрлерінің, ақша, бағалы қағаздар, жұмыс күшінің қозғалысын қамтамасыз ететін кәсіпорындар мен мекемелер жүйесі. Оларға *биржалар, банктер, дилерлік және брокерлік кеңселер, жұмыспен қамту қызметтері, ақпараттық-коммерциялық, көтерме сауда және жабдықтау өткізу ұйымдары, прокат және лизинг орындары* жатады.

Экономикалық инфрақұрылымның ерекшелігі – ол нақты бір өнім өндірмейді, тек оларды өндіруге және таратуға жағдай туғызады.



### Экономикалық инфрақұрылымның басты белгілері:

**Жүйелілік.** Ол өзара тығыз байланыста болатын көптеген компаниялардан, құралдар мен ғимараттардан тұрады.

**Ресурс сыйымдылық.** Инфрақұрылымның ірі нысандарын құру – шығынды іс. Сондықтан оны құру үшін мемлекет пен ірі бизнестің қатысуы қажет.

**Ұзаққа төзімділік.** Инфрақұрылымның материалдық нысандары ұзақ уақыт пайдалану үшін құрылады.

**Әмбебаптық.** Инфрақұрылым қандай да бір зауытқа, фирмаға, аймаққа немесе қалаға қызмет көрсетуді көздемейді. Оны барлығы да пайдалана алады.



Өзің тұратын аймақтың инфрақұрылым нысандарының бірін қарастырыңдар (мысалы, сауда) және ол жүйелілік, ресурс сыйымдылығы, ұзаққа төзімділік және әмбебаптық белгілеріне сәйкес келетін-келмейтіндігін анықтаңдар. Өз жауаптарыңа мысал келтіріңдер.



**ГЕОСЕРВИС. «Бір сөзбен атау».** Жүргізуші қандай да бір белгілері бойынша бір топқа жататын бірнеше нысанды атайды, ал оқушылар нысанды осы атаулардың бір сөзімен біріктіруі қажет. Мысалы, Астана, Мәскеу, Анкара – мемлекет астаналары, Сырдария, Миссисипи, Ніл – өзендер және т. б.

### Экономикалық инфрақұрылымның құрамы.

Нарықтық инфрақұрылым келесі элементтерден тұрады:

**Сауда ұйымдары.** Олар өздері тауар өндірмейді. Олардың басты міндеті – дайын өнімдердің саудасы. Бір жағынан, олар өндірушілерді құралдармен, технологиялармен, шикізатпен және басқалармен жабдықтайды. Екінші жағынан, солар өндірген тауарларды сатады, халықтың оларға деген қажеттілігін қамтамасыз етеді.

**Биржалар.** Биржа – бұл ұйымдастырылған және тұрақты түрде өрекет ететін ұйым, онда тауарлардың, валютаның және т.б. ірі көлемде сатылымы жүзеге асырылады.

**Тауар биржасы** – бұл биржа тауарларын сатып алу-сату жүзеге асырылатын орын. Биржалар сауда-саттық жүргізілуі үшін барлық жағдайлар жасайды. Биржалық тауарларға толықтай немесе ішінара биржа арқылы сатылатын, шамамен, 100 шақты тауар түрлері жатады. Олардың үлесіне халықаралық сауданың, шамамен, 20% -ы кіреді. Бұл – дәнді, майлы, талшықты дақылдар, тірі мал, ет, қант, кофе, какао, бұршақтар, өсімдік майлары, картоп, бұрыш, жұмыртқа,

жаңғақ, апельсин шырынының концентраты, араланған материалдар, табиғи каучук, бал, қалайы, мыс, қорғасын, мырыш, никель, алюминий және бағалы металдар, мұнай мен мұнай өнімдері.

*Қор биржасы* – бұл бағалы қағаздарды сатып алу-сату, олардың нарықтық бағасын анықтау және олар туралы ақпарат тарату жүзеге асырылатын ұйым. Төмен бағаммен бағалы қағаздар сатып алып, оларды әлдеқайда жоғары бағаммен сата отырып, ірі биржалық табыс табуға болады.

*Валюта биржасы* – бұл ұлттық валюталарды еркін сатып алу-сату жүзеге асырылатын орын. Валюта биржасының тікелей мақсаты – шетел валютасының құнын білдіретін валюта курсы анықтау.

*Еңбек биржасы* – бұл жұмыс күшін жалдау кезінде жұмысшылар мен кәсіпорындар арасындағы қарым-қатынаста делдал рөлін атқаратын ұйым (еңбекпен қамту орталығы, жұмысқа орналастыру жөніндегі орталық). Еңбек биржасының негізгі міндеттері: жұмыссыздар немесе жұмысын ауыстырғысы келетіндер үшін жұмыс іздеу, жұмыс күшіне және нақты бір мамандыққа сұранысты және ұсынысты зерттеу, жұмыс берушілерде сұранысқа ие жаңа мамандықтарды қайта оқыту және меңгеру. Дағдарысқа және жұмыссыздықтың күрт өсуіне байланысты еңбек биржасының қоғамдық маңыздылығы тоқтаусыз өсіп келеді.

Сауда түрлерінің бірі – аукцион. *Аукциондар* – бұл алдын ала белгіленген уақытта және арнайы тағайындалған орында жария сауда жолымен аукциондық тауарларды сатуды іске асыратын арнайы компаниялар. Олар әдетте өз қаражаттарына өндірушілерден тауарды сатып алады да, әлдеқайда қымбатырақ етіп қайтадан сатады. Сөйтіп баға айырмасынан өздеріне пайда келтіреді. Музейлер, сурет салондары, көрмелер аукциондардың ұйымдастырушысы бола алады. Аукциондық тауарлардың өз алдына дербес сапасы болады. Олар сирек жағдайда стандарттауға жатқызылады. Аукционға қойылған тауар лот деп аталады. Дүниежүзінің ірі аукциондары: Christies, Sotheby's, eBay, Amazon, Taobao.

*Банктер.* Бұлар – нарықтық экономиканың барлық қатысушыларының арасында ақша айналымын қамтамасыз ететін ұйымдар. Қазақстанның заманауи банк жүйесін Ұлттық банк және коммерциялық банктер құрайды.

*Банктік емес мекемелер* – ақшалай қаражатпен жұмыс істейтін, алайда банк мәртебесі жоқ ұйымдар. Оларға сақтандыру компаниялары, зейнетақы қорлары, инвестициялық қорлар, несие ұйымдары, ломбардтар және т.б. жатады.



1. Өздеріңе ыңғайлы кез келген формада төменде берілген экономикалық инфрақұрылымның әрбір нысанының мақсаты туралы ақпарат әзірлеңдер.

 <p>ДҮКЕН</p>	 <p>ЛОМБАРД</p>	 <p>ВАЛЮТА АЙЫРБАСТАУ ПУНКТИ</p>
 <p>БАНК</p>	 <p>АУКЦИОН</p>	 <p>ЕҢБЕК БИРЖАСЫ</p>



2. Халықтың келу жиілігі бойынша осы нысандардың рейтингісін жасаңдар. Жасаған рейтингтеріңді түсіндіріңдер.



**Геодерек.** Қалаларда, ауаның тазалығы мен биіктікті психологиялық түйсіну тұрғысынан дәрігерлер мен экологтер 5–7-қабаттарда тұруды дұрыс деп санайды. 5-қабатқа дейін пайдаланылған газдар көтеріле алмайды, ал 7-қабаттан кейін кәсіпорындардан шыққан зиянды заттар жинақталып қалады.

Экономикалық инфрақұрылым саласында *брокер, дилер, маклер, қаржы сарапшысы, дүкеншілер* жұмыс істейді.

### Ойыңды тұжырымда



1. Кәдімгі дүкендерден бидайдың, мақтаның, какао-бұршақтардың, мыстың, қалайының, мұнай мен мұнай өнімдерінің, тірі малдың ірі көлемін сатып алуға бола ма? Оларды қайда сатады?
2. Параграфта аталған экономикалық инфрақұрылым нысандарын орналастыруға айрықша қолайлы орындарды топтарда талқылаңдар және ұсыныңдар. Өз таңдауларыңды түсіндіріңдер. Өз шешімдеріңді картасызбада көрсетіңдер.
3. Сен тұратын жерде экономикалық инфрақұрылымның қандай элементтері бар? Өзің туған өлкені қандай жаңа нысандармен толықтырғың келеді?
4. Егер экономикалық инфрақұрылым нысандары болмаса, халық пен өндіріс орындары қандай қиындықтарға тап болар еді?

## № 9 тәжірибелік жұмыс


1. Төменде берілген мәтінді оқыңдар және ат қойыңдар.

Шаруашылық мақсатта пайдалану үшін жер қойнауынан алынған кез келген дене **табиғи ресурс** деп аталады. Табиғаттан алынған және одан әрі өңдеу үшін әзірленіп қойылған табиғи ресурс **шикізат** делінеді. Өңдеу барысында орындалатын барлық қимыл-әрекет **технология** деп аталады. Өңдеу үдерісінде түрлі еңбек құралдары – құрал-жабдықтар, аспаптар және т.б. қолданылады. Шикізаттан дайын өнім алынады.

Мысалы, мыс кендері – бұл мыс болып алынатын барлық тау жыныстары мен минералдардың жалпыланған атауы. Ал кендердің бірінің нақты атауы – бұл борнит. Оны карьерлік және шахталық тәсілмен өндіреді. Алынған кенді байытады. Оның құрамындағы қажетсіз элементтерді бөліп алады, тек байыту кезінде бөлінбейтін қоспаның аздаған мөлшері мен мысты ғана қалдырады. Байытылған кенді **концентрат** деп атайды.

Комбинаттарда мыс концентраттарын шахталық пештерде қорытып, тазартылмаған мыс алынады. Тазартылмаған мыстан одан әрі тазарту барысында кесектер, құйма, прокат алынады. Осыған ұқсас өнім ретінде күкірт қышқылын, алтынды, күмісті атауға болады.

2. Қосымша ақпарат көздерін пайдалана отырып, бір табиғи ресурсты өңдеу үдерісін, осы ресурстың аты мен одан алынатын шикізатты, технологиясы мен құралдарын, негізгі және қосалқы өнімдерді көрсетіп, сызбаны толтырыңдар.



3. Дүниежүзінің кескін картасына өздерің тандап алған табиғи шикізатты өңдеу орталықтарын белгілеңдер және олардың ол жерлерге орналасу себептерін түсіндіріңдер.

4. 7-сыныпта сендер өндірістік және көлік инфрақұрылымын оқыдыңдар. Осы және жаңадан алған білімдерің негізінде келесі кәсіпорындардың арасындағы байланысты сызба түрінде көрсетіңдер:

1) құрал-жабдық пен техника сататын фирма; 2) халыққа дайын өнім сататын дүкен; 3) өндіруші-кәсіпорын; 4) банк; 5) еңбек биржасы; 6) көлік фирмасы; 7) қойма; 8) шикізат сатушы фирма; 9) ломбард; 10) валюта айырбастау пункті; 11) халық.

5. Осы нысандардың қайсысы өндірушіге, ал қайсысы халыққа көбірек қажет? Қайсысы екі жаққа да ортақ?



## 5.1 және 5.2-бөлімдеріне шолу

**5.1-бөлім. «Табиғат ресурстары» және 5.2-бөлім «Әлеуметтік-экономикалық ресурстар» сабақтары бойынша**

**Сендер білесіңдер:**

**Табиғат ресурстарын экономикалық бағалау** – бұл олардың ақшалай құнының анықталуы.

Табиғат ресурстарын экономикалық бағалау кезінде оларды игеруге жұмсалатын жалпы шығын да есепке алынады. Олар техникаға, қосымша материалдарға, инфрақұрылымға, еңбекақыға және басқаларына жұмсалатын шығындарды қамтиды.

**Табиғат ресурстарын экологиялық бағалау** – бұл экологиялық іс-шараларға жұмсалатын шығындардың немесе оны игеруге қатысты орын алатын экологиялық шығын сомасының ақшалай қаражат түрінде өрнектелуі.

**Аумақтың табиғи-ресурстық әлеуеті** – бұл бірге алынған барлық табиғи ресурстар. Олар ғылыми-техникалық өрлеудің жетістіктерін есепке ала отырып, шаруашылықта пайдаланылуы мүмкін. Табиғи-ресурстық әлеуетті бағалау кезінде табиғат ресурстарының **құрамы, көлемі және сапасы** – маңызды көрсеткіш. Табиғат ресурстары мемлекеттер арасында мүлде біркелкі таралмаған. Тек бірқатар мемлекеттерде ғана табиғи ресурстардың көптеген түрлері бар.

Әрбір мемлекет **табиғи-ресурстық әлеуетін** орынды қолдануға ұмтылуы тиіс. Өйткені ол біркелкі таралмаған.

Шаруашылық мақсатта жерден өндіріліп алынатын кез келген дене **табиғи ресурс** деп аталады. Одан әрі өңдеуге берілетін табиғи ресурс **шикізат** делінеді. Барлық өңдеу үдерістерін **технология** деп атайды. Өңдеу үдерісінде түрлі **еңбек құралдары** – құрал-саймандар, аспаптар және т.б. пайдаланылады, шикізаттан **дайын өнім** алады.

**Экономикалық инфрақұрылым** – бұл тауарлар мен қызметтің, ақшалай қаражаттың, бағалы қағаздардың, жұмыс күшінің қозғалысын қамтамасыз ететін жүйе. Оларға биржалар, банктер мен басқа да қаржылық ұйымдар, сауда және делдалдық кәсіпорындар, жұмыспен қамту қызметі және басқалары жатады.

**Сендердің қолдарыңнан келеді:**

- табиғат ресурстарының экономикалық және экологиялық бағасын есептеу;
- табиғат ресурстарының бағасына, табиғат ресурстарын өңдеу орталықтарын, экономикалық инфрақұрылым нысандарын орналастыруға әсер ететін түрткіжайттарды анықтау;
- белгілі бір аумақтардың табиғи-ресурстық әлеуетін бағалау және салыстыру, оларды тиімді пайдалану жолдарын айқындау;
- жоспар бойынша табиғат ресурстарын өңдеу үдерістеріне және экономикалық инфрақұрылым нысандарына сипаттама беру;
- картадан табиғат ресурстарын өңдеу орталықтарын анықтау;
- Гант диаграммасын құру, тақырып бойынша сызба мен картасызба, полилог құрастыру.

## ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГЕОГРАФИЯ

### 5.3. Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымы

55–56

Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық құрамы: өндіру, қайта өңдеу салалары, қызмет көрсету аясы

#### Сабақтың мақсаты:

- Шаруашылық салаларын жіктеу, өндіру және қайта өңдеу салалары, қызмет көрсету аясы.

#### Мақсатқа жету үшін төмендегілерді білу қажет:

- Өндіруші өнеркәсіп дегеніміз не?
- Өңдеуші өнеркәсіп дегеніміз не?
- Қызмет көрсету аясы дегеніміз не?

ЭКОНОМИКА САЛАЛАРЫН ЖІКТЕУ    ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ    ӨНДІРІС  
 ӨНДІРІС ҚҰРАЛДАРЫ    ҚАЙТА ӨНДЕУ    ӨНЕРКӘСІП ӨНДІРУ  
 ТҰТЫНУ ЗАТТАРЫ

#### Өндіруші өнеркәсіп.

Жер қойнауынан, су мен орманнан алуан түрлі шикізат пен отын өндірумен айналысатын салалар мен өндірістерді **өндіруші өнеркәсіп** деп атайды. Олар адам баласы әзірлей алмайтын табиғат өнімдерін өндіреді.

**Тау кен өнеркәсібі** пайдалы қазбаларды барлаумен және өндірумен, оларды алғашқы өңдеумен және жартылай дайын өнім алумен айналысады. Ол мынадай салаларға бөлінеді:

- *минералдық энергетикалық шикізат* (мұнай, газ, көмір, шымтезек, жанғыш тақтатастар, уран, геотермия);
- *қара және қоспалаушы* (легирлеуші) *металдар кені* (темір, марганец, хром кендері, вольфрам, молибден, ванадий);
- *түсті металдар кені* (алюминий, мыс, никель, қалайы, қорғасын-мырыш кендері, сүрме);
- *пайдалы қазбалардың тау-кен химиясы* (апатиттер, калий тұздары, нефелин, селитра, күкіртті колчедан, бор кендері, фосфаттар);
- *кен емес индустриалдық шикізат және құрылыс материалдары* – графит, асбест, гипс, саз, гранит, доломит, әктас, кварц, каолин, мергель, бор, дала шпаты; асыл және өңдеу тастары;
- *гидроминералдық* (минералдық жерасты сулары).

**Жабайы аңдар мен құстарды аулау және өсіру** мыналарды қамтиды:

- коммерциялық мақсатта аулау және ұстау;
- тамаққа пайдалану, терісін алу немесе зерттеу мақсатында пайдалану үшін, хайуанаттар бағына орналастыру немесе үй жағдайында өсіру үшін аңдарды аулау, сонымен қатар ұстап алу;
- жануарларды аулау, оның ішінде ұстап алу арқылы бауырымен жорғалаушылардың бағалы терісін, құстардың мамық жүндерін өндіру;
- морж және итбалық тәрізді теңіз сүтқоректілерін ұстау.

**Балықшаруашылығы** мыналарды қамтиды:

- мұхитта, жағалауда немесе ішкі суларда балық аулау;
- мұхит және тұщы су шаян тәрізділері мен моллюскілерін өндіру;
- су жануарларын аулау;
- теңіз өнімдерін жинау: меруерт, губка, маржан және теңіз балдырлары.

**Орманшаруашылығы және ағаш дайындау** мыналарды қамтиды:

- домалақ ағаш материалы мен бөрене жасау;
- ағаш сүректерінің қалғаны мен ағаш материалдардың қалдықтырынан ағаш отын, отын материалдарын жинау және өндіру;
- орманда ағаш көмірін өндіру;
- жабайы өсетін ағаш емес материалдарды: саңырауқұлақ, жидек, жаңғақ, дәрілік өсімдіктер және басқаларын жинау.



Экономикалық картадан Қазақстанда өндіруші өнеркәсіптің қандай салалары дамығанын анықтаңдар. Олардың ірі орталықтарын атаңдар.

**Өңдеуші өнеркәсіп** – бұл шикізатты және шикізаттан алынған жартылай дайын өнімдерді өңдеумен немесе қайта өңдеумен айналысатын барлық салалар. Ол материалдарды немесе олардың компоненттерін жаңа өнімге қайта өңдеуге (механикалық, физикалық немесе химиялық түрғыдан өзгеруі) қатысты қызмет түрлерін қамтиды. Ауылшаруашылық шикізаттары, орманшаруашылығы мен балықшаруашылығы өнімдері, тау жыныстары мен минералдар – бастапқы материалдар. Өңдеуші кәсіпорын *өндіріс құралдарын да, тұтыну заттарын да* шығарады.

Көбінесе **өндіріс құралдарын** шығаратын салаларға *металлургия, энергетика, мәшине жасау, химия өнеркәсібі* жатады. Өндірістік ғимараттар, құрылыстар, мәшинелер, жабдықтар, құралдар, аспаптар – өндіріс құрал-жабдықтары. Олар барлық зауыттарға, фабрикаларға, фирмаларға қажет.

**Металлургия** – құрастырмалы материалдар мен химия өнеркәсібі үшін шикізат өндіретін өнеркәсіптің кешенді саласы.



*Құрастырмалы материалдар* – түрлі құрастырылымдар, мәшине бөлшектері, күш түсірілетін құрылыс элементтері өзірленетін материалдар.

*Қара металдар* оларға беріктік пен қаттылық береді. Дүниежүзі бойынша қорытылған және тұтынылған металдардың, шамамен, 94% -ы қара металдың үлесіне тиеді.

*Түсті металдар*, құрамына байланысты құрастырмалы материалдарға ыстыққа төзімділік (никелдік және кобальтты құймалар), жеңіл салмақ (алюминий және магний құймалары), беріктік және коррозияға төзімділік (титан құймалары), эстетикалық тартымдылық сияқты қасиеттер береді.

*Энергетика* – өндіру, беру, трансформация және электр энергиясын тұтынудың барлық үдерістерін біріктіретін кешенді базалық сала. Саланың құрамына ЖЭС, ГЭС, АЭС кіреді.

*Жылу электрстансысы (ЖЭС)* отын жағу арқылы электр энергиясын өндіреді. Олар МАЭС (мемлекеттік аудандық электрстансысы) және жылу электр орталықтары (ЖЭО) түрінде ұйымдастырылған. Жылу электр орталықтары электр энергиясын ғана емес, сонымен бірге халыққа және кәсіпорындарға жылу өндіреді.

*Су электрстансылары (СЭС)* су қозғалысы энергиясын қолданады. Өзендерде электр энергиясын алу, өндіріс пен халықты сумен қамтамасыз ету, су тасқынын болдырмау, көлік жағдайын жақсарту үшін гидроресурстарды кешенді түрде пайдалана отырып, ГЭС каскадтары салынады.

*Атом электрстансылары* атом жылуын пайдаланады, радиоактивтік материалдармен жұмыс істейді.

Қазіргі кезде дүниежүзі елдері балама энергия көздерін дамыта бастады. Оған күн, жел, судың көтерілуі мен қайтуы, Жер қойнауының жылуы т.б. жатады. Олардың өндірісі экологиялық жағынан таза болады, ал негізгі қор таусылмайды. Астанада «Болашақтың энергиясы» тақырыбында энергияның балама көздерін қолдану аясындағы дүниежүзілік жетістіктер ұсынылған Халықаралық мамандандырылған «ЭКСПО-2017» көрмесі болып өтті.

*Энергожүйелер.* Жылу, гидравликалық, атом электрстансыларының кешені өзара бір-бірімен жоғары вольтты электр беру желілерімен (ЭБЖ) жалғасады және электр энергетикалық жүйе құрады.

*Мәшине жасау саласы* конфигурациясы бойынша алуан түрлі мәшинелер мен олардың бөлшектерін, кесетін және басқа да құралдарды, бақылау-өлшеу аспаптарын өндіреді.

*Мәшинелер* – адамға түсетін жүктемені азайту үшін немесе оны толықтай алмастыру үшін белгілі бір жұмыстарды орындайтын техникалық құрылғылар. Олар еңбек өнімділігін арттырады. Мәшинелердің – қарапайым бір дөңгелекті қоларбадан бастап жеделсаты,

автокөлік, баспа, тоқыма мәшинелері, компьютерлердің ауырлық дәрежесі әртүрлі болады.

Өнімдерінің қолданылуына қарай мәшине жасау мынадай негізгі салаларға бөлінеді: энергетикалық, көлік, ауылшаруашылық мәшинелерін жасау, білдек жасау, өнеркәсіп пен құрылыстың түрлі салалары үшін мәшинелер мен жабдықтар өндіру.

**Химия өнеркәсібі** шаруашылықтың барлық салаларын химиялық технологиялармен және материалдармен қамтамасыз етеді. Ол негізгі екі бөліктен тұрады: *органикалық синтез және полимерлер химиясы (органикалық химия)* және тау-кен химиясы өнеркәсібін қамтитын *бейорганикалық (негізгі) химия*. Оған сонымен бірге лак және бояу, анилин бояулар, фотохимиялық және басқа да салалар кіреді.

*Органикалық химия* этилен, полиэтилен; пропилен, полипропилен, пластмасса және синтетикалық шайыр, химиялық талшықтар мен жіптер, синтетикалық каучук өндіреді.

*Негізгі химия* минералдық тыңайтқыштар, қышқылдар, сілтілер, сода шығарады.

**Тұтыну заттарын** өндіретін салаларға тоқыма, трикотаж, тігін, аяқкиім, жиһаз, ет-сүт, балық, қант және т.б. жатады.

**Тұтыну заттары** үйде пайдалану мақсатында сатуға арналған. Оларға тағам өнімдері, киімдер, аяқкиім, басқа да тауарлар (тұрмыстық техника, жеңіл автокөлік, мотоцикл және т.б.) жатады.



Қазақстанның экономикалық картасы бойынша елімізде өңдеу өнеркәсібінің қандай салалары дамығанын анықтаңдар, олардың ірі орталықтарын атаңдар.

**ГЕОСЕРВИС. «Номенклатура».** Жүргізуші оқушыларға 1 минут ішінде картаның белгілі бір бөлігіне мұқият қарап алуды ұсынады. Оқушылар есінде сақтағаны бойынша онда орналасқан географиялық нысандарды тізіп айтулары қажет.

**Қызмет көрсету аясы** кәсіпорындарға, ұйымдарға, сонымен қатар жеке тұлғаларға көрсетілген алуан түрлі қызмет түрлерін қамтиды. **Көрсетілетін қызмет** – бұл тұтынушылар үшін белгілі бір құндылығы мен бағасы бар іс-әрекеттер. Қызмет көрсету барысында қандай да бір заттық өнім жасалмайды. Тұтынушыға іс-әрекеттің өзі қажет. Қызмет өндірістік және өндірістік емес деп бөлінеді.

**Өндірістік қызметтер.**

– өндіріске қызмет көрсету бойынша (жүк көлігі және байланыс, материалдық-техникалық жабдықтау, жабдықтарды жөндеу және ретке келтіру, ақпараттық және консалтингтік қызметтер және т.б.).

– халыққа қызмет көрсету бойынша (жолаушылар көлігі, сауда, қоғамдық тамақтану, коммуналдық және тұрмыстық қызметтер – жеке тапсырыспен тігу, киім мен аяқкиім жөндеу, жиһаз әзірлеу және жөндеу, заттарды жуу және химиялық тазарту, тұрмыстық техниканы, көлік құралдарын, пәтерлерді жөндеу т.б.).

*Өндірістік емес қызметтер.*

–1) жеке, тұрмысты жақсартуға қатысты (шаштараз, косметикалық бөлмелер, заттарды жалға беру, пәтер жинау, делдалдық қызметтер); 2) дене және рухани қабілеттіліктерді дамытуға қатысты (білім алу, денсаулық сақтау, денешынықтыру және спорт, туризм және демалыс, клубтар, кітапханалар мен ойын-сауық мекемелерінің қызметтері т.б.).

– ғылыми қызметтер: ғылыми әзірлемелер, зертханалық зерттеулер т.б.).

– әлеуметтік қызметтер (басқару, қоғамдық тәртіпті қорғау, қорғаныс т. б.).

Бұл қызметтерді өндірістік, көлік, әлеуметтік және экономикалық инфрақұрылым кәсіпорындары көрсетеді.



Сен тұратын аймақта қызмет көрсетудің қандай салалары дамыған? Әрбір сала бойынша оларды көрсететін кәсіпорындардың, кем дегенде, үшеуінің атауын атаңдар.

**ГЕОДЕРЕК.** Қазақстан – алманың отаны. Жер бетінде алмаағаштары қазіргі Қазақстанның таулы аудандарындағы Қытаймен шегарасында екі мың метрден астам биіктікте пайда болған.

### Ойыңды тұжырымда



1. Экономикада өндіруші, өңдеуші өнеркәсіптерді және қызмет көрсету аясын сәйкесінше экономиканың алғашқы, екінші және үшінші секторлары деп атайды. Неліктен екенін түсіндіріңдер. Мысал келтіріңдер.

2. Табиғи ресурстың бір түрін мысалға ала отырып, өндіруші, өңдеуші кәсіпорындар мен қызмет көрсету аясы арасындағы өзара байланысты көрсетіңдер.



3. Параграфтың мәтінінде әрбір саланы жіктеуге ұсынылған белгілерді анықтаңдар. Өндіруші, өңдеуші және қызмет көрсету аясы кәсіпорындарын тағы да басқа қандай белгілері бойынша ажыратуға болатындығын болжаңдар. Өздерің ұсынған жіктеу белгілері бойынша мысал келтіріңдер.

## Ауылшаруашылық және өнеркәсіптік өндірісті, қызмет көрсету аясын ұйымдастыру түрлері

### Сабақтың мақсаты:

- Қазақстандық компонентті қосымша қамти отырып, ауылшаруашылық және өнеркәсіптік өндірісті, қызмет көрсету аясын ұйымдастыру түрлерін сипаттау.

### Мақсатқа жету үшін төмендегілерді білу қажет:

- Өндірісті ұйымдастырудың негізгі түрлері;
- Ауылшаруашылық өндірісін ұйымдастыру түрлері;
- Өнеркәсіптік өндірісті ұйымдастыру түрлері;
- Қызмет көрсету аясын ұйымдастыру түрлері.

АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕН      ӨНДІРІСТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ  
 КООПЕРАТИВТЕНДІРУ      ҚҰРАМДАСТЫРУ      ФЕРМА      ЗАУЫТ  
 ФАБРИКА      КОМБИНАТ      МАМАНДАНУ

**Өндірісті ұйымдастыру** – бұл қолда бар ресурстарды, жағдай мен түркіжайттарды есепке ала отырып, нақты бір жерде және белгілі уақыт ішінде өнім шығаруға бағытталған еңбек түрі мен тәртібі.

Өндірісті ұйымдастырудың негізгі түрлеріне *мамандану, кооперативтендіру және құрамдастыру* жатады.

*Мамандану* кәсіпорынның бір нақты өнім шығаратынын білдіреді. Мамандану бір кәсіпорында және оның әрбір бөлімшесінде болуы мүмкін. Мысалы, тек автомобиль ғана шығаратын компаниялар бар. Бұл – олардың соған мамандануы. Алайда мұндай компаниялардың әрбір цехы бар-жоғы бір ғана немесе бірнеше операцияны орындауы мүмкін, мысалы тек мәшиненің есіктерін орнату. Бұл – сол цехтың маманданған ісі.

*Кооперативтендіру* барысында бірігіп, өнім шығаруды мақсат тұтқан түрлі кәсіпорындар өзара тұрақты өндірістік байланыс орнатуды көздейді. Сонымен бірге әрбір кәсіпорын ортақ өнім үшін өзіне бөлініп берілген қандай да бір белгілі істі орындайды. Мысалы, автомобиль зауытының бояу, әйнек, автомобиль тетіктерін жеткізетін компаниялармен байланысы бар.

*Құрамдастыру* – бір кәсіпорында бір-бірімен тығыз байланысқан түрлі бағыт пен сала өндірістерін біріктіру. Мысалы, автомобиль зауыты мәшинелерге арналған жиһаздарды сатып алмай, өздері өндіруге шешім қабылдайды. Немесе металлургиялық зауыт, шикізат қалдықтарынан күкірт қышқылын өндіруді бастады, алайда, әдетте онымен химия өнеркәсібі айналысады.



1. Түрлі салаларда еңбектеніп келе жатқан өздеріңе танымал ірі компанияларды және олардың маманданған ісін атаңдар.



2. Мобильді телефон шығаратын зауыттың қандай кәсіпорындармен өндірістік байланысы болуы мүмкін?

3. Жылу электр орталықтарын (алдыңғы параграф) мысалға келтіре отырып, өндірістің құрастырылуын анықтаңдар.

**Ауылшаруашылығын ұйымдастыру түрлері.** Ауылшаруашылығы өнімдерін өндірумен айналысатын кәсіпорын *ферма* деп аталады. Ол, ереже бойынша, бір меншік иесіне тиесілі болады. Жер бетінің түрлі бөліктерінде және мамандануына байланысты фермалардың түрлі атаулары болуы мүмкін.

Тропиктік және субтропиктік аудандардағы өсімдікшаруашылығының фермалары *плантация* деп аталады. Олар жалдамалы еңбекті пайдаланады және ауылшаруашылық дақылдарын сату үшін өсіреді. Негізгілері – кофе, шай, қант құрағы, каучук, банан, какао, кокос жаңғақтары, жержаңғақ, мақта өсімдігі, темекі, цитрусты жемістер, майлы пальма, гүлдер, ананас және басқалары. Плантациялардың ауданы, әдетте 5 га-дан артық болады және 10-нан астам жалдамалы жұмысшылар еңбектенеді.

Солтүстік Америкада малшаруашылық фермалары *ранчо* деп аталады. Онда ірі қара мал өсіріледі. Бразилияда кез келген ірі ауылшаруашылық фермасын *fazenda* деп атайды.

Аустралиядағы қойшаруашылығы фермалары *шипстейнз* делінеді. Онда жайылымдар сым торлармен жекелеген жер телімдеріне (шетен қора) бөлініп қоршалған. Қойлар бір жер теліміндегі шөпті жеп тауысқанда, оларды басқасына айдап апарады. Ал алдыңғы жер теліміне мал азықтық шөптердің тұқымдары себіледі.

Қазіргі уақытта Қытай, Жапония, Корея, Филиппин, Индонезия және басқа да елдердің жағалық зоналарында *марифермалар* пайда болған. Онда балықтар мен моллюскілердің алуан түрлері өсіріледі және балдырлардың плантациялары құрылуда.

Кішігірім жер үлесінің иегерлері *ауылшаруашылық кооперативтеріне* бірігеді. Олардың мақсаты – жер ресурстарының мүшелерінің әрқайсысында бар дүниені, өндіріс құралдарын, тұқым қорын бірлесе пайдалану.

Көптеген азаматтардың өздерінің кішігірім жер үлестері бар. Онда көгөністер мен жемістер өсіреді немесе өздері тұтыну үшін үй жануарлары мен құстарды ұстайды. Мұндай түрі *үй жанындағы шаруашылық* деп аталады.

Мамандану, кооперативтендіру және құрамдастыру ауылшаруашылығының қызмет көрсетуші салаларымен бірігуіне әкелді. Соның нәтижесінде **агроөнеркәсіптік кешен (АӨК)** қалыптасты. Ол ауылшаруашылығы өнімдерін өндіруге, оны өңдеуге және тұтынушыға жеткізуге қатысқан шаруашылықтың барлық салаларын біріктіреді.

АӨК мынадай негізгі салаларды қамтиды:

- өндіріс құралдарын жеткізуші салалар – ауылшаруашылығы мәшинелерін жасау, химиялық, құрама жем өнеркәсібі және т.б.

- ауылшаруашылығы өнімдерін өндірумен айналысатын өсімдік-шаруашылығы және малшаруашылығы.

- ауылшаруашылығы өнімдерін өңдеу, сақтау, тасымалдау және өткізу салалары: тамақ өнеркәсібі, ыдыс-тоғанақ және қойма, көлік, көтерме және бөлшек сауда. Олар өнімдерді тұтынушыға дейін жеткізеді.

- АӨК инфрақұрылымы – АӨК-тің барлық бөлімдерінің қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ететін салалар мен ұйымдар. Бұлар – жолұйымдары, қаржылық және банктік желі, делдалдық, инвестициялық компаниялар және басқалары.

1. Өздерің тұратын өңірдің немесе елді мекеннің ауылшаруашылығындағы мамандану, кооперативтендіру және құрамдастыруға мысал келтіріңдер.
2. Ферма, кооператив және үй жанындағы шаруашылық арасындағы негізгі айырмашылықтарды анықтаңдар.
3. Неліктен АӨК-тің даму мүмкіншілігі орын алды?

**ГЕОСЕРВИС. «Ортақ нәрсені іздеу».** Жүргізуші кездейсоқ тәсілмен таңдап алынған екі географиялық нысанды атайды. Оқушылар олардың ортақ ұқсастықтарын барынша көбірек табулары қажет.

### **Өнеркәсіптік өндірісті ұйымдастыру түрлері.**

Өнеркәсіптік кәсіпорындардың *«фабрика»* және *«зауыт»* тәрізді атаулары бар. Оның өзгеше бір түрі – *комбинат*. «Фабрика» атауы жеңіл және өндіруші өнеркәсіпке (мақта-мата фабрикасы, кен-байыту фабрикасы) қолданылады. Ал басқа салаларда «зауыт» термині (май зауыты, автозауыт, механикалық зауыт) алынады.

Барлық өнеркәсіптік кәсіпорындар (зауыттар, фабрикалар мен комбинаттар) мәшине қолдануға негізделген, үлкен ауқымды өндіріс түрінде сипатталады.

Олар саласы мен орналасқан аймаққа байланысты бір-бірінен айырмашылықта болуы мүмкін, бірақ басқа өндіріс түрлерінен ерекшелендіретін ортақ белгілері, сипаты болады.

Олар бір-біріне жақын орналастырылған механикаландырылған немесе автоматтандырылған негізгі және қосалқы цехтардан тұрады. Негізгі цехтарда зауыттың басты өнімі өндіріледі. Қосалқы цехтар құрал-жабдықтармен жабдықтау, мәшинелерді жөндеу және техникалық қызмет көрсету, энергиямен, сумен, газбен, бумен қамтамасыз ету үшін құрылған.

Зауыттар мен фабрикаларда қоймалар, көлік құралдары, санитарлық-техникалық инфрақұрылым, шикізаттарға, өнімдер мен қалдықтарға бақылау жүргізетін зертханалар бар. Әкімшілік қызметкерлеріне арналған кеңсе ғимараттары, асхана, жұмысшыларға арналған тұрмыстық ғимараттар қарастырылған.

**Комбинат** – түрлі салаларда өндірілетін өнімдерді шығаратын өнеркәсіптік кәсіпорын. Сонымен бірге бір цехтың немесе өндірістің шығарған өнімі екіншісінің пайдаланатын шикізаты немесе материалы болады. Мысалы, ет комбинаттарында ет өнімдерін шығарады, ал өндіріс қалдықтарынан медициналық инсулин және гематоген препараттарын, техникалық желатин мен желім өнімдерін, тұрмыстық қауырсын-мамықты өнімдерін шығарады.



Фабрика, зауыт және комбинат арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар қалай байқалады?

### **Қызмет көрсету саласы кәсіпорындарын ұйымдастыру түрлері.**

Қызмет көрсету саласының кәсіпорындары көбінесе кішігірім болады. Ұйымдастырылу түрлері бойынша олардың ішінен цехтық және цехсыз құрылымдағы кәсіпорындарды бөліп алуға болады.

Цехтық құрылымдағы кәсіпорындар үлкен ауданды алып жатады және оларда құрылымдық бөлімшелердің толық кешені болады: цех – өндірістік телім – жұмыс орындары. Техникалық қызмет көрсету стансысында әрбір пост өзінше маманданады – диагностика, майлау, бөлшектерін ауыстыру т.б. Банктерде де заңды және жеке тұлғаларға қызмет көрсету бойынша жекелеген операциялық залдар болады.

Цехсыз құрылымдағы кәсіпорынның өз құрылымының құрамында тек жұмыс орындары болады. Оларға шаштараздарды жатқызуға болады.

Қызмет көрсету саласының кейбір кәсіпорындарында тапсырыс қабылдау мен оны орындау белгілі бір жерде – сол фирманың ғимаратында жүзеге асырылады. Ал басқа бір компанияларда тапсырыс қабылдау орындарының желісі бар, мысалы, химиялық тазарту немесе бұқаралық ақпарат құралдарының хабарламаларын қабылдау орындары.

Қызмет көрсету саласының кәсіпорындары клиенттерге көшпелі қызмет көрсете алады. Мұндай қызмет түрлерін мейрамханаларда, оқыту, демалыс-ойын сауық саласында, сұлулық салондарында кездестіресіңдер.

Кейбір кәсіпорындарда өзіне-өзі қызмет көрсету қарастырылған. Фирма қызметкері тек кеңесші ретінде әрекет етеді. Мысалы, ғаламтор-салондарында клиент қызмет көрсету ақысын төлейді де, қызмет көрсетілуі үшін жабдықты, аспаптарды өзі қолданады.

Фирмалар көрсетілетін қызметті пайдалану кезінде тұтынушыларға барынша қолайлы жағдай жасайды. Клиентке қызмет көрсету зонасы (тапсырысты қабылдау және беру) жайлы және эстетикалық тартымды түрде ресімделеді. Қосымша қызметтер немесе тауарлар ұсынылады, мысалы, сусындар тегін беріледі. Хауыздарда суға шомылуға арналған заттарды, ал моншада жуынатын және косметикалық құралдарды сатып алуға болады.



1. Өздерің тұратын елді мекенде цехтық және цехсыз құрылымдағы қызмет көрсетумен айналысатын ұйымдардың тізімін жасаңдар. Неліктен кәсіпорындардың бір тобы өндірістің цехтық, ал екіншісі цехсыз ұйымдастырылуын артық көреді?



2. Халықтың қажеттілігі мен өздерің тұратын аймақтың экономикасын есепке ала отырып, қызмет көрсететін кәсіпорынды (өз қалауларыңмен) ұйымдастыру түрі бойынша өз тұжырымдамаларыңды ұсыныңдар.

**ГЕОДЕРЕК.** Плутонның үстіне Қазақстанның аумағындай аумақтың 6-дан астамы сыйып кетер еді.

### Ойыңды тұжырымда



1. Өнеркәсіптік және ауылшаруашылық өндірісін, қызмет көрсету кәсіпорындарын ұйымдастыру түрін таңдауға не әсер етеді?

2. Өнеркәсіптік және ауылшаруашылық кәсіпорындардың, қызмет көрсету ұйымдардың мамандануы, кооперативтендірілуі, құрамдастырылуы болмауы мүмкін бе? Өз жауаптарыңды растайтын дәлелдер келтіріңдер.



## Ауылшаруашылығын, өнеркәсіпті және қызмет көрсету саласын орналастыру түрткіжайттары

### Сабақтың мақсаты:

- Қазақстандық компоненттерді қосымша қамти отырып, ауылшаруашылық және өнеркәсіптік өндірістерді, қызмет көрсету салаларын орналастыру түрткіжайттарына талдау жасау.

### Мақсатқа жету үшін төмендегілерді білу қажет:

- Өндірісті орналастыру түрткіжайттары дегеніміз не?
- Ауылшаруашылығы салаларын орналастыру түрткіжайттары;
- Өнеркәсіп салаларын орналастыру түрткіжайттары;
- Қызмет көрсету кәсіпорындарын орналастыру түрткіжайттары.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТҮРТКІЖАЙТТАР      ТҮРТКІЖАЙТ  
 ӨНДІРІСТІ ОРНАЛАСТЫРУ ТҮРТКІЖАЙТТАРЫ      ЕҢБЕК ТҰТЫНУШЫЛЫҚ  
 КӨЛІКТІК      ШИКІЗАТТЫҚ      ҒЫЛЫМДЫ ҚАЖЕТСІНУ      ОТЫНДЫҚ  
 ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ

**Түрткіжайттар** – бұл сәйкесінше мәселелерді зерттеу немесе шешу кезінде назарда ұстау қажет маңызды жағдайлар.

**Өндірістік күштерді орналастыру түрткіжайттары** деп жекелеген кәсіпорындарды, олардың топтары мен салаларын орналастыру үшін орын таңдауға әсер ететін барлық себептерді (дәлелдерді) атайды. Кәсіпорынды сәтті орналастыру өнімді өндіруге және таратуға жұмсала-тын шығынды азайтады және оны сатудан түсетін табысты арттырады.

Әрбір аумақтың жағдайлары, ресурстары, олардың қасиеттері басқаларынан ерекшеленеді. Олардың дұрыс есептелуі мен пайдаланылуы өндірістік кәсіпорындарды орналастыру және аудан шаруашылығын дамыту кезінде жақсы нәтижеге қол жеткізуге септігін тигізеді.

Түрткіжайттар құрамы өзгерген кезде нысандарды орналастыру орны да өзгереді. Әр аймақтың өзінің белгілі бір түрткіжайттар жиыны болады, сол арқылы аумақтың нақты бір нысандар мен өндірістерді орналастыруға жарамдылығы анықталады.

Кәсіпорындарды орналастырған кезде мынадай негізгі түрткіжайттарға сүйенеді: *шикізаттық, отындық, энергетикалық, еңбек, тұтынушылық, көліктік, экологиялық, ғылымды қажетсіну түрткіжайттары*. Тәжірибе көрсеткендей, өндірістің әрбір саласын орналастыруға бір мезетте бір емес, бірнеше түрткіжайт әсер етеді.

### Өнеркәсіпті орналастыру түрткіжайттары.

**Шикізат түрткіжайты.** Белгілі бір тауарларды өндіру үшін өте үлкен мөлшерде алуан түрлі материалдар қажет. Шикізатты тасы-

малдау үлкен шығынды талап ететіндіктен, мұндай өнімді өндіретін кәсіпорындарды шикізат көздеріне жақын жерлерге: пайдалы қазбалар кен орнының, ірі су нысандарының, орманды аудандардың т.б. маңына орналастырады. Мұндай өндірістерге түсті металдарды байыту, сүректі алғашқы өңдеу, калий тыңайтқыштарын, цемент шығару жатады.

**Отын түрткіжайты.** Бірқатар зауыттар мен фабрикалар өнім өндіру үшін үлкен көлемде минералды отын: көмір, табиғи газ, мазут жұмсайды. Мұндай салаларға жылу энергетикасы, қара металлургияның, химия өнеркәсібінің жекелеген өндірістері жатады. Қазақстанда (Екібастұз ГРЭС) және басқа да елдерде ірі ЖЭС ірі көмір кен орындарына жақын жерлерге салынған. Көмір кендерінде шойын мен болат өндіретін көптеген кәсіпорындар орналасқан (Қарағанды металлургия комбинаты).

**Энергетикалық түрткіжайт.** Кейбір салалар өнімнің бір бірлігін әзірлеудің өзіне көп мөлшерде электр энергиясын тұтынады. Мұндай өндірістер *энергия жұмсайтын өндірістер* деп аталады. Оларға жеңіл түсті металдар (алюминий, титан және басқа), химиялық талшықтар, қағаз өндірісі жатады. Сондықтан бұл салалардың кәсіпорындары электр энергиясы арзан жерлерге, мысалы ірі ГЭС пен ЖЭС маңына орналастырылады.

**Еңбек түрткіжайты.** Белгілі бір тауарларды шығаруға өте көп адам, оның ішінде біліктілігі жоғары мамандар талап етіледі. Бұлар – көп еңбекті қажет ететін өндірістер. Оларға радиотехника, аспап-құрал жасау, білдек жасау, пластмасса өңдеу, тоқыма, трикотаж, аяқкиім, тігін өнеркәсіптері, күрішшаруашылық, көгөнішшаруашылық, жемішшаруашылық т.б. жатады.

Оларды тұрғындары тығыз орналасқан еңбек ресурстары арзан аудандарға орналастырады, не болмаса сырттан жұмысшылар тартады.

**Тұтынушылық немесе нарықтық түрткіжайт.** Бірқатар кәсіпорындар тұрғындар арасында кеңінен пайдаланылатын, кейде күнделікті сұранысқа ие болатын өнімдерді өндіреді. Бұлар тағам өнімдері, киім, аяқкиім, тұрмыстық техника және басқалар. Мұндай өндірістер тұтынушыға бейімделеді және ірі елді мекендерде орналасады. Сақтау мерзімі шектеулі өнімдер шығаратын салалар да тұтынушыға бейімделеді.

**Көлік түрткіжайты.** Өндірілген жерінде тұтынылмайтын өнімдер басқа аудандарға жеткізіледі. Кәсіпорындар дайын өнімді тұтынатын аудандарға тасымалдауға жұмсалатын шығынды азайтуға мүдделі. Сондықтан көптеген өндірістер ірі көлік торабының маңына, теңіз айлақтарында, магистральды теміржол желілерінде, мұнай құбыры

желілерінде орналасады. Өндірісті кооперативтендірумен байланысы бар автомобиль жасау, теміржол мәшинелерін жасау, ұшақ құрастыру салалары да транспорт мәселесін есепке алады.

**Экологиялық түрткіжайт.** Ластандырушы заттардың үлкен шығарылымы орын алатын немесе қоршаған ортаға зиянды әсер беретін өндірістерге көтеріңкі экологиялық талаптар қойылады. Ірі қалалар мен халқы тығыз орналасқан аудандарда мұндай өндірістердің құрылысы салынбайды. Экологиялық тұрғыдан қауіпті өндірістерге жылу энергетикасы, атом өнеркәсібі, қара және түсті металлургия, негізгі химия, мұнай өңдеу өнеркәсібі және целлюлоза-қағаз өндірісі тәрізді салалары жатады. Заңнама бұл салалардың кәсіпорындарын аз қалдықты технологияны пайдалануға және шығарындыларды тазалайтын құрылыстар салуға міндеттейді.

**Ғылымды қажетсіну түрткіжайты.** Өнеркәсіптің бірқатар салалары тұрақты түрде ғылыми әзірлемелер мен жоғары білікті жұмыс күшін қажет етеді. Оларға электроника, робот құрастыру, компьютер құрастыру, әуе-ғарыштық, фармацевтикалық өнеркәсіп және биотехнология жатады.



1. Мәтінді мұқият оқып, онда аталған барлық салаларды көшіріп жазыңдар.

2. Олардың ішінен орналастыруға, кем дегенде, екі түрткіжайт әсер ететін салаларды табыңдар. Барлығына бірдей тән, заманауи түрткіжайтты анықтаңдар.



3. Нәтижелерін кесте түрінде ресімдеңдер. Түрткіжайттардың бар екендігін өз қалауларың бойынша «+» немесе «✓» белгілерімен белгілеулеріңе болады.

Сала	Түрткіжайттар							
	шик.	отын	энерг.	еңбек	тұтын.	көлік	эколог.	ғыл. қаж.

**ГЕОСЕРВИТУ.** «Бір әріптен басталатын географиялық сөйлем». Жүргізуші бір әріпті атайды. Оқушылар географиялық нысандар, құбылыстар немесе үдерістер туралы барлық сөздері берілген әріптен басталатын сөйлем құрауы қажет.

**Ауылшаруашылығын орналастыру түрткіжайттары.** Ауылшаруашылығын орналастыруға белгілі бір деңгейде *шикізаттық, отын, энергетикалық, еңбек, тұтынушылық, көлік, экологиялық түрткіжайттар, ғылымды қажетсіну түрткіжайты* әсер етеді. Бірақ оның

салаларын орналастыруға алдыңғыға қарағанда көбірек әсер ететін айрықша ерекшеліктері бар.

Бірінші ерекшелігі – ауылшаруашылығында жердің өндіріс құралы болуы. Жер – осы сала өнім өндіретін орта. Шаруашылықтың басқа салаларында жер тек нысандарды орналастыратын орын ретінде ғана алынады. Пайдалы жердің ауданы қаншалықты үлкен болса, үлкен көлемде өнім өндіру мүмкіндігі соншалықты жоғары болады. Егер де техника, тыңайтқыштар, тұқым бар болып, оны егетін жер жоқ болса, онда ауылшаруашылығымен айналысу іс жүзінде мүмкін емес.

Екінші ерекшелігі – ауылшаруашылығы тірі ағзалармен (жануарлар мен өсімдіктер) тікелей байланыста болатындығында, сондықтан мұнда шынайы (табиғи) түрткіжайттар үлкен рөл атқарады. Осы ерекшеліктеріне байланысты ауылшаруашылығы экономиканың басқа салаларына қарағанда табиғи ортаның түрткіжайттарына әлдеқайда көбірек тәуелді.

Ауылшаруашылығы салаларын орналастыру географиялық зоналылық заңдарына бағынады. Әрбір ауылшаруашылық дақылына және өнімді мал түріне қарай оларды өсіру үшін айрықша қолайлы болатын географиялық белдеулер мен зоналарды атауға болады. Олардан тыс жерлерде дақылдарды немесе мал түрін өсіру техникалық тұрғыдан мүмкін емес немесе экономикалық тұрғыдан пайдасыз. Ауылшаруашылығын мамандандыру аймақтың орналасқан географиялық белдеуі мен зонасына байланысты анықталады. Ол өсімдіктің белгілі бір түрін өсіруге, малшаруашылығының табиғи жем-шөп қорын дамытуға жеткілікті болатын жылу мен ылғалдың мөлшерін анықтайды.

Осылайша, табиғи түрткіжайттар ауылшаруашылығы салаларының зона бойынша орналастырылуы мен мамандандырылуын айқындайды.



1. Ауылшаруашылығының салалары және географиялық зоналар мен Жер белдеулерінің арасындағы сәйкестікті айқындаңдар:

Ауылшаруашылығының бағыты	Табиғи зоналар
<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Талшықты зығыр, сүт және ет-сүт бағытындағы ірі қара мал;</li> <li>2. Қант қызылшасы;</li> <li>3. Бидай, күнбағыс, ет-сүт және ет бағытындағы малшаруашылығы;</li> <li>4. Шай, кофе, какао, мақта өсімдігі, қант құрағы, гевея, күріш.</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>а) Тропиктер мен ылғалды субтропиктер зонасы;</li> <li>ә) Тайга зонасының артық ылғалданған аудандары, жалпақ жапырақты және аралас жапырақты қоңыржай белдеу зоналары;</li> <li>б) Орманды дала зонасы;</li> <li>в) Дала зонасы.</li> </ol>



2. Дүниежүзінің ауылшаруашылық картасының көмегімен ауылшаруашылығының әр бағыты бойынша көшбасшы-елдерді атаңдар.

**Қызмет көрсету кәсіпорындарын орналастыру түрткіжайттары.** Қызмет көрсету кәсіпорындарын орналастырудың өнеркәсіптік кәсіпорындарды байластырумен салыстырғанда өзіндік ерекшеліктері болады. Егер өнеркәсіптік кәсіпорындар көптеген түрлі – шикізатқа, материалға, энергияға, суға, көлікке, газбен жабдықтауға, еңбек күшіне, кооперативтендіруге, құрамдастыруға, экологиялық қауіпсіздікке т.б. бейімделетін болса, қызмет көрсету саласының бейімделетін тек бір ғана бағдары болады. Ол – тұтынушы. Сондықтан қызмет көрсету саласының кәсіпорындары тұтынушыға қарай бейімделеді.

Мемлекеттің тұрақты түрде дамуы үшін, қызмет көрсету саласының кейбір кәсіпорындары кез келген аумақта ұйымдастырылуы қажет. Сондықтан үкімет пен жергілікті билік оларды табыс көзінің деңгейіне қарамастан ұйымдастырады. Бұлар – әлеуметтік маңызды және мемлекеттен кепілдендірілген білім беру, денсаулық сақтау, құқық қорғау, пошта, қаржылық және басқа да қызметтер көрсететін ұйымдар. Бірақ басты мақсаттары коммерциялық табыс болып табылатын жеке меншік кәсіпорындар әрқашан клиенттердің бар болуын бағдарда ұстайды. Сонымен бірге өндірістік қызмет көрсетуші компаниялар өнеркәсіптік және ауылшаруашылық кәсіпорындарына жақын жерлерге, ал әлеуметтік қызмет көрсететін фирмалар – тұрғындарға жақын орналасады.



**1.** Өзің тұратын аймақты мысалға ала отырып, қызмет көрсету саласы кәсіпорындарының тұтынушыға қарай бейімделуне дәлелді фактілер келтіріңдер.

**ГеоDEREK.** Бір этностың өкілдері түрлі елдердің аумағында тұрып, тіршілік ете алады. Оларды диаспораға және ирреденттерге бөледі. Диаспоралар – өздерінің тарихи отандарынан басқа мемлекеттерге қоныс аударған тұлғалар. Ирреденттер – өз туған жерінде тұрып, алайда шегараны бөлу нәтижесінде басқа мемлекеттің аумағында қалып қойғандар.

### Ойыңды тұжырымда



**1.** Өздерің тұратын аймақта өнеркәсіп, ауылшаруашылық және қызмет көрсету саласы кәсіпорындарын орналастыру себептеріне талдау жасаңдар.

**2.** Қосымша ақпарат көздері, карталарды қарау негізінде түрткіжайттардың әрқайсысы басты түрткіжайт болатын өнеркәсіп, ауылшаруашылығы және қызмет көрсету салаларына мысал келтіріңдер.

**3.** Ауылшаруашылығы мен қызмет көрсету кәсіпорындарын орналастыруға өздерің тұратын аймақта, кем дегенде, екі түрткіжайт әсер ететіндігіне дәлелді мысал келтіріңдер.

60

## Дүниежүзілік шаруашылық салаларының сипаттамасы

### Сабақтың мақсаты:

- Дүниежүзілік шаруашылық салаларына жоспар бойынша сипаттама беру.

### Мақсатқа жету үшін төмендегілерді білу қажет:

- Дүниежүзілік шаруашылық салаларының алуан түрлілігі;
- «Авангард үштік» дегеніміз не?
- «Авангард үштік» салаларының сипаттамалары;
- Шаруашылық салаларына сипаттама беру жоспары.

### ОТЫН-ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ КЕШЕНІ «АВАНГАРДТЫҚ ҮШТІК» МӘШИНЕ ЖАСАУ ХИМИЯ ӨНЕРКӘСІБІ ӨНЕРКӘСІП ОРТАЛЫҚТАРЫ

#### Дүниежүзілік экономиканың негізгі үштігі.

Шаруашылықтың үш саласы мемлекеттік даму деңгейін айқындайды. Оларды «авангардтық үштік» деп атайды. Оларға электр энергетикасы, мәшине жасау (электртехникалық, электроника), химия өнеркәсібі жатады.

**Отын және электр-энергетикалық өнеркәсіп** көбінесе энергияны барлық түрінде және формасында өндіретін және үлестіретін бірыңғай отын-энергетикалық кешен (ОЭК) ретінде қарастырылады. Экономикалық географияда ОЭК міндетті түрде екі құраушы саланың классикалық құрылымында қарастырылады: отын өнеркәсібі және электр энергетикасы.

**Мәшине жасау** – бүкіл ұлттық шаруашылықтағы ғылыми-техникалық өрлеудің (ҒТӨ) деңгейін анықтайтын айрықша ірі кешенді сала, өйткені ол барлық салаларды мәшинемен, жабдықтармен, аспаптармен, ал тұрғындарды – тұтыну заттарымен қамтамасыз етеді. Мемлекеттік қорғаныс қабілетін нығайтуда да оның маңызы зор. Сонымен қатар металл өңдеуді, мәшине мен жабдықтарды жөндеуді қамтиды.

**Химия өнеркәсібі** – мәшине жасаумен қатар шаруашылықтың барлық салаларын химиялық технологиялармен және материалдармен қамтамасыз ететін ҒТӨ деңгейін айқындайтын, сонымен қатар жаңа, үдемелі және жаппай тұтыну тауарын өндіретін кешенді сала.

Химия өнеркәсібінің мәні барлық шаруашылықты үдемелі түрде химияландырудан байқалады: бағалы өнеркәсіптік өнімдер өндіру кеңейтіледі; қымбат әрі тапшы шикізатты әлдеқайда арзан және кең таралған шикізатқа алмастыру іске асырылады; шикізатты кешен-

ді пайдалану жүзеге асырылады; көптеген өндірістік қалдықтар, оның ішінде экологиялық тұрғыдан зиянды қалдықтар тұтылып, жойылады.



«Авангардтық үштік» салаларының маңыздылығын ашып көрсету үшін, олардың өнімдерінсіз біздің өміріміз қандай болатынын елестетіңдер.

**Отын-энергетикалық кешені. Отын өнеркәсібі** қазба отын өндіруді, мұнай және газ өңдеуді қамтиды.

**Мұнай өнеркәсібі** мұнай өндіру, тасымалдау және өңдеумен, сонымен қатар ілеспе газ өндірумен айналысады.

Мұнай өндірумен айналысатын кәсіпорындар мұнай ресурстары бар жерлерге, ал мұнай өңдеуші зауыттар – мұнай өнімдерін тұтынатын аудандар мен орталықтарға орналастырылады.

Мұнай және мұнай өнімдерінің көпшілік бөлігі дүниежүзінде құбыр желілері және теміржол көлігі арқылы тасымалданады. Магистральдық мұнай құбырлары барлық өндірілген мұнайдың 85%-ын тасымалдайды.

Мұнай – дүниежүзілік сауданың маңызды экспорттық тауарларының бірі. Оның ең маңызды жеткізушілері – *Таяу және Орта Шығыс* елдері. Мұнай дүниежүзінің 75 елінде өндіріледі, *Сауд Арабиясы, Ресей, АҚШ, Мексика, БАӘ, Иран, Ирак, Қытай* көш бастап тұр.

**Газ өнеркәсібі** табиғи газды өндірумен, тасымалдаумен, сақтау және үлестірумен айналысады. Ол табиғи жанғыш газдың ауқымды қорын, сонымен қатар жасанды (өнеркәсіптік) газдарды пайдаланады.

Газ тұрмыста және жылу электрстансысында (ЖЭС-те) отын ретінде, металлургияда, цемент өнеркәсібінде, мәшине жасауда және басқа да салаларға пайдаланылады. ЖЭС-те және көптеген өндірістердің технологиялық үдерістерінде басқа отын түрлерін газбен алмастыру отынды және еңбекті үнемдеуге мүмкіндік береді, энергияның өзіндік құнын төмендетеді, өндірістік үдерістерді жеңілдетеді, атмосфераға шығатын залалды заттарды азайтады.

Газдағы көмірсутектерді маңызды химиялық өнімдерге (аммиак, ацетилен, метанол, қара күйе және басқалар) қайта өңдеуге болады. Табиғи газ негізінде айрықша арзан азоттық тыңайтқыштар өндіріледі.

Үлкен қашықтықтарға газ берудің қарапайымдылығы оны өндірілген орнынан алыс жерлерде пайдалануға мүмкіндік береді. Осы мақсатта жүздеген және мыңдаған километрлерге созылған магистральдық газ құбырлары тартылады.

Газ 60 мемлекетте өндіріледі. *Ресей, АҚШ, Канада, Түрікменстан, Нидерланд, Ұлыбритания* көш бастап тұр.

**Көмір өнеркәсібі** қазба көмірді өндірумен, байытумен және брикеттеумен айналысады. Көмір – маңызды энергетикалық отын. Оны күнделікті электрстансылардың пештерінде, қыздыру қондырғыларында т.б. жағады. Бірақ көмір отын ғана емес. Таскөмірдің сорттарынан металлургияда және өнеркәсіптің кейбір басқа салаларында технологиялық отын ретінде пайдаланылатын кокс алынады. Көмірді химиялық өңдеу шаруашылықтың барлық салаларында және тұрмыста пайдаланылатын алуан түрлі өнімдер алуға мүмкіндік береді.

Көмірді дүниежүзінің 60-тан астам елінде өндіреді, алайда оның жылына 10 млн т-дан астамын *Қытай, АҚШ, Ресей, Германия, Польша, Украина, Қазақстан* өндіреді. Көмірді экспорттаушы елдер – АҚШ, Аустралия, ОАР. Импорттаушылар – Жапония, Батыс Еуропа.

**Электр энергетикасы** электр энергиясын өндіру, тарату, трансформация және тұтыну барысындағы барлық үдерістерін біріктіреді. Энергия өндірудегі алдыңғы орын көмірмен, табиғи газбен және мазутпен жұмыс істейтін жылу энергетикасына тиесілі (жалпы өндірістің 2/3). ГЭС-тің үлесіне, шамамен, 20% және АЭС – 17%-дан келеді. Алайда мемлекеттер электр энергиясын өндіру көздерінің қатынасы бойынша бірден ерекшеленеді. ОАР, Польша, Қытай, Үндістанда ЖЭС-тері үстемдік етеді. *Норвегия, Канада, Бразилия, Жаңа Зеландияда* ГЭС басым. *Франция, Бельгия, Корея Республикасы, Словакия, Венгрияда* алдыңғы орын АЭС-тарына тиесілі. Дүниежүзінде ірі электр энергиясын өндірушілер: *АҚШ, Қытай, Жапония, Ресей, Германия, Франция, Канада, Ұлыбритания* және басқалары.

Электр энергиясының негізгі бөлігін өнеркәсіп орындары пайдаланады. Ол бүкіл өндірістің 40% -ы, ал 12% -ы – коммуналдық шаруашылықта және тұрмыста, шамамен 9% -ы – көлікте (электрлендірілген теміржолдар), 10% -ы ауылшаруашылығында қолданылады.

Электрстансыларының орналастырылуы отын-энергетикалық ресурстарға және электр энергиясының тұтынылуына байланысты болады.

Бүгінгі күні электр энергетикасын дамытудың маңызды ерекшелігі – **атом электрстансыларын (АЭС)** салу. Олардың үлесі электр энергиясының жиынтық өндірілімінде *АҚШ-та* 20% -дан астамын, *Жапонияда* 28% -ды, *Францияда* 73% -ды құрайды. Дүниежүзіндегі айрықша ірі АЭС-тары Жапонияда және Францияда салынған.

Болашақтың айрықша заманауи, экологиялық таза энергетикасына геотермалды, күн, жел, толысу, биогаз, сутекті электрстансылары жатады. Дүниежүзінің жекелеген елдері – энергияның баламалы көздерін пайдалануда көшбасшылары:

- геотермалды (*Исландия, Италия, Франция, Венгрия, Жапония, АҚШ*);



- күн (*Франция, Испания, Италия, Жапония, АҚШ*);
- толысу (*Франция, Ресей, Қытай, Канада және АҚШ*);
- жел (*Дания, Швеция, Германия, Ұлыбритания, Нидерланд*).



1. Аталған көшбасшы-елдердің жер қойнауында минералдық отынның бар болуын немен түсіндіруге болады?
2. Мұнай, көмір және газды минералды отын ретінде қарастырған дұрыс па?
3. 2017 жылы Астанада «Болашақтың энергиясы» тақырыбында ЭКСПО көрмесі өтті. Бұл тақырып электр энергиясының қандай көздерінің маңызын айқындайды?

**ГЕОСЕРВИС. «ЦИЦЕРОН АЛГОРИТМІ».** Жүргізуші оқушылардан «Кім? Не? Қайда? Немен? Не үшін? Қалай? Қашан?» сұрақтарына ретімен сүйене отырып, қандай да бір географиялық нысан, құбылыс немесе үдеріс туралы кез келген оқиғаны айтып берулерін сұрайды.

**Мәшине жасау** – мәшинелердің және олардың бөлшектерінің үлкен көлемін, кесуші және басқа да құралдардың, бақылау-өлшеу аспаптарының өндірісін қамтитын өнеркәсіп саласы.

Мәшине жасау – кез келген мемлекеттің ең маңызды саласы. Дәл осы мәшине жасау салаларында іргелі және қолданбалы ғылыми ашылымдар мен зерттеулердің негізінде ең жаңа техника мен технология түрлері жасалады. Мәшине жасау өзінің өнімдерімен экономиканың барлық салаларын қамтамасыз етеді.

Мәшине жасау дүниежүзінің төрт басты аймағында шоғырланған: *Батыс Еуропа, АҚШ, Жапония, Шығыс Еуропа*.

Негізгі шикізат ретінде қара және түсті металдар, олардың қорытпалары алынады. Әйнектің, пластмассаның, резеңкенің және басқаларының алуан түрі қолданылады. Мәшинелерді әрлеуші сала бояулар мен лактарды пайдаланады. Мәшине жасау саласы модельдерді, қалыптық материалдарды әзірлеу үшін сүректі, отынды көп мөлшерде тұтынады (балқыту және металды қыздыру үшін).

Мәшине жасаудың құрамында 70-тен астам сала мен жүзден аса жекелеген өндірістер бар. Басты салалары мыналар: *электроника, есептеу техникасы, аспап жасау, дәл мәшине жасау, ауылшаруашылық және көліктік мәшине жасау, білдек жасау, автомобиль жасау, ұшақ жасау, кеме жасау т. б.*

Металды көп қажет ететін мәшине жасау шикізат базасына, дәл және қиыны – білікті мамандарға сүйенеді.

**Білдек жасауда Жапония, ГФР, АҚШ, Италия, Қытай, Швейцария, Корея Республикасы, Тайвань аралы, Испания, Франция,** сонымен қатар *Үндістан және Бразилия* көш бастап тұр.

**Көліктік мәшине жасау.** Локомотивтерді *Үндістан, Бразилия, Аргентина, Түркия* шығарады. Вагон өндірушілер арасында алғашқы орындар *Мексикаға, Египетке, Иранға, Таиландқа, Чилиге, Колумбияға* тиесілі.

Дүниежүзінде **кеме жасауда Жапония, Корея Республикасы, Қытай, Италия, Бразилия, Нидерланд** көш бастауда. Кеме өндірісі *Тайваньда, Үндістанда, Аргентинада, Мексикада* дамып келеді.

Әлемде **автомобиль шығаруда** үш басты ареал қалыптасқан: азиялық – *Жапония* басты рөл атқарады; америкалық – **АҚШ** басым және батыс еуропалық – **ГФР** рөлі басым. Жеңіл мәшине өндіруде көшбасшылар – *АҚШ және Жапония*. Бұл көшбасшылардың соңынан *ГФР, Франция, Италия, Испания, Ұлыбритания, Оңтүстік Корея* ілесіп келеді. Жүк көліктерін өндіру саласы *АҚШ, Жапония, ТМД елдерінде және Канадада* орналасқан.

Дүниежүзінде **ғарыштық-әуе зымыраны өнеркәсібінің** үш орталығы бар: *Ресей, АҚШ және ЕО* (Еуропалық одақ). Оларда ғылыми-зерттеу және тәжірибелік базалары, құрастыру бюросы, авиациялық және ғарыштық техника өндірісін қамтамасыз ететін өнеркәсіптік кәсіпорындар жұмыс істейді.

**Авиациялық өнеркәсіп.** Қазіргі уақытта ұшақтар мен тікұшақтарды дүниежүзінің 20-дан астам елдері шығарады. Олардың ішінде көшбасшы – *АҚШ*. Ірі авиалайнерлерді тек *АҚШ-тың* айрықша ірі фирмалары, «Эйрбас» еуропалық консорциумы және *Ресей* шығарады. Түрлі мақсаттарда қолданылатын жеңіл азаматтық ұшақтар өндірісі ерекше маңызға ие.

**Электртехникалық мәшине жасау** электр энергиясын өндіруге, оны тұтынушыларға жеткізуге және энергияның басқа түрлеріне (механикалық, жылу және басқадай) түрлендіруге арналған жабдықтар шығарады. Күрделі электржабдықтарын шығару дамыған елдерде жолға қойылған. Күрделі емес электр аппаратураларын, электрқондырғылы бұйымдарды, тұрмыстық электрспаптарын және т.б. шығару әлемнің көптеген елдерінде күннен-күнге артып келеді. Тоңазытқыштар мен мұздатқыштар өндіруде – *АҚШ, Қытай, Италия, Жапония, Корея Республикасы*; кір жуатын мәшине шығаруда – *Қытай, АҚШ, Италия, Жапония, ГФР, Корея Республикасы*; шаңсорғыш өндіруде *АҚШ, Жапония, ГФР*; қысқа толқынды пеш өндіруде *АҚШ, Жапония*; желдеткіш жасауда *Қытай* алдыңғы орында.

**Электрондық өнеркәсіп** – мәшине жасаудың ғылымды ең көп қажетсінетін саласы. Радиоэлектрондық жабдықтарды, электрондық

аспаптарды, құраушы бөлшектерін, олардың өзіндік материалдарын, арнайы технологиялық жабдықтар мен аппаратураларды өзірлеу және өндірумен айналысады.

Электрондық өнімдерді өндіруде жетекші орындарда *АҚШ, Батыс Еуропа, Жапония* тұр. Тұрмыстық электрондық техникаларды шығару бойынша көшбасшы елдер қатарында *Қытай, Малайзия, Сингапур, Бразилия* (радиоқабылдағыштар); *Қытай, Корея Республикасы, Бразилия* (теледидарлар) бар.



Мәшине жасау кешеніне кіретін негізгі салаларды атаңдар және оларды орналастырудың негізгі түрткіжайттарын салыстырыңдар.

**Химия өнеркәсібі** өз шикізаттарын (апатиттер, фосфориттер, калий тұздары, мирабилит, күкірт), сонымен қатар басқа салаларға қажетті шикізаттарды (қара және түсті металл кендері, әктас, гипс) пайдаланады. Шикізат ретінде өсімдік және жануар текті ауылшаруашылық шикізаттары да кеңінен қолданылады. Қосымша мақсаттар үшін және шикізат ретінде су мен ауа көп қолданылады.

Химия өнеркәсібінің салаларын орналастыру кезінде көптеген түрткіжайттар: шикізат, көлік, білікті еңбек ресурстарының бар болуы, тұтынушының жақын жерден табылуы есепке алынады. Экологиялық түрткіжайттар өте маңызды, өйткені химия өнеркәсібі экологиялық тұрғыдан қауіпті.

**Химия өнеркәсібінің салалары:** 1) тау кен-химия; 2) негізгі (бейорганикалық) химия; 3) органикалық химия; 4) химиялық реактивтерді шығару; фотохимиялық; 5) лак-бояу; 6) химия-фармацевтикалық; 7) тұрмыстық химия тауарларын өндіру.

Дүниежүзілік химия өнеркәсібінің ішінде *Батыс Еуропа* жетекші орынға ие. Оның мұнай-химия өнеркәсібі тасып әкелінетін шикізатқа негізделген. Нәтижесінде мұнай химиясы да, мұнай өңдеу де теңіз айлақтарына (*Роттердам, Марсель* және басқалары) және магистральдық мұнай құбырлары бойына орналастырылған.

Олардан *Солтүстік Америка* азғана кейін қалып келеді (30%), мұнда АҚШ жетекші рөл атқарады. Мексика бұғазының жағалауында дүниежүзіндегі ең ірі мұнай химия ауданы құрылған. *АҚШ-та* химия өнеркәсібінің басты аудандары – *Техас және Луизиана*, өйткені онда елдің ірі мұнайлы-газды бассейндері бар. Мұнда 200-ден астам кәсіпорындар жұмыс істейді және АҚШ-тың «мұнай-химия астанасы» – Хьюстон орналасқан.

Үшінші дүниежүзілік көшбасшы – бұл *Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Азия*. Оның кіндігі *Жапония* (18%) болып саналады, мұнда тасымалданып әкелінетін мұнайдың негізінде теңіз айлақтарында

қуатты мұнай-химиясы қалыптасқан. Онда синтетикалық өнімдер мен жартылай өнімдер өндіріледі. *Қытайда* негізгі химия өнімдерінің өндірісі басым.

1990 жылдары тағы бір ірі аймақ пайда болды. Ол – *Парсы шығанағы*.



Бүтіндей химия өнеркәсібін орналастырудың негізгі түрткіжайттарын және негізгі әрі органикалық химия кәсіпорындарын орналастыру ерекшеліктерін көрсетіңдер.

**Геодерек.** Әліби Жангелдин – жер шарын айнала саяхат жасаған алғашқы қазақ. 1908 ж. Николай Степнов деген атпен Польшаны, Аустро-Венгрияны, Сербияны, Болгарияны, Түркияны, Палестинаны, Африканы, Египетті, Абиссинияны жаяу аралап шыққан. Кері қайтқанда Арабия жарты аралы, Месопотамия, Персия, Үндістан, Цейлон аралы, Малайя Архипелагы, Индостан, Сиам корольдігі, Аннам, Қытайдың оңтүстік бөлігі, Формоз аралы арқылы жүріп өтіп, 1912 жылы (4 жылдан соң) Жапонияға келген.

### Ойыңды тұжырымда



Жұптасып жұмыс істей отырып, өз қалауларыңмен төменде берілген жоспар бойынша параграфта сипатталмаған бір өнеркәсіп саласына, бір малшаруашылығы мен өсімдікшаруашылығы бағытына, бір қызмет көрсету саласына сипаттама беріңдер.

Қайталау болмау үшін сыныптастарыңмен өздерің таңдап алған саланы алдын ала келісіп алыңдар.

Нәтижелерін кез келген өздеріңе ыңғайлы және оңай көзжетерлік түрде көрсетіңдер.

**Дүниежүзілік шаруашылық салалары сипаттамасының жоспары**  
Дүниежүзілік шаруашылықтағы саланың маңызы, оның салалық құрамы.

Саланың шикізатты және отын ресурстары және оларды орналастыру.

Басты географиялық аймақтарға үлестіре отырып, өнім өндіру өлшемі.

Негізгі өндіруші – мемлекеттер.

Өндірістің негізгі аудандары мен орталықтары; саланы осы аудандарға орналастыруға себепші болған түрткіжайттар.

Саланы дамытуға байланысты туындаған табиғат қорғау және экологиялық мәселелер.

Саланы дамытудың болашағы.

61

## Менің географиялық жетістіктерім

### № 10 тәжірибелік жұмыс



1. §54–60 материалдары бойынша, қосымша ақпарат көздерінің, атлас карталарының көмегімен, үш шикізат түрін мысалға ала отырып, табиғи ресурстарды өндіруден бастап оны тұтынушыға жеткізуге дейінгі барлық үдерістерді көрсететін үш форманы толтырыңдар: ауылшаруашылық, қара металл кені, минералдық отын. Шикізаттың үш түрін өз қалауларың бойынша таңдайсыңдар. Әр ұяшықтағы материалдың көлемі қажеттілік бойынша анықталады.

ШАРУАШЫЛЫҚ СЕКТОРЫ	Өндіруші	Өңдеуші	Қызмет көрсету аясы
ШАРУАШЫЛЫҚ САЛАСЫ / ӨНІМ	➔	➔	
КӘСПОРЫН ТҮРІ	⬇	⬇	⬇
ОРНАЛАСТЫРУ ТҮРТКІЖАЙТ-ТАРЫ	⬆	⬆	⬆
ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ОРТАЛЫҚТАР			

2. Өздерің толтырған формаға қысқаша түсіндірме жазба әзірлендер.

## 5.3-бөлімге шолу

### 5.3-бөлім. «Дүниежүзі шаруашылығының салалық және аумақтық құрылымы» сабақтары бойынша

**Сендер білесіңдер:**

**Өндіруші өнеркәсіп** табиғи ортадан шикізат пен отын өндіреді және тау-кен өндірісін, аңшылықты, балық аулау кәсіпшілігін, ағаш дайындауды қамтиды.

**Өңдеу өнеркәсібі** дайын өнімдер (**өндіріс құралдары мен тұтыну заттары**) шығарады, металлургияны, электр энергетикасын, мәшине жасауды, химия өндірісін қамтиды.

**Инфрақұрылым кәсіпорындары өндірістік және бейөндірістік қызметтер** көрсетеді.

Өнімді шығаруға бағытталған еңбек мамандану, кооперативтендіру және құрамдастыру тәрізді **формалармен ұйымдастырылады.**

Өнеркәсіптік өндірісте **зауыт, фабрика және комбинат** тәрізді кәсіпорын түрлері, ал ауылшаруашылығында **фермалар** мен **кооперативтер** құрылады.

Ауылшаруашылығының мамандану, кооперативтендіру және құрамдастыру негізінде орын алған ауқымды байланыс **агроөнеркәсіптік кешенің (АӨК)** қалыптасуына әкелді.

Қызмет көрсету саласының кәсіпорындары көлемінің шағын болуымен ерекшеленеді, цехтық және цехсыз құрылымы болуы мүмкін.

Барлық саланың кәсіпорындарын орналастырған кезде **шикізаттық, отын, энергетикалық, еңбек, тұтыну, көлік, экологиялық түрткіжайттарға, ғылымды қажетсіну түрткіжайттарына** сүйенеді.

Дүниежүзі өнеркәсібінің «авангардтық үштігінің» салалық құрамы және жетекші орталықтары;

Дүниежүзілік шаруашылық салаларына сипаттама беру жоспары.

**Сендердің қолдарыңнан келеді:**

- Қазақстан картасы бойынша өндіруші және өңдеуші өнеркәсіп салаларын анықтау, өздерің тұратын аймақтың қызмет көрсету кәсіпорындарын жіктеу;
- Өндіру, өңдеу салалары мен қызмет көрсету кәсіпорындары арасындағы өзара байланысты анықтау; осы салалардың кәсіпорындарын жіктеу;
- Өзің тұратын аймақтың өнеркәсіптік және ауылшаруашылық кәсіпорындарын, қызмет көрсететін компанияларын атау, мамандану, кооперативтендіру және құрамдастыруға мысалдар келтіру, кәсіпорын түрлері арасындағы айырмашылықты анықтау;
- Өнеркәсіп, ауылшаруашылығы және қызмет көрсету кәсіпорындарын орналастыру түрткіжайттарын анықтау;
- Дүниежүзі шаруашылықтарының салаларына жоспар бойынша сипаттама беру.

## ЕЛТАНУ ЖӘНЕ САЯСИ ГЕОГРАФИЯ НЕГІЗДЕРІ

### 6.1. Дүниежүзі елдері

62

#### Мемлекеттердің саяси типологиясы. Дүниежүзінің саяси картасы

##### Сабақтың мақсаты:

- Саяси картаның негізгі нысандарына сипаттама беру;
- Басқару түрі және мемлекеттік құрылымы бойынша дүниежүзіндегі мемлекеттерді жіктеу.

##### Мақсатқа жету үшін төмендегілерді білу қажет:

- Саяси география және дүниежүзінің саяси картасы дегеніміз не?
- Дүниежүзінің саяси картасының негізгі нысандары;
- Дүниежүзінің саяси картасын қалыптастырудың негізгі кезеңдері;
- Дүниежүзіндегі мемлекеттердің басқару түрі және мемлекеттік құрылымы.

ДҮНИЕЖҮЗІНІҢ САЯСИ КАРТАСЫ    САЯСИ ГЕОГРАФИЯ    МЕМЛЕКЕТ  
 ЕГЕМЕНДІК    ДҮНИЕЖҮЗІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ТИПОЛОГИЯСЫ  
 ТӘУЕЛСІЗДІК    РЕСПУБЛИКА    УНИТАРЛЫ МЕМЛЕКЕТ  
 АУМАҚ МӘРТЕБЕСІ    МОНАРХИЯ    ФЕДЕРАЦИЯ    ОТАР

**Саяси география** – қоғамның саяси өмірінің кеңістіктік ұйымдастырылуын және саяси күштердің аумақтық үйлесімін зерттейтін ғылыми бағыт. Мемлекеттің саяси-географиялық жағдайы анықталғанша оған несие беру, ірі көлемде қаржы бағыттау, ұзақ мерзімді келісім жасау мүмкін емес. Саяси география бойынша жасалған зерттеулер кез келген байыпты мемлекеттің дипломатиялық және барлау қызметтерінің назарында болады.

Дүниежүзінің саяси картасы – арнайы географиялық карта. Онда жалпы географиялық ақпараттармен (материктер мен мұхиттардың, теңіздер мен өзендердің кескінделуі) қатар мемлекеттер, олардың шегаралары, астаналары, сонымен қатар тәуелді аумақтар көрсетілген. Оның көмегімен дүниежүзінің саяси-аумақтық ұйымдастырылуын және уақыт өте келе өзгерістерін, қоғамның мемлекеттер мен тәуелді аумақтарға бөлінуін, олардың дүниежүзі аймақтарында таралуын, аймақтық саяси ұйымдарды зерттеуге болады.

##### Дүниежүзінің саяси картасын қалыптастырудың негізгі кезеңдері.

Саяси карта өзінің дамуы барысында бірнеше кезеңнен өтті. Олар дүниежүзі тарихының кезеңдеріне сәйкес келеді. Оны мынадай кезеңдерге бөлуге болады.

**Ежелгі кезең** (мемлекеттің алғашқы формасы пайда болған дәуірден бастап б. э. V ғасырға дейін) – Жер бетінде Ежелгі Египет, Ежелгі Грекия, Карфаген, Ежелгі Рим және басқа да алғашқы мемлекеттердің пайда болуы мен күйреуі орын алды.

**Ортағасырлық кезең** (V–XV ғғ.) – бұл кезеңде болған мемлекеттер: Византия, Қасиетті Рим империясы, Англия, Испания, Португалия, Киев Русі және басқалары. Дүниежүзінің саяси картасына Ұлы географиялық ашылулар дәуірінде үлкен өзгерістер енгізілді.

**Жаңа кезең** – XV–XVI ғасырлар шегінен бастап XX ғ. басындағы бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін. Дүниежүзінің саяси картасы айрықша тұрақсыз болды. Дамыған капиталистік елдер арасында әлемді бөліп алуға бағытталған күрес шиеленісе түсті. Еуропалық отарлық экспансия бастау алды. 1876 ж. Африка аумағының тек 10% -ы ғана батыс Еуропа елдеріне тиесілі болса, 1900 ж. 90% -ы тиесілі болды. XX ғасырдың басында дүниежүзін бөліске салу іс жүзінде аяқталды, яғни тек күштеп қайта бөлу ғана мүмкін болды.

Бірінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуымен дүниежүзінің саяси картасының қалыптасуында **жаңа кезең** басталды. Бұл – осы дәуірдің *алғашқы кезеңі*. Ол дүниежүзінің картасында КСРО-ның пайда болуымен, Аустро-Венгрияның таралуымен және егеменді Польша, Финляндия, Чехословакия мемлекеттерінің пайда болуымен және Ұлыбритания, Франция, Бельгия, Жапония отарлық иеліктерінің кеңеюімен байланысты. *Екінші кезең* (екінші дүниежүзілік соғыстан кейін) дүниежүзілік отарлық жүйенің ыдырауымен және Азияда, Африкада, Мұхит аралдарында, Латын Америкасында көптеген тәуелсіз мемлекеттердің пайда болуымен байланысты. 1990 жылдардың басынан бастап осы күнге дейін жалғасып келе жатқан жаңа тарихтың *үшінші кезеңін* ажыратады. Бұл кезеңдегі дүниежүзінің саяси картасындағы өзгерістерге мыналар жатады: КСРО-ның ыдырауы; бұрынғы КСРО құрамындағы мемлекеттердің саяси егемендігі туралы жариялауы; Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының (ТМД) пайда болуы; ЮСФР ыдырауы; екі герман мемлекеттерінің бірігуі (ГДР және ГФР); екі тәуелсіз мемлекет – Чехия мен Словакияның пайда болуы.

Осылайша дүниежүзі саяси тұрғыдан үнемі өзгеріп отырады.

**Дүниежүзінің саяси картасының басты нысандары:** *отар мемлекеттер, халықаралық аумақтар, мәртебесі айқындалмаған аумақтар, өз егемендігін жариялаған мемлекеттер.*

Дүниежүзінің саяси картасының басты нысандары – егеменді мемлекеттер. Қазіргі заманғы дүниежүзінің саяси картасында 230-дан астам мемлекет бар, оның 194-і егеменді мемлекеттер.



Мемлекет – дүниежүзінің саяси картасының басты нысаны. Мемлекет – бұл егемендігі бар аумақ. **Мемлекет** – бұл ортақ әлеуметтік, мәдени мүдделері біріктірілген, белгілі бір аумақта орналасқан, өзінің жеке басқару жүйесі, қорғаныс жүйесі мен ішкі және сыртқы егемендігі бар қоғамның айрықша ұйымы. Мемлекеттің негізгі белгілері мыналар: белгілі бір аумағының, егемендігінің, кең көлемде әлеуметтік базасының, заңды зорлық-зомбылыққа монополиясының, салық жинау құқығының, жария билік сипатының, мемлекеттік рәміздерінің болуы.

**Мемлекеттік егемендік** – бұл халықаралық құқық нормасы, оған сәйкес мемлекет өзінің ішкі өмірі мен сыртқы саясатына қатысты мәселелерді өзі шешуге құқылы. Кез келген аумақтың мемлекеттік мәртебесі, оның егемендігі халықаралық мойындалумен бекітілуі, яғни басқа мемлекеттер тарапынан мойындалуы тиіс.

Дүниежүзінің саяси картасындағы мемлекеттерден басқа 30-дан астам алуан түрлі егемендігі жоқ, тәуелді саяси-аумақтық түзілістер бар (9-кесте). Олардың бірі егеменді мемлекеттерден алуан түрлі формада тәуелді аумақтар құрады. Тәуелді аумақтар – олардың *өзін-өзі басқарудың* әр алуан формасы бар *меншігі* (мысалы, Гвиана немесе Гваделупа – Францияның *теңіздің арғы жағындағы департаменттері*). Енді бірі – мемлекеттердің бір бөлігі және айрықша саяси режимі немесе мәртебесі бар (мысалы, Аомынь – ҚХР құрамындағы арнайы өкімшілік аудан). Сондай-ақ тәуелді *мәртебесі айқындалмаған аумақтар* бар (мысалы, Фолкленд аралдары – Аргентина мен Ұлыбританияның даулы аумағы). Шын мәнінде, олардың барлығы да – отар. **Отар** – шетелдік мемлекеттің билігіне бағынатын, экономикалық және саяси тәуелсіздіктен айырылған және арнайы тәртіп негізінде басқарылатын мемлекет немесе аумақ (метрополия). Отары бар мемлекет **метрополия** деп аталады.

*Отарсыздандыру* үдерісі әзірге аяқталған жоқ. Отарсыздандыру – отарлық тәуелділіктен босату. Мұндай аумақтардың көпшілігі метрополиялар үшін әскери-стратегиялық нысандар (әскери-әуе немесе әскери-теңіз базалары) ретінде маңызды, немесе басқадай қызығушылық тудырып отыр.

1960 ж. БҰҰ Отар мемлекеттер мен халықтарға тәуелсіздік беру туралы Декларация қабылдады. Тәуелсіздік берілуі тиіс аумақтардың тізімінен тұратын БҰҰ-ның Отарлық тізімі жасалды. 1945 жылдан 2007 жылға дейін 80-ге тарта мемлекет өзін-өзі басқарушы мәртебесін алып, БҰҰ қатарына енді. Өзін-өзі басқармайтын аумақтардың саны дүниежүзінде азайып келеді. XX ғасырда ірі отарлық Франция, Ұлыбритания, Испания, Португалия империялары іс жүзінде ыдырады.

БҰҰ «Өзін-өзі басқармайтын аумақтар» тізіміне 2017 ж. 17 аумақ кірді. Бұл аумақтарға БҰҰ-ның тәуелсіздік беру туралы талаптары таралуда.

9-кесте

### Өзін-өзі басқармайтын аумақтар (БҰҰ мәліметі бойынша)

№ р/с	Аумақ	Басқарушы мемлекет
<b>Африка</b>		
1	Батыс Сахара	Марокко мен Мавритания таласуда
<b>Атлант мұхиты, Кариб алабы және Жерорта теңізі аймағы</b>		
1	Ангилья	Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі
2	Бермуд аралдары	Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі
3	Британдық Виргин аралдары	Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі
4	Кайман аралдары	Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі
5	Фолкленд (Мальвин) аралдары	Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі
6	Монтсеррат	Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі
7	Қасиетті Елена, арал	Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі
8	Теркс және Кайкос, аралдар	Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі
9	АҚШ-тың Виргин аралдары	Америка Құрама Штаттары
10	Гибралтар	Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі
<b>Азия-Тынық мұхиты аймағы</b>		
1	Америкалық Самоа	Америка Құрама Штаттары
2	Гуам	Америка Құрама Штаттары
3	Жаңа Каледония	Франция
4	Питкэрн	Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі
5	Токелау	Жаңа Зеландия
6	Француз Полинезиясы	Франция

Дүниежүзінің саяси картасында өз егемендігін өздері жариялаған мемлекеттер айрықша орын алады, мысалы *Косово, Оңтүстік Осетия, Абхазия Республикасы, Солтүстік Кипр Түрік Республикасы* және басқалары.

Қазіргі кезде дүниежүзінде 60-тай мемлекеттің аумағында өз егемендіктерін өздері жариялаған, шамамен 120 мойындалмаған мемлекет бар. Олардың кейбіреулері нақты өмір сүреді, бірақ заңды түрде халықаралық қауымдастықта толыққанды ел деп танылмаған (Тайвань аралы). Енді бірі мойындалған, бірақ өз аумағы жоқ (Палестина). Енді біреулерін тек кейбір мемлекеттер ғана мойындаған. Мойындалмаған мемлекеттер сепаратизм аудандарында көрініс беруде мемлекеттік шегаралардың өзгеруінен болып отыр. Бұл мемлекеттерге оқулықтарда сипаттама берілмейді, көпшілігі картада белгіленбеген. Алайда олар нақты өмір сүріп жатыр, онда адамдар тұрады, билік органдары жұмыс істейді, заңдар қабылданады, олар халықаралық аренаға шығуға талпынады. Олардың кейбіреулері тарихи тұрғыдан ұзақ уақыт бойы өмір сүруде, мысалы, Тайвань, Палестина, Күрдістан, Азад Кашмир, Тибет.

**Халықаралық аумақтар мен акваториялар, олардың мәртебелері.**

**Халықаралық аумақтар мен акваториялар** – бұл мемлекеттік шегарадан тыс жерде жатқан аумақтар; оларды пайдалану құқығы барлық халықаралық қауымдастыққа тиесілі: ешбір мемлекеттің оларды иемденуге құқы жоқ, бұл аумақтар ғылыми зерттеулер жүргізу үшін ашық.

Халықаралық аумақтар мен акваториялар мәртебесі бар: *Антарктика, ашық теңіз, ашық теңіз үстіндегі әуе кеңістігі, төтенше экономикалық зона шегінен тыс теңіздер мен мұхиттардың түбі, халықаралық өзендер, бұғаздар, каналдар, ғарыш кеңістігі.*

**Мәртебесі анықталмаған аумақтар** – бұл сол немесе басқа мемлекетке тиесілілігі әлі толық белгіленбеген аумақтар.

**Жалға алынған аумақтар.** Уақытша пайдалануға жасалатын Шарттар мемлекеттер арасында бекітіледі. Көптеген жалға алынған аумақтардың айрықша пайдалы географиялық және геостратегиялық жағдайы болады. Оларға мыналарды жатқызуға болады:

– *Азия мен Мұхит аралдарындағы* дамыған елдердің әскери-теңіз базасы;

– Қазақстаннан *Ресей Федерациясы* жалға алған *Байқоңыр* ғарыш айлағының аумағы.

*Басып алынған аумақтар* әскери іс-қимылдардың нәтижесінде мемлекеттерге күштеп біріктіріледі. Оларда басып алған мемлекеттің тәртібі әрекет етеді. Басып алынған аумақ мәртебесі болған аумақтар: *Шығыс Тимор (1976–2001 жж.), Палестина мемлекетінің* аумағы (*Иордан өзенінің батыс жағалауы және Газ секторы*).

1. Дүниежүзінің саяси картасының негізгі нысандарының арасындағы айырмашылықтарды өздеріңе ыңғайлы түрде көрсетіңдер.
2. Дүниежүзінің саяси картасының нысаны ретінде Қазақстан Республикасын сипаттаңдар.

**ГЕОСЕРГІТУ. «Географиялық қошемет».** Әрбір оқушы басқа оқушыға оның жеке басының қасиеттері мен адамгершілігін, білімі мен қабілетін, мінезінің сипатын географиялық нысанмен, құбылыс немесе үдеріспен салыстыра отырып, қошемет білдіріңдер, мысалы, «Сенің біліміңнің тереңдігі Мариана ойпатынан да тереңірек, ал оның көлемі Дүниежүзілік мұхитпен салыстырарлықтай» деген тәрізді.

**Басқарудың және әкімшілік-аумақтық құрылымның негізгі формалары**

### 1. Басқару формалары:

**Республикалық** (жоғары мемлекеттік билік парламентке, ал атқарушы билік – үкіметке тиесілі). Сонымен бірге президенттік (онда президентке үлкен өкілеттілік беріледі) және парламенттік (президенттің рөлі азырақ) мемлекеттер де болады. Қазіргі кезде дүниежүзінде 140-тан астам республика бар;

**Монархиялық** (мемлекет басшысы – бір тұлға). Теократиялық (мұнда зайырлы және рухани биліктің басшысы – бір тұлға), конституциялық және абсолюттік монархияларға бөлінеді. Әдетте монархтың билігі өмір бойына созылады және мұрагерлікпен ұрпағына беріледі. Дүниежүзінде 30-дан астам монархия бар (10-кесте). – *Ұлыбританияның* басқаруындағы Мемлекетаралық бірлестікті – Достастықты атап айту қажет. Оның құрамына кіретін барлық мемлекеттерде монарх мемлекет басшысы ретінде мойындалады.

10-кесте

### Монархиялық басқару формасы бар мемлекеттер

Еуропа		Азия		Африка	
Андорра	князьдық (КМ)	Бахрейн	эмират (КМ)	Лесото	корольдік (КМ)
Бельгия	корольдік (КМ)	Таиланд	корольдік (КМ)	Марокко	корольдік (КМ)
Ватикан	папа кеңесі (АТМ)	Кувейт	мұрагерлік эмират (КМ)	Свазиленд	корольдік (АМ)
Ұлыбритания	корольдік (ПМ)	Малайзия	сұлтанат (ШМ)	Мұхит аралдары	

Дания	корольдік (КМ)	Жапония	империя (КМ)	Тонга	корольдік
Испания	корольдік (КМ)	Бутан	корольдік (ШМ)	КМ – конституциялық монархия	
Лихтенштейн	князьдық (КМ)	Иордания	корольдік (КМ)		
Люксембург	ұлыгерцогтық (КМ)	Катар	эмират (АМ)	ПМ – парламенттік монархия	
Монако	князьдық (КМ)	БАӘ	эмират (ШМ)		
Нидерланд	корольдік (КМ)	Оман	сұлтанат (АМ)	ШМ – шектеулі монархия	
Норвегия	корольдік (КМ)	Бруней	сұлтанат (АТМ)		
Швеция	корольдік (КМ)	Сауд Арабиясы	корольдік (АТМ)	АМ – абсолюттік монархия	
				АТМ – абсолюттік теократиялық монархия	

**2. Мемлекеттік құрылым формасы** – мемлекеттердің әкімшілік-аумақтық құрылымы. Оны басты екі түрге бөледі: *унитарлық мемлекет* (біртұтас бүтіндей құрылу) және *федерация* (бірлестік, мемлекеттер одағы); *конфедерация* – бұл тәуелсіз мемлекеттердің уақытша заңды одағы (11-кесте).

11-кесте

### Мемлекеттік құрылымның негізгі формалары

Унитарлық	Федерация	Конфедерация	Басқа
Әкімшілік-аумақтық бірліктен тұратын біртұтас бүтіндей мемлекеттік құрылу, оларда мемлекеттік егемендік белгілері болмайды.	Әкімшілік-аумақтық бірліктерінің федерация құрамында белгілі бір саяси және экономикалық тәуелсіздігі бар.	Конфедерация мүшелері, формалды тәуелсіздіктерін сақтай отырып, өздерінің мемлекеттік билік органдары бар болады, сонымен бірге конфедерацияның әскери және сыртқы саяси іс-әрекеттерін үйлестіру үшін біріккен органдар құрады.	Достастық – мемлекеттердің конфедерацияға қарағанда неғұрлым аморфты бірігуі. Достастық мүшелері – толығымен егеменді мемлекеттер. Мемлекеттердің қауымдастығы – мемлекетаралық шарт негізінде құрылады, мемлекеттердің мемлекетаралық байланыстарын нығайтады.



1. Неліктен Қазақстан басқарудың республикалық формасын таңдады? Кем дегенде 3 себебін атаңдар. Бұл жағдай мемлекеттің Конституциясында қалай көрініс табады? Конституцияның осы бөлігінен үзінді келтіріңдер.



2. Қазақстан неліктен унитарлық саяси-аумақтық құрылымды таңдады? Кем дегенде 3 себебін атаңдар. Бұл жағдай мемлекеттің Конституциясында қалай көрініс табады? Конституцияның осы бөлігінен үзінді келтіріңдер.

3. Сендердің әрқайсысыларың басқарудың қандай түрінде белгілі бір шарттарға сәйкес мемлекет басшысы бола аласыңдар?

**ГЕОДЕРЕК.** Ресей Федерациясының құрамындағы Алтай Республикасында қазақ тілінде сөйлеушілер тұратын шағын жерде – ресми қарым-қатынас жасау аясында қазақ тілін пайдалануға рұқсат берілген. Қытай Халық Республикасында қазақ тілін моңғол, тибет, ұйғыр, чжуан, корей тілдерімен теңдей дәрежеде Бүкілқытайлық Халық Өкілдерінің Жиналысының сессиясында, Ұлттық Саяси Консультативтік Кеңестің отырыстарында қолдана алады.

Саяси география саласында *мемлекет басшылары, саясаткерлер, геосаясаткерлер, дипломаттар, әскери адамдар* т.б. қызмет етеді.

### Ойыңды тұжырымда



1. Уақыт таспасында дүниежүзінің саяси картасы дамуының түрлі кезеңдеріндегі Қазақстанның орнын көрсетіңдер. Онда аумақтың мәртебесін (егемендік/отарлық тәуелділік/түрлі мәртебеде түрлі мемлекеттердің құрамында болу), басқару түрін және әкімшілік-аумақтық құрылымын және басқа да артықшылықтарын көрсетіңдер. Әрбір белгіленген элемент уақытпен байланыстыра (күні, тарихи кезеңдері және т.б.) отырып көрсетілуі тиіс. Қорытынды жасаңдар.

2. Өзіне тиесілі емес қандай аумақтарда және қандай кеңістіктерде Қазақстан Республикасы ашық түрде ғылыми зерттеулер жүргізуге құқылы?

3. Географтан басқа қандай мамандық иесінің осы тақырып бойынша білімі болуы қажет және неліктен?

## Дүниежүзінің саяси картасындағы сандық және сапалық өзгерістер

### Сабақтың мақсаты:

- Саяси картадағы сандық және сапалық өзгерістерге талдау жасау.

### Мақсатқа жету үшін төмендегілерді білу қажет:

- Сандық өзгерістер дегеніміз не?
- Сапалық өзгерістер дегеніміз не?
- Сандық және сапалық өзгерістердің орын алу себебі;
- Дүниежүзінің саяси картасында Қазақстан Республикасының тұрақтылығын қамтамасыз етудегі географиялық білімнің рөлі.

### САНДЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР    САПАЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР ДҮНИЕЖҮЗІ САЯСИ КАРТАСЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ

**Сандық өзгерістер.** Дүниежүзінің саяси картасында үнемі сандық өзгерістер болып тұрады. Яғни ондағы басты нысандардың: мемлекеттердің, отар мемлекеттердің, халықаралық аумақтардың, мәртебесі анықталмаған аумақтардың, өз егемендігін жариялаған мемлекеттердің саны өзгереді.

Егер де бір мемлекет екіншісін басып алса, онда саяси картада бір егеменді мемлекеттің саны кемиді де, отар мемлекеттің саны бірге артады.

Егер империя ыдырап, отар мемлекеттер тәуелсіздік алса, онда дүниежүзі картасында егеменді елдердің саны көбейеді. Мысалы, 1960 жылы дүниежүзінің саяси картасында тәуелсіз 17 жаңа мемлекет пайда болды. Олар: Англия, Франция, Италия мен Бельгияның бұрынғы колониялары. Осы жылды «Африка жылы» деп атады.

Кейде мемлекеттер бір-бірімен біріге немесе ыдырай алады.

Жер бетінде 1922 жылдан 1991 жылға дейін Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы атты мемлекет болды. Ол Батыс Еуропа аумағында, Орталық және Шығыс Азияның солтүстік бөлігінде орналасты. Оның құрамына Қазақстан Республикасының аумағы да енді. КСРО Жер бетіндегі адамдар тіршілік ететін құрлықтың 1/6 бөлігін алып жатты. Ыдырау алдында дүниежүзіндегі ең ірі мемлекет болды. Алайда 1991 жылы ол ыдырап, дүниежүзінде егеменді мемлекеттердің саны 15-ке артты.

1990 жылы қазан айында екі мемлекет – Герман Демократиялық Республикасы мен Германия Федеративтік Республикасы, сонымен қатар мәртебесі анықталмаған аумақ – Батыс Берлин бірігіп, Германия Федеративтік Республикасының құрамына кірді. Дүниежүзі картасында бір мемлекет саны мен мәртебесі анықталмаған бір аумақтың саны азайды.

Кейде қайсыбір аумақтардың тұрғындары өздері тұратын аймақты жаңа мемлекет ретінде жариялайды. Алайда олар шынында да егеменді мемлекетке айналуы үшін дүниежүзінің барлық мемлекеттері оларды егеменді мемлекет ретінде мойындауы қажет. Үнемі олай бола бермейді, бірақ осы үдерістің есебінен дүниежүзінің саяси картасында өз егемендігін жариялаған және мойындалмаған мемлекеттер саны көбейеді.

Дүниежүзінің саяси картасында ғарыш пен Дүниежүзілік мұхиттағы жаңа ашылулардың нәтижесінде, халықаралық қатынастардың дамуымен халықаралық аумақтардың ауданы өсуде (12-кесте).

12-кесте

### Халықаралық аумақтар

Халықаралық аумақ	Құрамы	Мақсаты
<b>Ғарыштық кеңістік</b>	Ғарыштағы кеңістік, Ай және басқа да аспан денелері	Бейбіт зерттеулер және барлық мемлекеттердің пайдалануы
<b>Антарктика</b>	Антарктиданың қайраң мұздықтары, Атлант, Тынық және Үнді мұхиттарының оңтүстік бөлігі және 60° о.е. оңтүстігі Мемлекеттер ғылыми мақсатта өз стансыларын салуға құқылы	Барлық әскери іс-әрекеттерге тыйым салу. Табиғат үшін қауіпсіз ғылыми зерттеулер жүргізу, табиғи экологиялық жүйенің бірегей және типтік үлгілерін сақтау
<b>Ашық теңіз</b>	Мемлекет аумағына кірмейтін теңіз бетінің телімдері	Еркін ұшып өту, кеме қатынасы, балық аулау, суасты шоғырсымдары мен құбыр желілерін тарту, мұхитқа шыға алатын және шыға алмайтын барлық мемлекеттердің ғылыми зерттеулер жүргізуі үшін
<b>Теңіздер мен мұхиттардың түбі</b>	Ұлттық құқық шегінен тыс барлық теңіздер мен мұхиттардың түбі	Дүниежүзілік мұхит түбінің ресурстарын – «дүниежүзілік мұра» ретінде жариялау, оған дүниежүзінің барлық мемлекеттерінің теңдей қолжетімділігін қамтамасыз ету, табысты барлық мемлекеттерге әділетті түрде бөлу
<b>Халықаралық бұғаздар</b>	Баб-эль-Мандеб, Гибралтар, Дрейка, Корея, Ла-Манш, Магеллан, Па-де-Кале, Сингапур, Босфор және Дарданелла	Халықаралық кеме қатынасы
<b>Халықаралық өзендер мен каналдар</b>	Рейн, Висла, Варта, Дунай, Дуэро, Маас, Шельда, Везер, Одер, Неман, Тахо, Нигер, Конго, Эмс, Эльба, Суэц, Панама және Киль каналдары	Континенттік мемлекеттердің теңіздерге шығуы, еркін кеме қатынасы



Мемлекеттердің сандық сипаттамалары да өзгеруі мүмкін. Ашық жерлердің, сатып алынған аумақтардың қосылуы немесе оларды соғыс, мемлекеттердің бірігуі немесе ыдырауы салдарынан жоғалтуы, құрлықтық жерлермен алмасу немесе теңізден құрлықтық жер қайтарып алу себепті мемлекеттің көлемі өзгереді. Ұлы географиялық ашылулар дәуірінде көптеген метрополиялардың аумақтары ұлғайды. Жапония екінші дүниежүзілік соғыста жеңілуі салдарынан өзінің бірқатар аралдарын Ресейге берді. Бұрындары Судан жер көлемі бойынша Африкада бірінші орында тұрса, мемлекеттің Судан және Оңтүстік Судан мемлекеттеріне ыдырауы нәтижесінде – тек үшінші орынға тұрақтады. Нидерланд ұзақ жылдар бойы басқа елдің еншісінде болған мұхиттағы жерлерін қайтарып алды. Жапония мен БАӘ жасанды аралдар тұрғызуда.

Мемлекеттің өз ішінде әкімшілік-аумақтық бірліктердің саны өзгеруі мүмкін. Қазақстанда 1997 жылға дейін 19 облыс болса, қазіргі уақытта – 14.



«Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша алған білімдеріңе, басқа да ақпарат көздеріңе, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына сүйене отырып, дүниежүзінің саяси картасының түрлі даму кезеңдерінде орын алған басқа да сандық өзгерістерге мысалдар келтіріңдер.

**ГЕОСЕРВИС. «Мемлекеттер мен астаналар».** Жүргізуші жеке-жеке мемлекет атауларын айтады, оқушылар сол мемлекеттің астанасын табады. Егер жүргізуші астананың атауын атаса, оқушылар оның қай мемлекетке тиесілі екенін табуы қажет.

**Сапалық өзгерістер.** Қазіргі уақытта дүниежүзінің саяси картасында сапалық өзгерістер басым.

Көптеген мемлекеттер өздерінің әлеуметтік-экономикалық құрылысын өзгерте алады.

Дүниежүзінің саяси картасы қалыптасуының ежелгі кезеңінде *қул иеленушілік құрылыс* үстем болды. Ал орта ғасырларда – *феодализм*, жаңа уақытта *капитализм* дами бастады. Ол жаңа уақытта жер шарының көпшілік бөлігінде жетекші әлеуметтік-экономикалық құрылыс болды. ХХ ғасырдың басынан бастап дүниежүзінің кейбір мемлекеттерінде *социалистік құрылыс* орнап, ол 90-жылдары қайтадан капитализммен алмасты.

Мемлекеттер өз мақсаттарына бірлесе қол жеткізуі үшін халықаралық ұйымдар құра алады.

Дүниежүзінің көптеген мемлекеттері халықаралық татулық пен қауіпсіздікке қолдау білдіру және нығайту, мемлекеттер арасындағы өзара ынтымақтастықты дамыту үшін 1945 жылы халықаралық ұйым – Біріккен Ұлттар Ұйымын құрды. Қазіргі уақытта оған 193 мемлекет мүше, соның ішінде **Қазақстан Республикасы** да бар.

Саяси картада мемлекетаралық «шиеленісті нүктелері» мен «ыстық нүктелер» (қарулы қақтығыс аймақтары) пайда болып, қайта ғайып болуы мүмкін. 2017 жылы ғаламшарымыздың «шиеленісті нүктелеріне» Сириядағы, Ирактағы, Йемендегі, Оңтүстік Судандағы, Мьянмадағы және басқа да жерлердегі әскери қақтығыстар аумақтары кірді.

Мемлекеттер өздерінің мемлекеттік егемендігін алуы немесе жоғалтуы мүмкін. ХХІ ғасырда Эритрея, Шығыс Тимор, Черногорие, Косово және Оңтүстік Судан мемлекеттері өздерінің егемендіктеріне қол жеткізді.

Жекелеген мемлекеттерде басқару және саяси құрылым формасының ауысуы байқалады. 2008 жылы көптеген ғасырлар бойы монархия – корольдік болған Непал мемлекеті федеративтік республикаға айналды.

Дүниежүзінің мемлекеттерінде кейде мемлекеттік режим формасының ауысуы орын алады. **Мемлекеттік режим** – мемлекеттің билік жүргізуді жүзеге асыру тәсілдері мен әдістерінің жиынтығы. Мемлекеттік режимдер *демократиялық* және *антидемократиялық* (тоталитарлық, әміршіл, нәсілшілдік) болуы мүмкін. Көптеген дамыған елдер – демократиялық елдер. Кеңес Одағының құрамында болған жаңа мемлекеттер тәуелсіздік алғаннан кейін де демократиялық бағытта дамуын жалғастыруда.

Мемлекеттер өз атауларын өзгертеді, жаңа атау береді немесе астанасын ауыстырады. ХХ ғасырдың тарихы өз атауларын өзгерткен көптеген мемлекеттер туралы баяндайды. Мысалы, Персия – Иран, Кампучия – Камбоджа, Бирма – Мьянма болып атауларын өзгертті. Қазақстан КСРО құрамында Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы деп аталды. Тәуелсіздік алғаннан кейін **Қазақстан Республикасы** болып атала бастады.

Жаңа кезең мен бүгінгі күннің тарихында да астана ауыстыру жиі болып тұрады. 1923 жылы Түркия өз астанасын Стамбұлдан Анкараға ауыстырды, Бразилия 1960 жылы астаналық мәртебені Рио-де-Жанейродан жаңа арнайы салынған Бразилия қаласына берді. 1990 жылы Германия астанасы Берлин қаласына өзгертілді, астана қызметін оған дейін Бонн қаласы атқарған болатын. 1997 жылы **Астана қаласы** Қазақстанның астанасы болды. Астанаға дейін астана қызметін *Орынбор*, *Қызылорда* және *Алматы* қалалары атқарған.

Сандық және сапалық өзгертулер бір-біріне қарама-қайшы келмейді. Көпшілік жағдайда олар бір-бірімен байланысты болады.



«Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша алған білімдеріңе, басқа да ақпарат көздеріне, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына сүйене отырып, дүниежүзінің саяси картасының түрлі даму кезеңдерінде орын алған басқа да сапалық өзгерістерге мысалдар келтіріңдер.

**Жалпыұлттық «мәңгілік ел» идеясы.** Қазақстан Республикасы жас мемлекет бола тұра, «Мәңгілік ел» болуға ұмтылуда. Бұл идея біздің Отанымыздың әнұранында айтылған: «Қарсы алған уақытты мәңгілік досындай біздің ел бақытты».

Әрбір мемлекеттің міндетті атрибуттары болуы тиіс. Бұлар – жер мен жер қойнауын қамтитын *аумағы*, әуе кеңістігі мен аумақтық сулары, онда жүргізілетін осы мемлекеттің егеменді билігі. *Аумақтық бүтіндік* – тарихтағы шиеленістердің бірі. Өйткені оны жоғалту мемлекеттің жойылуына әкеледі. Мемлекет өзінің аумағында тұрақты тұратын және оның билігіне бағынатын *халықты* қажетсінеді. Әр мемлекеттің *жария билігі* – органдар мен мекемелер жүйесі, мемлекеттік билікті жүзеге асыратын айрықша адамдар тобы болуы тиіс. Басты атрибуттарының бірі – *егемендік*, яғни ішкі және сыртқы істерде мемлекеттік биліктің үстемдік құруы және тәуелсіздігі. Ол билік субъектісінің соңғы шешімдерді өз бетінше және тәуелсіз түрде қабылдау мүмкіндігі ретінде анықталады. Мемлекеттің мемлекет ретінде *халықаралық мойындалуы* да өте маңызды. Бұл – мемлекеттердің басты атрибуттары. Олардың біреуін жоғалтудың өзі мемлекеттіліктің бұзылуына әкеледі. Қазақстан аумағының морфологиялық, сандық, сапалық сипаттамаларының кешенді зерттелуінің маңыздылығын айқындау үшін осы атрибуттар жеткілікті.

Әрбір қазақстандық мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, оның егемендігі мен жетістіктерін нығайтуға, халықтың өмір сүру деңгейінің сапасын арттыруға үлес қосуға, заңдар мен демократиялық процедуралардың негізінде билікпен сұхбат жүргізуге ұмтылуы тиіс. Дүниежүзінің саяси картасында кез келген сандық және сапалық өзгерістер орын алған жағдайдың өзінде, оның ішінде тек осы шарттарға сәйкес болғанда ғана біздің мемлекетіміз – аумағының көлемі бойынша дүниежүзінде 9-орын алатын Қазақстан Республикасы «Мәңгілік ел» бола алады.



Біздің мемлекетіміз «Мәңгілік ел» болуы үшін әрбір қазақстандыққа қандай географиялық білім мен дағды қажет?

**Геодерек.** 26 еуропалық мемлекет бірлесе отырып, өздерінің ортақ шекараларында төлқұжаттық және көші-қондық бақылауды алып тастауға шешім шығарып, «шенген аймағын» құрды. Оның ішінде осы мемлекеттердің азаматтары бір мемлекетте жүргендей еркін жүре алады. Басқа аймақтардың тұрғындары «шенген аймағы» мемлекеттерінің біріне кіру визасын ала отырып, осы елдердің әрқайсысының аумағына еркін ауысып жүре алады.

### Ойыңды тұжырымда



1. Сандық және сапалық өзгерістер бір-бірімен байланысты екендігіне мысал келтіріңдер.
2. Дүниежүзінің саяси картасында XX ғасырдағы Қазақстан Республикасының аумағына қатысты сандық және сапалық өзгерістерге мысал келтіріңдер.
3. Қалай ойлайсындар, Қазақстан Республикасына мемлекеттің әрбір атрибутын – мемлекет аумағын және оның тұтастығын, егемендігін, халқын, халықаралық мойындалуын сақтап тұру үшін қандай шаралар қабылдануда және тағы да қандай шаралар қабылдау қажет? Өз жауаптарыңды растайтын аргументтер мен фактілер келтіріңдер.



## Дүниежүзі мемлекеттерінің саяси-географиялық жағдайы

### Сабақтың мақсаты:

- Мемлекеттердің саяси-географиялық жағдайына баға беру.

### Мақсатқа жету үшін төмендегілерді білу қажет:

- Ұлттық мүдде дегеніміз не?
- Ұлттық мүдде қалай қамтамасыз етіледі?
- Саяси-географиялық жағдайы мемлекеттің дамуына қалай әсер етеді;
- Саяси-географиялық жағдай қалай бағаланады?

### САЯСАТ ҰЛТТЫҚ МҮДДЕЛЕР САЯСИ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ

**Ұлттық мүдде және саясат.** Әр мемлекеттің өз қажеттіліктері бар, ол *мүдде* деп аталады. Мемлекеттердің өмірлік маңызы бар мүдделеріне мыналар жатады:

- елдің егемендігі мен аумақтық тұтастығын сақтау және нығайту;
- ішкі және сыртқы қауіпсіздік;
- табиғи және техногендік апаттардан сақтану;
- құқықтық тәртіп;
- қоғамдық тұрақтылық және экономикалық өркендеу;
- ұлттық болмысты сақтау;
- ұлтаралық келісім;
- дүниежүзінің саяси картасында, басқа халықтардың арасында беделді орын алу;
- мемлекеттің жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау;
- әріптестік және ынтымақтастық негізінде тиімді халықаралық байланыстар орнату және дамыту.

Әр мемлекет өз **саясатын** жүргізеді, яғни ұлттық мүдделер жүйесін қамтамасыз ету бойынша іс-әрекет жасайды. Іс-шаралардың бірқатар бөлігі мемлекеттің ішінде жүргізіледі. Мұндай іс-әрекеттердің барлық түрлері *ішкі саясат* деп аталады. Өз мемлекетінің мүддесі үшін басқа мемлекеттермен жасалған өзара қарым-қатынас, халықаралық істердегі мемлекеттің жалпы беталысы *сыртқы саясат* деп аталады. Бұл сол мемлекеттің өзінің ұлттық мүддесіне сәйкес басқа мемлекеттермен және халықтармен қарым-қатынасын реттейді.

Әр мемлекеттің дамуы, ондағы бейбітшілік белгілі бір деңгейде оған көршілес елдерден, халықаралық ұйымдардан және дүниежүзін-

дегі басқа да саяси күштерден тәуелді болады. Бұл дүниежүзі елдерінің бір-бірімен тауар, көрсетілетін қызмет және адамдардың қозғалысы арқылы байланысуы салдарынан туындайды. Дүниежүзіндегі мемлекеттердің ешқайсысында ресурстар мен тауарлардың барлық түрлері жоқ, сондықтан оларды басқа мемлекеттерден сатып алады. Экономика негізі – сауда, сондықтан мемлекеттер өздерінің тауарларын көршілес мемлекеттердің тұрғындарына сатылғанын қалайды. Адамдар көршілес қалаларға жұмыс іздеу, іскерлік әріптестік үшін, бизнес, туризм, білім алу, емделу т.б. мақсатында барады.

Сауда, бірлескен бизнес, адамдардың орын ауыстыруы нәтижесінде капитал айналымы жүзеге асады. Бір мемлекет екіншісіне қарызға ақша береді немесе бірлесе табыс табу мақсатында экономиканы дамытуға үлес қосады.

Көршілес елдерден қауіп-қатер төнуі де мүмкін. Бір мемлекеттер әскери іс-қимылмен басып кіру арқылы басқа мемлекеттердің аумақтық тұтастығына қауіп төндіреді. Бейбітшілік сүймейтін бірнеше мемлекет түрлі одақтарға бірігіп, басқа мемлекеттерге қарсы бірлесе әрекет етуі мүмкін. Егер шегаралас мемлекеттер кедей болса, не болмаса, оның аумағында шиеленіс орын алса, онда олар еңбек мигранттары мен босқындардың ағылып келуін туындата отырып, демографиялық қысым көрсетеді.

Экономикалық тұрғыдан кедей мемлекеттер жақсы сатып алушы бола алмайды. Оларда көлік инфрақұрылымының даму деңгейі төмен болуы мүмкін және олардың жолдарын пайдалану мүмкін емес. Бірлескен бизнесті дамыту да қиындық әкеледі. Өйткені білім деңгейі, жұмыс күшінің сапасы әлдеқайда төмен. Мұндай мемлекеттерде қылмыскерлік деңгейі жоғары болатындығы байқалады.

Егер де көршілес мемлекеттерде соғыс жүріп жатқан болса, онда көптеген бизнес өкілдері, туристер қауіпсіздік мақсатында ол мемлекеттерге бармайды.

Қазақ халқы ежелден-ақ жақсы көршінің құндылығын байқап, «Жаман көрші – ұрыс пен керіс, жақсы көрші – алыс пен беріс» деп мақал-мәтелге қосқан. Олай болса, көршілеріңе, дүниежүзінің саяси картасының басқа нысандарына қатысты өз орныңды зерделеу – саяси, экономикалық және әлеуметтік маңызды іс. Сондықтан барлық мемлекеттер саяси кеңістіктегі өздерінің жағдайына жан-жақты талдау жасайды.



1. Қазақстан Республикасы аталған мемлекет мүдделерінің әрқайсысын қамтамасыз ету мақсатында саясат жүргізетіндігіне кез келген мысал келтіріңдер.

2. «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша алған білімдеріңе, бұқаралық ақпарат құралдарының және басқа да дереккөздерінің материалдарына сүйене отырып, көрші болудың қолайлы және қолайсыз әсерлеріне кез келген мысал келтіріңдер.

**Геосергіту. «Сандар бұлты».** Жүргізуші географиядағы барлығына белгілі және маңызды сандарды атайды. Ал сынып өлшем бірлігін көрсете отырып, сол санға қатысты географиялық нысанды, құбылысты немесе үдерісті табады. Мысалы, берілген жасырын сан – 1492, шешуі – Американың ашылған жылы. Егер бір санға қатысты екі дұрыс жауап болса, ол да дұрыс болып есептеледі.

**Мемлекеттің саяси-географиялық жағдайына сипаттама беру жоспары.** Мемлекеттің саяси-географиялық жағдайы – бұл оның басқа мемлекеттерге және олардың тобына, халықаралық одақтарға, әскери шиеленістерге қатысты, сонымен қатар экономикалық-географиялық нысандарға, аймақтық шиеленістер аудандарына, әскери базаларға қатысты дүниежүзінің саяси картасындағы орны.

Географтардың көптеген буыны мемлекеттің саяси-географиялық жағдайын бағалау жоспарын әзірледі. Ол төмендегідей негізгі мәселелерді қамтиды:

1. Мемлекет туралы жалпы мәліметтер, тарихи-географиялық аудандағы орны.

2. Халықаралық әскери, экономикалық және саяси ұйымдарға қатысуы.

3. Көршілес елдердің саяси және экономикалық бағасы:

– мемлекеттік шегараның өту сипаты, даулы аумақтардың болуы;

– көршілес-елдердің халықаралық ұйымдарға және әскери одақтарға қатысуы.

Олардың арасынан одақтық, бейбітшілік сүймейтін және бейтарап мемлекеттердің бөлінуі;

– көршілес мемлекеттердің экономикалық дамуы.

4. Мемлекеттің көлік жолдарына, шикізат және өнім нарықтарына қатынасы:

а) халықаралық көлік жолдарын пайдалану мүмкіндігі;

ә) көршілес елдермен сауда қатынасы;

б) мемлекеттің шикізатпен және отынмен қамтамасыз етілуі немесе басқа елдердегі шикізат пен отынның жақындығы.

5. Мемлекетке қауіп төндіретін, жер шарының «шиеленісті нүктелеріне» қатысы:

а) аймақтық шиеленістерге мемлекеттік тікелей немесе жанама қатысы;

ә) әскери-стратегиялық әлеуеті және шетелде әскери базасының болуы;

б) мемлекет үкіметінің халықаралық бәсеңдетуге және қарусыздандыруға қатынасы.

6. Мемлекеттің саяси-географиялық жағдайының қорытынды бағасы.

Сыныптан-сыныпқа өткен сайын, география оқулығын оқыту барысында бұл жоспар жаңа элементтермен толықтырылып отырады.



1. Қандай мамандық иелері мемлекеттің саяси-географиялық жағдайына сипаттама жасай алады?

2. Қандай тұлғалар мен ұйымдарға осыған ұқсас сипаттамалар қажет?



3. Қандай да бір мемлекетке бармай-ақ, оның саяси-географиялық жағдайын бағалауға бола ма? Өз жауаптарыңды аргументтермен және фактілермен растаңдар.

**Геодерек.** Жұмабек Тәшенев – кеңестік Қазақстан көшбасшыларының бірі, көрнекті саяси қайраткер, 1960 жылы КСРО басшылығы қазіргі Ақмола, Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Павлодар облыстарының аумағын (ҚР жалпы аумағының 21%-ы) Тың өлкесіне біріктіріп, басқа кеңестік республиканың құрамына беруге шешім қабылдағанда, қарсылық білдіріп, Қазақстан аумағының бүтіндігін сақтап қалған.

### Ойыңды тұжырымда



1. Параграф мәтінде келтірілген жоспар бойынша Қазақстан Республикасының және өз таңдауларың бойынша кез келген мемлекеттің саяси-географиялық жағдайына сипаттама беріңдер. Нәтижесін сыныпта көрсетіңдер.

2. Мемлекеттің ұлттық мүдделері мен өз аумағыңның да, басқа мемлекеттер аумақтарының да саяси-географиялық жағдайына баға берудің арасында қандай байланыс бар? Мысал келтіріңдер.



**Сабақтың мақсаты:**

- Саяси интеграцияның қажеттілігі мен мақсатын түсіндіру;
- Қазақстанның саяси интеграциясының мүдделері мен мақсаттарына талдау жасау.

**Мақсатқа жету үшін төмендегілерді білу қажет:**

- Интеграцияның қажеттілігі мен артықшылықтары;
- Интеграция түрі;
- Белгілі интеграциялық бірлестіктер;
- Қазақстанның интеграциялық бастамасы.

**ИНТЕГРАЦИЯ ТҮРЛЕРІ      ИНТЕГРАЦИЯ  
ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ БІРЛЕСТІКТЕР**

**Интеграцияның қажеттілігі, мақсаттары мен түрлері.** Барлық мемлекеттердің өздерін дамытудағы мақсатында ұқсастықтары көп. Олардың әрқайсысы тәуелсіздіктерін және аумақтық тұтастықтарын нығайтуға, ішкі және сыртқы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге ұмтылады. Мемлекет елдің жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасайды. Экономикалық гүлденуі үшін күш салады. Мәдениеттің, ғылым мен білімнің, қоршаған ортаны қорғаудың дамуын қамтамасыз етеді. Әр мемлекет тұрақтылық пен бейбітшілікті қолдап, дүниежүзілік қауымдастықта лайықты орын алуға мүдделі.

Кейде осы мақсаттарға қол жеткізу үшін бір мемлекеттің күш салуы жеткіліксіз болады. Өйткені ұлттық мүдделердің бірқатары мемлекеттік аумақ шегарасынан тыс жерлерде қамтамасыз етіледі.

Сонымен қатар әр елдің тұрғындарының да басқа елдермен байланысты мүдделері болады. Оларға басқа мемлекетте тұратын адамдармен туыстық және әлеуметтік байланыстары жатады. Адамдар шетелдерде жұмыс істеуі, білім алуы мүмкін. Көптеген адамдар алыс шетелдерге саяхат жасайды. Басқа мемлекеттердің медициналық мекемелерінде ем алады. Бір елдің азаматтары басқа мемлекеттердің мәдени құндылықтарына араласады.

Өндірістік және сауда компаниялары, қаржы мекемелері мен басқа да экономика субъектілерінің басқа елдерге қатысты өз мақсаттары болады. Мысалы, шикізат пен тауар сату және сатып алу, бірлесе өнім өндіру және басқа да кәсіби мүмкіндіктер.

Өзінің жеке мүдделерін және халық пен бизнестің талап-тілектерін қамтамасыз ету үшін дүниежүзі елдері бірлесе жақындасуға, яғни **интеграцияға** бағытталған саясат жүргізеді. Оған үдеріс ретінде де, жақындасудың нәтижесі ретінде де қарауға болады. Бірінші мағынасында, бұл – бірлесе қызмет атқаруға, ал кейбір жағдайларда түрлі елдердің бірігуіне әкелетін үдерістер. Екінші мағынасында интеграция ретінде ортақ мақсатқа бірлесе қол жеткізу үшін құрылған мемлекет-аралық бірлестіктер алынады.

**Интеграцияның басты мақсаттары 13-кестеде келтірілген.**

13-кесте

### Интеграцияның мақсаттары

<b>Саяси</b>	– қолайлы сыртқы саяси орта қалыптастыру, саяси, әскери, әлеуметтік, мәдени және басқа да экономикалық емес салаларға қатысушы елдердің өзара түсіністігі мен ынтымақтастығын нығайту.
<b>Экономикалық</b>	– тауар, көрсетілетін қызмет, капитал және адам қозғалысы жолында ішкі шеғарасыз кеңістікті қалыптастыру; – сауда, кеден, экономикалық, салық, қаржы саясатына қатысушы-елдерді жақындастыру; – кейбір жағдайларда – бірыңғай валюта енгізу.
<b>Әскери</b>	– бейбітшілікті, қауіпсіздікті және тұрақтылықты нығайту; – сыртқы әскери-саяси қауіптерден ұжымдық қорғаныс; – халықаралық лаңкестікпен және экстремизммен, ұлтаралық ұйымдасқан қылмыспен, есірткі тасымалымен, заңсыз көші-қонмен, кибер қылмыскерлікпен күресу; – төтенше жағдайларда, гуманитарлық апаттарда ұжым болып жедел әрекет ету.

Әр сыныпқа жоғарылаған сайын, сендер көптеген түрлі интеграциялық бірлестіктер жайында білетін боласыңдар. Ал бұл параграфта олардың жекелеген түрлерімен танысасыңдар.

Қазіргі уақытта мынадай **интеграция түрлері** бар:

– **еркін сауда аймағы** – мұнда қатысушы-елдер өзара саудада тек кедендік кедергілерді алып тастайды;

– **кеден одағы** – мұнда елдер тек топтасушы елдердің ішінде тауар мен көрсетілетін қызмет жолындағы шектеулерді алып қана қоймайды, сонымен бірге үшінші тарапқа қатысты бірыңғай кедендік тариф енгізеді. Кеден табысы келісімге сәйкес теңбе-тең үлестіріледі;

– **ортақ нарық** – мұнда кедергілер өзара саудада ғана емес, сонымен қатар жұмыс күші мен капиталдың жылжуынан да алынып тасталады; яғни тауар, қызмет, капитал, жұмыс күшінің нақты ортақ нарығы қалыптасады;

– **экономикалық одақ** – мұнда елдер тек ортақ нарық қалыптастырып қана қоймайды, сонымен бірге бірыңғай экономикалық саясат жүргізеді, ортақ аймақта өтетін әлеуметтік-экономикалық үдерістерді реттеу жүйесін құрады;

– **валюталық одақ** – мұнда ортақ нарық пен бірыңғай саясаттан басқа бірыңғай банк жүйесі құрылып, кейбір жағдайларда – бірыңғай валюта алынады;

– **әскери-саяси одақ** – мұнда мемлекеттер ортақ саяси, экономикалық, әскери және басқа да мәселелерді шешу үшін бірлесе әрекет ету мақсатында келісімге қол қояды.

**Интеграциялық бірлестіктердің географиясы.** 14-кестеде белгілі интеграциялық бірлестіктерге мысалдар келтірілген.

14-кесте

### Интеграция түрлері

Интеграциялық бірлестіктердің түрі	Интеграциялық бірлестіктер
Еркін сауда аймағы	<ul style="list-style-type: none"> <li>● <b>НАФТА</b> – Солтүстік америкалық еркін сауда аймағы, мемлекеттер – <i>АҚШ, Канада және Мексика</i>;</li> <li>● <b>Еуропалық еркін сауда қауымдастығы</b>, мемлекеттер – <i>Исландия, Лихтенштейн, Норвегия, Швейцария</i>.</li> </ul>
Кеден одағы	<ul style="list-style-type: none"> <li>● <b>Меркосур</b> – Оңтүстік Америка елдерінің ортақ нарығы, мемлекеттер – <i>Аргентина, Бразилия, Уругвай, Парагвай, Венесуэла</i>;</li> <li>● <b>Оңтүстік Африкалық кеден одағы</b>, елдер – <i>ОАР, Ботсвана, Лесото және Свазиленд, Намибия</i>;</li> <li>● <b>Кедендік одақ</b>. <i>Қазақстан, Ресей, Беларусь және Армениямен</i> бірігіп құрылған.</li> </ul>
Ортақ нарық	<ul style="list-style-type: none"> <li>● <b>Еуропалық экономикалық аймақ</b>, қатысушылар – <i>ЕО, Норвегия, Исландия және Лихтенштейн</i>;</li> <li>● <b>Андүлттар қоғамдастығы</b>, мемлекеттер – <i>Боливия, Колумбия, Эквадор және Перу</i>.</li> </ul>
Экономикалық одақ	<ul style="list-style-type: none"> <li>● <b>Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттерінің қауымдастығы (АСЕАН)</b>, мемлекеттер – <i>Бруней, Вьетнам, Индонезия, Камбоджа, Лаос, Малайзия, Мьянма, Сингапур, Таиланд, Филиппин</i>;</li> <li>● <b>Кариб қоғамдастығы</b> – Орталық және Оңтүстік Американың солтүстік-шығысындағы елдердің сауда-экономикалық одағы, мемлекеттер – <i>Антигуа және Барбуда, Багам аралдары, Барбадос, Белиз, Доминика, Гренада, Гайана, Гаити, Ямайка, Монтсеррат, Сент-Китс және Невис, Сент-Люсия, Сент-Винсент және Гренадина, Суринам, Тринидад және Тобаго</i>;</li> <li>● <b>Еуропалық-экономикалық одақ</b>. <i>Қазақстан, Ресей, Беларусь, Қырғызстан және Армения</i> арасында құрылған.</li> </ul>
Валюталық одақ	<ul style="list-style-type: none"> <li>● <b>Еуропалық Одақтың экономикалық және валюталық одағы</b>, мемлекеттер – <i>Аустрия, Бельгия, Германия, Грекия, Ирландия, Испания, Италия, Кипр, Латвия, Литва, Люксембург, Мальта, Нидерланд, Португалия, Словакия, Словения, Финляндия, Франция, Эстония</i>.</li> </ul>

**Әскери-саяси одақ**

- **Солтүстік Атлантикалық келісім ұйымы (НАТО)**, мемлекеттер – *Бельгия, Ұлыбритания, Дания, Исландия, Италия, Канада, Люксембург, Нидерланд, Норвегия, Португалия, АҚШ, Франция, Грекия, Түркия, Германия, Испания, Венгрия, Польша, Чехия, Болгария, Латвия, Литва, Румыния, Словакия, Словения, Эстония, Албания, Хорватия, Черногория.*
- **Еуропа Қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (ЕҚЫҰ)**, *Солтүстік Америка, Еуропа мен Орталық Азияда орналасқан 57 елді біріктіреді. Оған Қазақстан Республикасы кіреді.*



1. Ұлттық мүдделер, интеграция мақсаттары мен түрлері арасындағы байланыстарға мысал келтіріңдер.
2. Неліктен интеграцияны үрдіс ретінде де, нәтиже ретінде де қарастыруға болады?
3. Кестедегі мәліметтер бойынша жер шарының қай аймағы интеграциялық үдерістерге ауқымды түрде тартылғанын болжаңдар.

**ГЕОСЕРВИС. «Сандар жиынтығы».** Жүргізуші картадан материк немесе мұхитты көрсетеді, ал оқушылар материкті сипаттайтын өлшем бірлігі бар айрықша маңызды сандарды атайды. Мысалы, Еуразияны көрсеткен кезде, 8848 м санын атауға болады.

**Қазақстанның интеграциялық үдерістерге қатысуы.** Қазақстан әлемдік аренада серпінді дамып келе жатқан экономикасы мен айқын құрылған сыртқы саяси басымдықтары бар қалыптасқан тұрақты мемлекет ретінде танылды. Дүниежүзінде мемлекеттің белсенділігі, рөлі мен халықаралық беделі артуда, оның аймақтағы ықпалы мен дүниежүзі экономикасы үшін маңызы өсіп келеді.

Қазақстанның ұлттық мүдделеріне сәйкес біздің еліміздің сыртқы саясаты төмендегідей басты мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған:

- 1) ұлттық, аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті нығайту;
- 2) Қазақстанға қолайлы халықаралық орта қалыптастыру, дүниежүзінің барлық мемлекеттерімен достық, тең құқылы және өзара тиімді қарым-қатынастарды нығайту;
- 3) ұлттық экономиканы әртараптандыру негізінде халықаралық қоғамдастықта және дүниежүзілік шаруашылық байланыстарда Қазақстан интеграциясының жоғары деңгейіне қол жеткізу;
- 4) аймақ мемлекеттерінің экономикалық интеграциясына арналған шарттар мен алғышарттарды қамтамасыз ету;
- 5) мәдени-гуманитарлық, ғылыми-танымдық және басқа да межелес салаларда халықаралық ынтымақтастықтың қарқындылығын арттыру;

6) Қазақстан Республикасы азаматтарының және заңды тұлғаларының, олардың шетелдердегі жеке басы, отбасылық және іскерлік мүдделерінің құқықтық қорғанысын нығайту.

Болжанған нәтижеге қол жеткізу үшін Қазақстан Республикасы бірқатар интеграциялық ұсыныстар жасады, олар сәтті жүзеге асырылды. Олардың кейбірі 15-кестеде келтірілген.

15-кесте

### Қазақстанның интеграциялық бірлестіктерде мүшелігі

Интеграциялық бірлестік	Құрылу мақсаты	Қатысушы-мемлекеттер
Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес (АӨСПК)	Аймақта тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында Азия мемлекеттерінің өзара қарым-қатынасы мен ынтымақтастығын нығайту	Өзірбайжан, Ауғанстан, Бахрейн, Вьетнам, Египет, Үндістан, Ирак, Иран, Израиль, Қазақстан, Камбоджа, ҚХР, Қырғызстан, Моңғолия, Пәкістан, Палестина, Ресей, Тәжікстан, Таиланд, Түркия, Өзбекстан
Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ), әскери одақ болып табылмайды	Ортақ кеңістікте тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайту, лаңкестікпен, жікшілдікпен, экстремизммен, есірткі тасымалымен күрес, экономикалық, энергетикалық, ғылыми және мәдени өзара ықпалдастық	Үндістан, Қазақстан, Қырғызстан, ҚХР, Пәкістан, Ресей, Тәжікстан, Өзбекстан
Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД), мемлекет үстілік құрылым болып табылмайды	Бұрын КСРО құрамында болған мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық қарым-қатынасты реттеу	Өзірбайжан, Армения, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Молдова, Ресей, Тәжікстан, Өзбекстан
Еуразиялық Экономикалық Одақ (ЕЭО)	Тауар, қызмет, капитал және жұмыс күшінің еркін қозғалысын қамтамасыз ету, экономика салаларында келісілген немесе бірыңғай саясат жүргізу	Армения, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей
Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы (ҰҚШҰ)	Бейбітшілікті, халықаралық және аймақтық қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайту, ұжымдық негізде тәуелсіздікті, аумақтық тұтастықты және мүше-мемлекеттердің егемендігін қорғау	Армения, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан



1. Интеграциялық бірлестіктерге қатысуына орай Қазақстан сыртқы саясаттың қандай мақсаттарын көздейді?



2. Қазақстан құрамына кірегін ұйымдар мен одақтар интеграциялық бірлестіктің қандай түріне жатады?

3. 15-кестеден 14-кестедегі әрбір бірлестікке ұқсастарын анықтаңдар.

**Геодерек.** Қазақ халқының мәдени элементтерінен «қазақша күрес», киіз үй, күй, айтыс, құс салу (саятшылық), Наурыз, тандыр нанды әзірлеу және пісіру мәдениеті ЮНЕСКО-ның «Ауызша және материалдық емес мәдени мұра жауһарлары» бағдарламасы шеңберінде қорғауға алынған.

### Ойыңды тұжырымда



1. Параграф мәтінінде аталған кез келген интеграциялық бірлестік туралы таныстыру әзірле. Таныстыру шарттарын алдын ала анықтап алыңдар. Қайталауды болдырмас үшін сыныптастарыңмен тақырыпты келісіп алыңдар.



## № 11 тәжірибелік жұмыс

Гиперсілтемелерді пайдалана отырып, MS Word MS Power Point форматында «Дүниежүзінің саяси картасы» тақырыбында құжат жасаңдар. Бұл тақырып бойынша жазылған жалпы мәтін өзің жасаған құжаттың басқа жерлеріне, осыған ұқсас форматтағы файлдарға немесе осы тақырыпқа қатысты ақпараттардан құралған веб-сайттарға жасалған сілтемеден тұрады. Сендер жасаған құжат төмендегідей сілтемелерден құралуы мүмкін немесе сендер өз сілтемелеріңді көрсете аласыңдар. Қалай болғанда да, бұл тапсырма тақырыпты ашып тұруы қажет. Өз жұмыстарыңды сыныптың алдында қорғаңдар. Бұл жұмысты қорғаған кезде басты назар тақырыптың мазмұнына және оның ашылуына (жан-жақты қамтылуына) бөлінуі тиіс.

1. Дүниежүзінің саяси картасы
2. Дүниежүзінің саяси картасының даму кезеңдері
3. Дүниежүзінің саяси картасының басты нысандары (егеменді мемлекеттер, өзін-өзі басқармайтын аумақтар, халықаралық мәртебедегі аумақтар, мәртебесі анықталмаған аумақтар)
4. Басқарудың негізгі түрлері (республика, монархия)
5. Әкімшілік-аумақтық құрылымның негізгі түрлері (біртекті және федеративтік мемлекеттер)
6. Дүниежүзінің саяси картасында өзгерістер (дүниежүзінің саяси картасындағы сандық және сапалық өзгерістер)
7. **Гиперсілтеме** – бұл графиктік нысан немесе Word мәтіндік құжатындағы, ғаламтор-құжатындағы мәтіннің бір бөлігі, ол бір қадамның (басудың) көмегімен ғаламтор желісінің осы немесе басқа ресурстарының басқа парақшасына, немесе құжаттың басқа бөлігіне өтуге мүмкіндік береді. Техникалық тұрғыдан html-да немесе Office, Word және басқа да қосымшаларда код бөлігін білдіреді. Веб-қолданушылар, ереже бойынша, әрбір парақшада ең аз дегенде бір сілтеме таба алады. Бұл гиперсілтемелердің ең қарапайым түрі кіріктірілген мәтін немесе кіріктірілген сілтеме деп аталады.

Мұндай жағдайда сілтеме, ереже бойынша, асты сызылып белгіленген, және көбінесе көк түспен ерекшеленген бір сөз немесе сөздер тобы түрінде бейнеленеді. Гиперсілтемені бір рет басу парақшаның бір бөлігінен сол парақшаның басқа бөлігіне дейін, немесе басқа ғаламтор-парақшасына өтуге мүмкіндік береді.

Гиперсілтеме төмендегілерді желеу ете алады:

- кез келген web-парақшаны;
- web-парақшаның кез келген жерін, яғни осы парақшаның белгілі бір тарауына, бөліміне өту жүзеге асырылады;
- кез келген форматтағы құжат (үйлесімді форматтағы құжаттар тікелей шолушының терезесінде ашылады), не сәйкесінше (қауымдастырылған) бағдарламалар, мысалы, бейнетүсірілім көру, дыбыстық файлдар тыңдау және т.б. үшін;
- кез келген файл – мұндай жағдайда оның жүктелімі немесе Сенің компьютеріңнің қатқыл дискісіне (жергілікті диск) жазылу жүзеге асады;
- электрондық пошта адресі – хабарламалар жазу үшін терезе ашылады.





## Географиялық білім мен дағдылардың Қазақстанның дамуындағы рөлі

1. Қазақстан Республикасы дамуының негізіне жалпыұлттық «Мәңгілік ел» идеясы алынған. Мемлекет, қоғам, барлық қазақстандықтар өз еліміздің тіршілікке қабілеттілігін қамтамасыз етуге ұмтылуы тиіс. Біз Қазақстан мемлекеттілігінің атрибуттарын сақтауымыз және тұрақты дамуын қамтамасыз етуіміз, болашақта олардың бар болуына және тиімділігіне кепілдік беруіміз қажет.

Оқу жылы ішінде барлық бөлімдерді оқып үйрену барысында алынған білімдерің мен дағдыларыңа сүйеніп, елімізді дамытудың сандық және сапалық көрсеткіштерін көрсете отырып, Қазақстан Республикасының тіршілікке қабілеттілігін қамтамасыз ететін идеяларыңды ұсыныңдар.

№	Түрткіжайт	Құраушы	Идея
	Географиялық	Аумақтың өлшемі, орналасқан жері, жер бедері, шегарасының ұзындығы және кескіндемесі т.б.	
	Геофизикалық	Климат, табиғи ресурстардың бар болуы, су ресурстарының бар болуы және басқалар.	
	Саяси	Саяси режим, басқару мен мемлекеттік құрылымның ерекшеліктері және т. б.	
	Әлеуметтік	Өмір сүру деңгейі, әлеуметтік құрылымның ерекшеліктері, халықтың урбандалу дәрежесі және т. б.	
	Экономикалық	Экономиканың дамығандық дәрежесі, экономикалық өсудің қарқыны мен болашағы, инфрақұрылым, стратегиялық қордың бар болуы және басқалары.	
	Әскери	Қарулы күштердің жауынгерлік қабілеттілігі, заманауи қарулану, әскер саны, ядролық қарудың бар болуы және т.б.	
	Мәдени-діни	Конфессионалдық және ұлттық дәстүрлер, ғылымның, білімнің, денсаулық және т.б. даму деңгейі.	
	Демографиялық	Халық саны, оның құрамы, орналасу тығыздығы, бала туылу және адам өлімі деңгейі және басқалары.	
	Экологиялық	Қоршаған ортаның жағдайы және т.б.	

## 6-бөлімге шолу

**6-бөлім – «Саяси география негіздерімен елтану» сабақтары бойынша Сендер білесіңдер:**

**Саяси география** кеңістікте қоғамның саяси өмірінің ұйымдастырылуын және саяси күштердің аумақтық үйлесімін зерттейді. Олар уақыт өте келе олардың өзгеруімен, қоғамның мемлекеттерге және тәуелді аумақтарға бөлінуімен, дүниежүзінің аймақтарына оларды орналастыру ерекшеліктерімен, аймақтық саяси бірлестіктер қалыптастыруымен бірге **дүниежүзінің саяси картасында** көрініс табады. Оның даму кезеңдері дүниежүзі тарихының кезеңділігімен сәйкес келеді. Дүниежүзінің саяси картасының өзгеруі сандық және сапалық өзгерістермен анықталады. Олар бір-бірімен байланыста болады.

**Дүниежүзінің саяси картасының басты нысандары:** егеменді мемлекеттер, отар елдер, халықаралық аумақтар, мәртебесі айқындалмаған аумақтар, өз егемендігін жариялаған мемлекеттер. Мемлекеттер **басқару түрі** және саяси құрылымы бойынша ерекшеленеді.

**Жалпыұлттық «Мәңгілік ел» идеясы** қазақстандықтарды өз еліміздің өміршеңдігін нығайту жөнінде қызмет атқаруға бағыт береді.

**Саясат** – өз мақсаттарының жүйесіне қол жеткізу бойынша мемлекеттің атқаратын қызметі, ішкі және сыртқы болып бөлінеді. Ішкі және сыртқы саясатты тиімді жүргізу мақсатында **дүниежүзі елдерінің саяси-географиялық жағдайына талдау** жүргізіледі.

Дүниежүзі елдері ортақ мақсаттарға қол жеткізу үшін **интеграцияға** ұмтылады. Интеграция формалары – **еркін сауда аймағы, кеден одағы, ортақ нарық, экономикалық және валюта одағы, әскери-саяси одақ**. Қазақстан – көптеген интеграциялық үдерістерге қатысушы мемлекет.

**Қолдарыңнан келеді:**

- Дүниежүзі саяси картасының нысандары арасындағы айырмашылықты анықтау;
- Дүниежүзі мемлекеттерінің саяси-географиялық жағдайына талдау жасау;
- Қазақстан Республикасының саяси-географиялық жағдайына, саяси ұйымдастырылуына сипаттама беру;
- Уақыт таспасын жасау, тақырыпқа сәйкес гиперсілтемелерді қолдана отырып таныстыру;
- Дүниежүзінің саяси картасындағы сандық және сапалық өзгерістерді талдау, олардың байланысын түсіндіру;
- Қазақстанның мемлекеттілігін нығайту үшін идеялар ұсыну.

## СӨЗДІК

**Агломерация** – аумақтары жанасып жатқан қалалардың өзара байланысқан жүйесі, тұрғындарды орналастырудың топтық түрінің жекелеген жағдайы.

**Агроөнеркәсіптік кешен** – ауылшаруашылығының, сонымен бірге онымен байланысқан өнеркәсіптік өндіріс салаларының (ауылшаруашылығы мәшинелерін жасау, минералдық тыңайтқыштар және өсімдіктер мен жануарларды қорғау құралдарын өндіру, тағам және ішінара жеңіл өнеркәсіптер) жиынтығы.

**Адам өлімі** – 1000 адамға шаққандағы адам өлімінің саны, промиллемен есептеледі.

**Аймақ** – осы ауданды басқа аудандардан ерекшелеп тұратын ортақ белгілері бар жекелеген экономикалық-географиялық ауданды білдіретін жақын жатқан елдер тобы.

**Аймақшылдық** – шалғай жатқан кеңістіктердің дербестігіне бағдарлану. Бірнеше түрлері бар: экономикалық, мәдени, саяси және стратегиялық.

**Аймақтық саясат** – басқарудың аймақтық жіктелуін қамтамасыз ететін географиялық және аймақтық әлеуметтік-экономикалық ортаның тұрткіжайттары есепке алу.

**Аймақтық деңгей** – аймақ билігінің (биліктің шаруашылық іс-әрекеттерге араласудан бас тартуын шамалайтын «либералдық» және мемлекеттік бақылаудың осы және басқа түрде сақталуын болжайтын «консервативтік») сипатының моделін таңдау.

**Аймақтың инвестициялық климаты** – қоғамдық-саяси, табиғи-шаруашылық және психологиялық сипаттардың жиынтығы, олардың экономикалық-географиялық жағдаймен және макроэкономикалық тенденциялармен үйлесімі инвестициялық тәуекелдің дәрежесін анықтайды.

**Аймақшылдық қағидасы** – географиялық зерттеу мен сипатаудың бастапқы объектісі нақты аумақ (аймақ) болатындығын білдіреді, оған табиғи феномендердің белгіленген кешені, тұрғындар мен олар құрған шаруашылық тән.

**Айрықша қорғалатын табиғи аумақтар** – айрықша маңызды экологиялық функциялары бар жер және су кеңістіктері, олардың заңмен белгіленген айрықша күзет режимі болады.

**Ақпараттық индустрия** – жеке және заңды тұлғалар арасында коммуникацияны, сонымен қатар ақпараттың өндірілуін қамтамасыз етеді. Бір мезетте инфрақұрылымдық сала – жаңа ғылымды қажетсінетін өнеркәсіптің салалар жиынтығы («жоғары технологиялар» түсінігімен біріктірілген), интеллектуалдық еңбек пен айрықша ақпараттық қызмет көрсету аясы.

**Антропогендік жүктеме** – табиғи ортаның жекелеген компоненттеріне (жер бедері, топырақ, өсімдік, жануарлар әлемі) немесе толықтай ландшафтқа шаруашылық іс-әрекеттің барлық түрінің әсері.

**Аң аулау шаруашылығы** – аңдар түріндегі табиғи ресурстарды өндіру және ұдайы өндіру.

**Астана** – мемлекеттің басты қаласы, елдің әкімшілік-саяси орталығы.

**Атажұртқа оралу** – елден шығып кеткендердің қайта оралуы.

**Аудан құру** – ішкі өзара байланысы мен өзара әрекеттестігінің қарқындылығы жоғары ландшафт элементтерінің (табиғи аудан құру) немесе қоғамдық ұдайы өндіріс элементтерінің (экономикалық аудан құру) тұрақты кеңістіктік үйлесімінің пайда болу үдерісі. Аудан құру – географиялық қабықтың әртектілігін, оның түрлі элементтерінің әркелкі хронологиялық қарқындылығын көрсету.

**Аумақтық-өндірістік кешен** – шектеулі аумақтағы өндірістердің (салалардың) өзара байланыстағы және өзара шарттастықтағы үйлесімі. АӨК экономикалық бірлігі өнеркәсіп өндірістері мен ауылшаруашылығының өндірістік-аумақтық байланыстарымен, жалпы табиғи және экономикалық шарттар мен ресурстардың қолданылуымен, өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылыммен және тұрғындарды орналастырудың жалпы жүйесімен құрылады.

**Ауыл тұрғындары** – ауылшаруашылығы қызметін орындайтын елді мекендерде тұрақты тіршілік ететін халық, сонымен қатар орманшаруашылығымен айналысатын адамдар. Ауылға орналастырудың басты түрлері: топтық (ауылдық); бытыраңқы (фермерлік).

**Ауылшаруашылық** – материалдық өндірістің басты салаларының бірі: өнім алу үшін мәдени өсімдіктерді егу және мал өсіру.

**Ауылшаруашылық алқаптары** – ауылшаруашылығына қолданылатын аумақтардың бір бөлігі. Өңделген жерлерден (егістік, көпжылдық көшеттер – бақшалар мен жүзімдіктер), жайылым мен шабындықтан тұрады.

**Ауылшаруашылығының қарқынды типі** – капиталдық шығынның жоғары деңгейін және электрлендіру, механикаландыру, мелиорация және ауылшаруашылық алқаптары мен мал басын көбейтуге қатысы жоқ басқа да іс-шаралар есебінен өндіріс көлемінің артуын қамтамасыз етуді болжайды.

**Әлеуметтік саясат** – экономикалық емес мақсаттарға қол жеткізу үшін шаруашылық субъектілерге қойылатын шарттар мен талаптарды анықтау (аймақ тұрғындарын әлеуметтік кепілдіктермен қамтамасыз ету, қоршаған орта жағдайын жақсарту және т.б.).

**Әлеуметтік-гуманитарлық зерттеу** – әлеуметтік және мәдени құбылыстарды зерттеу, қоғам дамуының заңдылықтарын, себептері мен даму көздерін айқындау.

**Әлеуметтік-экономикалық география** – экономикалық география, әлеуметтік география және тұрғындар географиясы болып бөлінеді. Оның зерттеу объектілері – халық, шаруашылық және оның салалары, жаратылыс жағдайы мен ресурстар.

**Әлеуметтік даму индексі** – бірқатар көрсеткіштерді қолдана отырып, әлеуметтік даму дәрежесін анықтау. Алғаш 1990 жылы БҰҰ ұсынған және табыс, білім деңгейі және өмірдің ұзақтығы дәрежелеріне сүйенеді.

**Әскери және стратегиялық география** – шегараларды зерттейтін, мемлекеттік шегаралардың тарихы мен қалыптасуын зерттейтін ғылым.

**Әскери өнеркәсіп** – армияны қаруландыру және техникалық жарақтандыру үшін, яғни әскери техникамен, қарумен, оқ-дәрімен, байланыс құралдарымен, киімдермен және басқалармен қамтамасыз ету үшін өнімдер өндіретін ауыр және жеңіл өнеркәсіп салалары. Қорғаныс өнімдерін шығаруды қысқарту және әскери зауыттарды қайта бағдарлау конверсия деп аталады.

**Әуе көлігі** – әуе арқылы жүктердің тасымалын жүзеге асыратын авиациялық көлік. Жоғары жылдамдық, үлкен қашықтықты бағындыру мүмкіндігі тән. Бірінші кезекте, шұғыл жеткізілуі тиіс жүктерді және жолы қиын аудандарға тасымалдау үшін қолданылады. Ең ірі «әуе державалары» – АҚШ, Ресей, Жапония, Ұлыбритания, Франция, ГФР, Канада.

**Байырғы тұрғын халық** – сол немесе басқа аумақта тарихи тұрғыдан қалыптасқан және ол жерді бірнеше ұрпақтан бері мекендеп келе жатқан, онымен экономикалық, әлеуметтік, мәдени және басқа да қатынастармен байланысқан аборигендер, этникалық қауымдастықтар (этностар). Байырғы тұрғындар жүздеген жылдар бойы қалыптасады.

**Бала туу** – 1000 адамға шаққандағы бір жыл ішінде туылған балалар саны промиллемен есептеледі.

**Балықшаруашылығы** – сыртқы және ішкі суқоймаларында балық өндіруі (аулау) және ұдайы өндіру (өсіру).

**Батпақтану** – жерасты сулары деңгейінің көтерілуі, ағыстың қиындауы, сүтіректің жақын орналасуы салдарынан немесе булану режимінің бұзылуы нәтижесінде топырақ пен жердің артық ылғалдануы.

**Бейөндірістік сала** – материалдық игіліктер алынбайтын қызмет түрі.

**Биологиялық ресурстар** – қалпына келтірілетін, таусылатын табиғи ресурстар: орман, басқа да өсімдіктер, кәсіптік аң аулау, балықтар және басқа гидробиологиялық ресурстар.

**Болжам** – зерттеу объектісінің болашақтағы жағдайы туралы ықтимал пайымдау.

**Бұғышаруашылық** – жартылай жабайы солтүстік бұғысын Еуразия мен Алясканың тундралық аудандарында өсіру.

**Білім алу** – жүйеленген білім, икемділік пен дағды. Жалпы және арнайы (кәсіби) білім болып бөлінеді.

**Біртекті мемлекет** – әкімшілік-аумақтық құрылым түрі, ондай мемлекеттерде бірыңғай заңнамалық және атқарушы билік болады.

**Бірыңғай энергетикалық жүйе** – энергияның берілу құралдарымен біріктірілген, энергия көздерінің жүйесі. Әдетте бұл электрстансылар, жоғары вольтты желілермен біріктірілген электр берілістері, сонымен қатар газ өндіру кәсібі, газ тазалағыш кәсіпорындар мен газ құбыры желісі. Ол энергия тұтыну көлемі артқан жерге оны жылдам жеткізуге мүмкіндік береді.

**Біріктіру** – елдер мен аймақтардың өзара сіңісу және аумақтық әлеуметтік-экономикалық кешендердің бірігу үдерісі.

**Бюджеттік саясат** – мемлекеттік қаржы ресурстарын қалыптастыру мен пайдалану және оларды аймақтар арасында қайта үлестіру механизмі.

**Географиялық орта** – Жер табиғаттың бөлігі, онымен осы тарихи даму кезеңінде адамзат қоғамы өз өмірі және өндірістік қызметі барысында тікелей өзара әрекеттеседі. Ол **екіншілік** табиғат деп аталатын элементті құрған адамдардың іс-әрекеттерінің әсерінен географиялық қабықтың дамуы нәтижесінде туындаған. Бұл – жасанды өзгерістер. Өз кезегінде, жер бедерінің көптеген түрлері адамның еркінен тыс, бірақ оның іс-әрекетіне байланысты туындаған, мысалы: жыра, көшкін. Алайда адамзат баласы жанды табиғатқа айрықша үлкен әсерін

тигізген. Ол өсімдіктер мен жануарлардың жаңа түрлерін шығарды. Жаңа территорияларды игеру қоршаған ортаны өзгертеді: мәдени өсімдіктер мен жануарлар жабайы флора мен фаунаны ығыстырады.

**Геоурбанистика (урбанистика)** – экономикалық географияның бөлімі, қалалық орталықтардың жұмыс істеуі және дамуына қатысты кешенді талдаумен және қиындықтарды зерттеумен айналысады.

**Ғылыми-техникалық төңкеріс (ҒТТ)** – ғылымның тікелей қоғамның өндірістік күшіне айналуына негізделген, адамзаттың өндірістік күшімен сапалы түбегейлі өзгеріс. ҒТТ жаңа материалдар мен энергия көздерінің ашылуына, жаңа технологиялардың өзірленуіне, автоматтандырудың дамуына әкелді. ҒТТ кезінде өндіріс пен ғылым пәндерінің жаңа салалары пайда болады, ғылымның, мәдениеттің, ақпараттың (шаруашылықтың өндірістік емес саласының) рөлі артады. ҒТТ-тің құрамдас бөліктері: ғылым, техника мен технология және өндіріс.

**Дамушы елдер** – өзінің әлеуметтік-экономикалық дамуы тұрғысынан жетекші елдерден қалып қойған мемлекеттердің сансыз көп тобы.

**Дәстүрлі табиғатты пайдалану** – жергілікті байырғы халықтың тұрақты, тарихи қалыптасқан және табиғи шартталған шаруашылық іс-әрекеттерінің түрлері.

**Дәстүрлі емес энергетика** – табиғи энергияның дәстүрлі емес түрлерінен (судың көтерілуі, жерасты жылуы, жел, күн және басқасы) электр энергиясын өндіру.

**Дезинтеграция** – аумақтық әлеуметтік-экономикалық жүйелердің ыдырау үдерісі.

**Демогеография** – әлеуметтік-экономикалық география құрамында *тұрғындар географиясы* мен *демография* тоғысындағы ғылыми зерттеулердің бағыты. Белгілі бір аумақта тарихи тұрғыда қалыптасқан демографиялық үдерістер мен әлеуметтік-экономикалық жағдайлар арасындағы қарым-қатынасты зерттейді.

**Демографиялық жүктеме** – бір жұмыс істеушінің асырауындағы адам саны.

**Демографиялық саясат** – әкімшілік, экономикалық, үгіт-насихаттаушылық және басқа да шаралар жүйесі, оның көмегімен мемлекет өзіне қолайлы бағытта халықтың табиғи қозғалысына (ең алдымен бала тууына) әсер етеді.

**Демографиялық дүмпу** – халық санының күрт өсуі. Қазіргі кезде мемлекеттердің орынды демографиялық саясаты мен жалпы әлеуметтік-экономикалық дамуы Жер бетінің көбейіп келе жатқан тұрғындарын барлық қажеттілікпен қамтамасыз ете алады деп саналады.

**Демографиялық дағдарыс** – Жер бетінің тұрғындар санының географиялық қабық ресурстарына сәйкес келмеушілігі.

**Депрессиялық аймақтар** – ұзаққа созылған экономикалық дағдарыс (немесе тоқырау) орын алған аумақтар мен елдер және онымен байланысқан аймақтық әлеуметтік-экономикалық ортаның құлдырауы.

**Дипломатия** – мемлекеттік сыртқы саясатын жүзеге асыру тәсілі. Дипломатия мемлекет басшыларының, үкіметтің, мемлекеттің сыртқы қатынас органдарының және сыртқы саясаттың мақсаттары мен міндеттеріне және өз мемлекетінің мүддесі мен шетелдердегі жеке азаматтардың мүдделерін қорғауға қол жеткізуге мүмкіндік туғызатын тікелей дипломаттардың ресми қызметі түрінде жүзеге асырылады.

**Дүниежүзінің саяси картасы** – жер шарының картасы, онда мемлекеттер, астаналар, ірі қалалар және т. б. көрсетіледі. Кең мағынада, аумақтың мемлекетке тиесілілігі туралы мәліметтер жиынтығы, саяси географияның зерттейтін пәні. Дүниежүзінің саяси картасы – мемлекеттік түзілістердің географиясы, түрлі саяси-экономикалық белгілері бойынша мемлекеттерді аудандастыру жүргізу.

**Дүниежүзілік көлік жүйесі** – қатынас жолдары, көлік кәсіпорындары мен көлік құралдарының жиынтығы.

**Дүниежүзілік шаруашылық** – бүкіл дүниежүзілік экономикалық қатынастармен өзара байланысқан дүниежүзі елдерінің ұлттық шаруашылықтарының тарихи қалыптасқан жиынтығы.

**Дүниежүзілік мұхит (ДМ)** – үздіксіз су қабатын қамтитын, мұхиттар мен теңіздердің суы жапқан Жер кеңістігі. Дүниежүзілік мұхит атауын Ю.М. Шокальский ұсынған. ДМ құрылымында мұхиттар, теңіздер, шығанақтар мен бұғаздар бар.

**Дүниежүзілік мұра** – үздік және әмбебап құндылығы мен ғаламшардың барлық халықтары үшін маңызы бар адамзаттың материалдық және рухани мәдениетінің шығармаларының жиынтығы.

**Дүниежүзілік мұхиттың ресурстары** – оларға теңіз суы; мұхит түбінің минералдық ресурстары (әсіресе қайраңының – мұнай, табиғи газ, қатты қазбалар); энергетикалық ресурстар (толысу энергиясы, су қозғалысының энергиясы, жылу энергиясы); биологиялық ресурстар (мұхиттың биомассасы – 35 млрд т) жатады.

**Дін географиясы** – қоғамдық география мен дінтанудың бөлімдерінің бірі. «Дін-аумақ» өзара әсерін тікелей (діннің аумаққа әсері) және кері (жергілікті жағдайлардың дінге әсері) байланыста қарастырады.

**Егеменді мемлекеттер** – ішкі және сыртқы істерде дербестігі бар саяси тәуелсіз мемлекеттер.

**Екінші өнеркәсіптік төңкеріс** – электрлендіру мен автомобильдендіру.

**Екінші орта** – халықшаруашылығының саласы ретіндегі өнеркәсіп пен құрылыс.

**Ел** – саяси-географиялық тұрғыда, бұл белгіленген шегарасы бар, мемлекеттік тәуелсіздікті (егемендік) иеленген немесе басқа мемлекеттің билігіне бағынышты және дербестігі жоқ аумақ.

**Елдердің типологиясы** – әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі бойынша экономикалық дамыған елдерді бөліп алады. Бұл топта экономика мен дүниежүзілік саясаттағы рөлі бойынша жетекші жеті ел бөліп алынады: АҚШ, Жапония, ГФР, Италия, Франция, Ұлыбритания, Канада. Екінші типі – дамушы елдер, өтпелі типті мемлекеттер, онда қоғамдық-экономикалық қатынастар қарқынды ауысу кезеңінде болады. Олар құрлықтың барлық ауданының жартысынан астамын алып жатыр және дүниежүзі тұрғындарының 75% -ын біріктіреді.

**Еңбек ресурстары** – елдің немесе аймақтың халықшаруашылығында жұмыс істеу үшін қажетті білім деңгейі, дене бітімінің дамуы және денсаулық жағдайы бар халықтың бір бөлігі.

**Еңбектің аумақтық бөлінісі** – еңбектің қоғамдық бөлінуінің маңызды түрлерінің бірі және өндірістік немесе ауылшаруашылық өндірісінің сол және басқа саласына елдің түрлі аудандарының мамандануын немесе аумақтың табиғи-тарихи біртектілігі нәтижесінде туындаған бірқатар салалардың бір мезетте мамандануын білдіреді.

**Еркін сауда аймағы (ЕСА)** – артықшылығы бар аймақ, оның шегінде кедендік және сандық шектеулерден азат халықаралық тауар және қызмет саудасы жүргізіледі.

**Еңбектің халықаралық бөлінісі (ЕХБ)** – сыртқы нарық үшін өнім әзірлеуге жұмылдырылатын күш пен ресурстардың шоғырландырылуын, қызметтің мамандандырылуын болжайтын елдер мен халықтар арасындағы еңбектің бөлінуі.

**Жарыссөз** – өзекті тақырыптар бойынша көпшілік алдында екі тараптың арасында құрылымдалған және арнайы ұйымдастырылған ой алмасуы.

**«Жасыл» төңкеріс** – алғашқыда: дөңді дақылдардың жоғары өнімді сортының пайда болуына әкелген селекциялық жұмыстағы жетістік, бірақ соңында бұл түсінік үшінші әлем елдерінің ауылшаруашылығын жүргізудің заманауи тәсілдеріне өтуін білдіретін болды.

**Жер ресурстары** – жүйелі түрде пайдаланылатын немесе шаруашылық мақсатты пайдалануға жарамды және табиғи-тарихи белгілері бойынша ерекшеленетін жерлер.

**Жеңіл өнеркәсіп** – көбінесе тұтынушылық нарыққа (тоқыма, трикотаж, тігін, аяқкиім және басқа) бағдарланған салалардың жиынтығы.

**Жиынтық ішкі өнім (ЖІӨ)** – ел аумағында өндірілетін негізгі тауарлар мен қызметтердің нарықтық бағадағы жиынтық құны. Оның қосындысы жиынтық ұлттық өнімнің көрсеткішінен ерекшеленеді, өйткені ЖІӨ-ге шетелде алынған таза табыстың сомасы қосылмайды.

**Жиынтық ұлттық өнім (ЖҰӨ)** – елде өндірілген өнімнің толық құнына шетелде алынған таза табысты қосу жолымен есептеледі. Шетелде алынған таза табыс, ұлттық экономикаға инвестиция құйған шетелдік инвесторлар алған табысты алып тастай отырып, шетелде инвестициялаудан түскен табыстан тұрады. Дүниежүзінің көптеген елдерінде ЖҰӨ-нің нақты сомасының өсімі – тұрғындарының санына шаққанда, экономикалық өсімнің негізгі көрсеткіші.

**Жолаушы тасымалы** – белгілі бір уақыт кезеңінде (әдетте, бір жыл ішінде) әкелінген жолаушылар саны.

**Жолаушылар көлігі** – жолаушы тасымалын жүзге асыратын көлік түрлерінің жиынтығы.

**Жолдардың тығыздығы** – 1000 ш. км-ге ұзақтығы 1 км.

**Жоспарлау** – алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін ресурстарды тиімді бөлу; мақсат, міндет қоюға және болашақтағы атқарылатын іс-әрекетке қатысты жұмыстар.

**Жүк айналымы** – тасымалдау көлемінің жүк тасымалданатын қашықтыққа көбейтіндісі, т/км-мен өлшенеді.

**Жүктерді тасымалдау көлемі** – белгілі бір уақыт ішінде (әдетте, бір жыл) көшірілген жүктердің саны.

**Жылу-энергетикалық кешені (ЖЭК)** – өндіру және өңдеу (отын), электр энергиясын өндіру (электр энергетикасы), мұнай мен газ өнімдерін және электр энергиясын тасымалдау салаларының жиынтығы.



**Жылу-энергетикалық кешені** көмір, мұнай, газ өнеркәсіптерін, бастапқы энергия тасымалдаушылар мен электр энергиясын өндіруші басқа да салаларды қамтиды.

**Жылыжай газдары** – атмосфералық ауа температурасын көтеруге мүмкіндік туғызатын түрлі газдар, олардың қатарында көміртек диоксиді, көміртек оксиді, азот пен күкірт оксидтері, хлорфторкөмірсутектері (фреондар) болуы мүмкін, бұл жылыжай (тұмшалау) эффектісі деп аталады.

**Жылыжай эффектісі** – атмосфераның төменгі қабаттарының жылынуы, бұл оның Жерге Күннің қысқа толқынды сәулеленуін өткізу және Жердің ұзын толқынды сәулеленуін жұту қабілетінен туындаған.

**Жіктелім** – қандай да бір қатынаста біртекті заттардың топтарға бөлінуі. Ғылымдарды, геосфераны, компоненттерді, ландшафт, климат, жер бедері типтерін жіктеуге болады, бірақ құрғақ климатты таулы жер бедерімен бір жіктелімде салыстыруға болмайды, өйткені олардың бірде-бір ортақ маңызды қасиеттері жоқ. Жіктелім дегеніміз – дәрежесі бойынша теңесетін объектілердің «көлденең» бөлінуі.

**ЖІӨ құрылымы** – бастапқы салаға (ауылшаруашылығы және орманшаруашылығы), екінші салаға (өнеркәсіп және құрылыс), үшінші салаға (қызмет көрсету саласы) бөлінуі. Кейде көлікті де жекелеген инфрақұрылымдық топқа бөледі.

**Зерттеу кезеңдері** – зерттеу жүргізудің ретті (жүйелі) кезеңдері.

**Зияткерлік жекеменшік** – шығармашылық қызметтің нәтижесі болып табылатын өнімге жеке меншік.

**Империя** – мемлекеттен тыс түзіліс, діни, этикалық немесе идеологиялық сипаттағы әмбебап идея аясында бірнеше халықтарды және елдерді біріктіреді.

**Инвестиция** – қаржылық және материалдық байлық немесе активтердің түрлі формаларына еркін қаржы құралдарын салу.

**Инвестициялық саясат** – шаруашылықты жүргізуші субъектілердің инвестициялық белсенділігіне қолдау білдіретін іс-шаралар, бюджеттік капитал жұмсалымын үлестіру.

**Индустрияландыру** – өндіріс құралдарын өндіруші сол немесе басқа елде өнеркәсіптік төңкерістің аяқталуы негізінде дүниеге келу, яғни ауыр өнеркәсіптің дамуы («А» тобы). Индустрияландыру іске асуы үшін халықтық-шаруашылық кешеннің, оның ішінде ауылшаруашылығының да барлық салаларында қайта құру жүргізілген мәшинелердің өндірісін мәшинелермен реттеу қажет.

**Инженерлік-геологиялық жағдайлар** – адамның шаруашылық (инженерлік) іс-әрекеттеріне орай осы немесе басқа жердің жер қыртысының жоғарғы көкжиегінің құрамы, құрылымы мен динамикасы.

**Инновация** – жаңа идеялардың енгізілуін болжайды, өнім нарығы не болмаса өндірістің өзі. Заманауи технологиялар, дизайнерлік табыстар немесе нақты бір өнертабыс – инновация көзі.

**Инфрақұрылым** (инфрақұрылымдық кешен) – түрлі қызмет көрсету түрлерін – өнімнің айрықша түрлерін өндіретін шаруашылық салаларын біріктіреді. Қызмет түрлері материалдық (сауда, қоғамдық тамақтандыру, тұрғын үй-коммуналдық, тұрмыстық қызмет көрсету, көлік және байланыс) және материалдық емес

(білім беру, мәдениет, денсаулық сақтау, спорт, мемлекеттік басқару, қорғаныс, тәртіпті қорғау) болып бөлінеді. Көлік пен байланыс кіретін инфрақұрылымның коммуникациялық жүйесі айтарлықтай маңызға ие. Байланыстың негізгі міндеті – телефон, радио, теледидар, компьютерлік желілер, пошта және басқалардың көмегімен жүзеге асырылатын ақпарат беру.

**Кадастр (табиғи ресурстардың)** – табиғи ресурстар туралы мәліметтердің жүйеленген жиынтығы (саны мен сапасы, өндіру мен пайдаланудың табиғи шарттары, экономикалық бағалануы және т.б.); Ресейде жер, су және орман ресурстарының кадастрлары, сонымен қатар пайдалы қазбалар кен орындарының кадастрлары ең көп тараған.

**Капитал жұмсалымы** – ақшалай ресурстары бар адамдардан оны қажет ететін адамдарға қайта үлестірілуі.

**Кен орнын барлау** – жер қойнауындағы минералдық шикізат қорларын анықтау және геологиялық-экономикалық бағалау, алдын ала барлау және егжей-тегжейлі барлау кезеңдерінен тұрады.

**Климат түзуші түрткіжайттар** – климат түзуші үдерістердің ерекшелігін және ағысының жылдамдығын анықтайтын географиялық жағдайлар. Оларға: күн радиациясы, төсеніш бет (мұхит және материк климаттарының типтері; батыс және шығыс жағалауларының климатының типтері), ағыс, жер бедері, адамдардың іс-әрекеттері.

**Консервативтік аумақтар** – көптеген инновациялар тиімсіз болатын аумақтар.

**Көлік** – табиғи-шаруашылық жүйе элементтерінің арасындағы байланысты қамтамасыз ететін инфрақұрылым негізі. Көлік жүйесі (КЖ) көліктің әр алуан түрін біріктіреді: автокөлік, теміржол, теңіз, ішкі су көліктері, құбыр жүргізу, авиациялық, дәстүрлі емес.

**Көлік желісі** – көліктің барлық түрлерінің (теңіз көлігінен басқа) жиынтығы. Тығыздығымен, ұзындығымен, өткізу қабілетімен (белгілі бір уақыт ішінде осы телім арқылы өтетін жүктің барынша мүмкін болатын мөлшерімен) сипатталады. Оған көлік магистральдары – өндірістік-аумақтық байланыс жүйесінде үлкен маңызға ие негізгі көлік жолдары кіреді. Оның даму деңгейі көлік торабының – көліктің бірнеше түрлерінің (темір және тасжолдар келіп тірелетін өзен порты) жолы қиылысатын пункттерінің бар болуымен сипатталады.

**Көмір өнеркәсібі** – көмірді өндіру және байытуды іске асырады, жерасты (шахталық) және ашық (қима) көмір өндірісі, жартылай дайын өнімдерді (көмір брикеті) байыту және өндіру кәсіпорындарын біріктіреді.

**Көші-қон** – елге кіру; келген адам *келімсек* деп аталады.

**Көші-қон (К)** – немесе халықтың механикалық қозғалысы – тұрақты мекен жайын ауыстыруға байланысты халықтың орын ауыстыруы. Көші-қон ішкі және сыртқы, ерікті және мәжбүрлі болып бөлінеді.

**Көші-қон айырмасы** – елден кеткендер мен келгендердің абсолюттік және салыстырмалы түрде өрнектелген арақатынасы.

**Круиз** – көлік құралдарын (әдетте, суда жүзетін) пайдалана отырып жүзеге асырылатын туристік саяхат, тек тасымалдау үшін ғана емес, сонымен бірге тарату, тамақтандыру және қызмет көрсету түрінде.

**Курорт** – табиғи емдік құралдары мен емдеу-алдын алу мақсатында пайдалануға қажетті жағдайлары бар жерлер.

**Кіші каботаж** – бір теңіз бассейнінің порттары арасында кеме жүзуі.

**Қайраң** – материктер мен аралдардың су астындағы жиектерінің аз сулы (әдетте 200 м-ге дейін) бөлігі, салыстырмалы түрде беті тегістелген және көбінесе материктік типтің қыртысынан түзілген болмашы ылдилары болады.

**Қала маңындағы шаруашылық** (қала маңында ауылшаруашылығына мамандану) – максималды қарқындылыққа ие және ереже бойынша трансаймақтық сипатқа ие агломерацияның айрықша қажеттіліктеріне бағытталған шаруашылық жүргізу түрі.

**Қала тұрғындары** – қалалық-елді мекендерде тұрақты тіршілік ететін, өкімшілік, сауда, өнеркәсіптік, көлік, мәдени-білім беру және басқа да функцияларды орындайтын халық.

**Қалалану** – қалалардың өсу үдерісі және қала халқының меншікті салмағының артуы, сонымен қатар қалалардың әлдеқайда күрделі жүйелері мен желілерінің пайда болуы. Оның ортақ белгілері: 1 – қала халқы санының жылдам өсуі; 2 – халықтың және шаруашылықтардың үлкен қалаларға шоғырлануы; 3 – қалалардың ұлғаюы, олардың аумақтарының кеңеюі. Қазіргі кездегі *қалалануға* қаладан қалалық шоғырландыруға – қалалық және ауылдық елді мекендерді аумақтық топтастыруға, мегаполиске – қалалық шоғырланудың ұлғаюы нәтижесінде туындаған халықты орналастырудың айрықша ірі түрлеріне өту тән.

**Қара металлургия** – ауыр өнеркәсіп саласы, мәшине жасауды және басқа да көптеген салаларды дамыту базасы. Қара металл (темір) мен прокат өндіру де жағады.

**Қоғам дамуының экономикалық тарихын кезеңге бөлу** – қоғам дамуының айтарлықтай маңызды кезеңдерінің әрқайсысында экономиканың жетекші саласы туындаған, ол кейіннен өзінің айналасында өзіне тән салаларды қалыптастырған. Қоғамның барлық белгілі «технологиялық» тарихын бірқатар ірі кезеңдерге бөлуге болады (аграрлыққа дейінгі, аграрлық, индустриалдық, индустриалдықтан кейінгі), олардың әрқайсысына адам мен табиғаттың өзара қарым-қатынасының сипаты қағида түрінде өзгерткен өзіндік технологиялық толқыны және одан туындаған қоғамның аумақтық ұйымдарының түрлері сәйкес келді.

**Қалдықтардың тұтастанбауы** – өнеркәсіптік өндіріс пен адамзат іс-әрекеті қалдықтарының өңдеудің келесі кезеңіне қайта оралуы, мысалы, екінші қайтара қағаз бен қатырмақағаз өзірлеу үшін макулатураның жиналуы.

**Қауіпсіздік техникасы** – оқушылар мен жұмысшылардың өздерінің, сонымен қатар оларды қоршаған айналасындағылардың тіршілігі мен денсаулығына қауіпті оқиғалардың алдын алуға бағытталған, оқушылар мен жұмысшылардың мінез-құлқына және олардың өздерінің оқу және жұмыс функцияларын орындауына қойылатын талаптар.

**Қорғалатын табиғи аумақтар жүйесі** – аумақтың табиғи мұралардың айрықша маңызды функцияларымен өзара байланыста үйлесуі, ол аумақтың экологиялық тұрақты дамуын қамтамасыз етеді.

**Қорықша** – айрықша қорғалатын табиғи аумақтар санаты, онда жекелеген шаруашылық қызмет түрлеріне тұрақты түрде немесе уақытша тыйым салынған немесе шектелген.

**Қорық** – айрықша қорғалатын табиғи аумақтардың жоғары санаты, олар ландшафттар мен жануарлар әлемінің, көбінесе айрықша бағалы табиғи типтерінің түрлік алуан түрлілігін сақтау мақсатында және ғылыми мақсаттарда шаруашылық іс-әрекеттер жүргізуден мәңгіге және толықтай алынып тасталған.

**Қорық** – табиғи кешенді толықтай қорғау және зерттеу үшін шаруашылық іс-әрекеттер жүргізуден толықтай шығарылған табиғи аумақ немесе акватория.

**Қоршаған ортаның антропогендік ластануы** – адамзат баласының шаруашылық іс-әрекетінің нәтижесінде ортаның қасиеттерінің жағымсыз өзгеруі. Негізгі көзі – өндіріс қалдықтарын табиғатқа шығару.

**Қоршаған ортаны қорғау** – табиғи ресурстарды сақтау мен ұдайы өндіруге бағытталған ғылыми, құқықтық және техникалық іс-шаралар.

**Қоршаған ортаға әсерін бағалау** – заңмен қарастырылған экологиялық сараптама элементі немесе шаруашылық және басқа да объектілердің қызметінің салдарын шынайы және құндық бағалаудың әдістемелік ресімдерінің дербес жиынтығы.

**Құбыр желісі көлігі** – газ, мұнай, су, көмір және газ тәрізді, сұйық және қойыртпақ тәрізді басқа да жүктерді тасымалдайды. Жерүсті көлігі түрлерінің ішіндегі айрықша тиімдісі.

**Құнарлылық** – топырақтың өсімдіктерді сіңімтал құнарлы заттармен және сумен қамтамасыз ету және өнім алуға жағдай жасау мүмкіндігі; табиғи және тиімді болып бөлінеді.

**Құрлық көлігі** – оған автомобиль, теміржол көліктері, құбыр жүргізу, көлік-арба жатады.

**Құрылым** – бір нәрсенің құрылысы, бүтінді құрайтын бөлшектердің ретті орналастырылуы.

**Қышқылданған жаңбыр** – өнеркәсіптік кәсіпорындардың атмосфералық шығарындыларымен күкірт тотығы, азот және т.б. есебінен қышқылданған ( $pH < 5,6$ ) атмосфералық жауын-шашындар (жаңбыр және қар түрінде).

**Ландшафт** – генетикалық тұрғыдан біртекті табиғи-аумақтық кешен, бірдей геологиялық іргетасы, жер бедерінің бір типі, бірдей климат бар және тек осы ландшафтқа тән серпінді қабаттасатын және заңды түрде қайталанатын алқаптардан тұрады.

**Ландшафттарды қалпына келтіру** – адамдардың іс-әрекеті салдарынан жарамсыз болған ландшафттардың бүтіндігін қалпына келтіру бойынша жүргізілетін шаралар кешені. Әсіресе пайдалы қазбаларды өндіру орындарында жиі жүргізіледі (қараусыз қалған карьерлерде демалыс орындары бар жасанды суқоймаларын жасау, террикондарға ағаш отырғызу және т.б.). Оған кесілген және өртенген жерлердегі ормандарды қайта қалпына келтіру де жатады.

**Ластаушы заттар** (*син. поллютанттар*) – химиялық қосылыстар, олардың биосфера мен оның компоненттеріндегі жоғары мөлшері қолайсыз токсикологиялық-экологиялық жағдай тудырады.

**Малшаруашылық** – үй және жартылай жабайы жануарларды өсіруге қатысты салалардың жиынтығы. Дамыған елдерде қарқынды және дамушы елдерді экстенсивті типі бар қоңыржай ендіктегі ауылшаруашылығының басым секторы.

**Мамандандыру** – экономиканың ауылшаруашылығы өнімдерінің осы және басқа да түрлерінің табиғи-тарихи және экономикалық жағдайларына тәуелді бағдарлануы.

**Материалдық активтер** – жылжитын және жылжымайтын мүлік, жер, ғимарат, бағалы металдар, ұзақ пайдаланылатын тауарлар және басқасы.

**Материалдық өндіріс аясы** – өзі өндірістік қызметтің барлық түрлерін қамтиды, соның нәтижесінде өнім, энергия түріндегі, сонымен қатар жүктерді алып өту, өнімдерді сақтау, сорттау, бөлшектеп өлшеу, қаптау және айналу аясында өндірістің жалғасы болып табылатын басқа да функциялар түріндегі материалдық игіліктер пайда болады.

**Мәшине жасау кешені** – бірнеше ондаған салалардан тұрады (автокөлік, авиациялық, аэроғарыштық, электртехникалық, ауыр және ауылшаруашылық мәшинелерін жасау және басқалары). Мәшине жасау – ғылыми-техникалық ілгерілеудің жалпы қарқынын да, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуді де анықтайтын дүниежүзі экономикасының жетекші саласы.

**Мәшине жасау кешені (МЖК)** – халықшаруашылығының барлық бөлімшелері үшін жабдықтар, сонымен қатар көптеген тұтыну заттарын шығаратын өнеркәсіп салаларының жиынтығы. МЖК міндеті – шаруашылықты барынша жетілдірілген мәшинелермен қамтамасыз ету. Оның құрамында 70-тен астам сала бар: аспап жасау, химиялық, электртехникалық, энергетикалық мәшине жасау, білдек жасау және аспаптық өнеркәсіп, жол-құрылыс, трактор жасау және автомобиль жасау кіреді.

**Мәдениет** – адамзат баласы жасаған және жинақталған материалдық және рухани құндылықтар жиынтығы.

**Мәдени география** – кеңістіктік мәдени айырмашылықтарды және мәдениеттің аумақтық таралуын зерттейтін әлеуметтік-экономикалық география бағыты.

**Мәдени саясат** – мемлекеттік реттеу нормаларының жүйесі және соған негізделген қоғамдық дамудың мәдени ортасын қалыптастыру аясындағы іс-әрекеттер.

**Мәдени мұра** – материалдық және рухани мәдениеттің объектілері мен құбылыстарының жиынтығы, этностардың өркениеті мен адамдардың басқа да тарихи қауымдастықтарының зияткерлік базисі.

**Мәдени ландшафт** – адамның іс-әрекетінің салдарынан өзгерген географиялық ландшафт.

**Мелиорация** – ұзақ уақытқа жердің құнарлылығын көтеру немесе жерді толықтай сауықтыру мақсатында жерді жақсарту. Түрлері бойынша гидротехникалық, химиялық, физикалық, биологиялық (экологиялық) болып бөлінеді.

**Мемлекет** – белгілі бір мемлекеттік аумақта, оның экономикалық және әлеуметтік құрылымының қорғалуын жүзеге асыратын қоғамның негізгі саяси ұйымы.

**Мемлекеттік шеғара** – іргелес мемлекеттерді бөліп тұратын мемлекеттік аумақтың шегін анықтайтын шартты сызық.

**Мемлекет аумағы** – белгілі бір елдің егемендігі аясында орналасқан жер шарының бөлігі. Оның құрамына жер қойнауымен бірге құрлық, сулар, құрлық пен су үстіндегі әуе кеңістігі кіреді. Сулы аумағын ішкі (ұлттық) сулар мен аумақтық сулар, яғни 12 теңіз милі шеңберінде елдің құрлығына жалғасатын Дүниежүзілік мұхит сулары кіреді.

**Мемлекеттік билік жүйесі** – заңдар мен мемлекеттік институттар жиынтығы.

**Минералдық ресурстар (пайдалы қазбалар)** – материалдық өндіріс аясында қолданылатын шығу тегі органикалық және бейорганикалық жер қыртыстарының табиғи түзілісі.

**Мобильдік (сымсыз байланыс)** – ұялы байланысты, пейджинг, сымсыз телефонды, спутниктік байланысты қамтиды.

**Монархия** – басқару түрі, онда жоғарғы мемлекеттік билік монархқа (патша, князь, сұлтан, шах, әмір) тиесілі болады және мұрагерлікпен беріледі. Монархия монархтың билігі шектелмеген жағдайда, абсолюттік (Бруней, Бахрейн, Катар, БАӘ, Оман, Сауд Арабиясы және басқалары) немесе жоғарғы билік Конституциямен шектелген жағдайда конституциялық болуы мүмкін.

Қазіргі әлемде конституциялық монархия кеңінен таралған (Бельгия, Ұлыбритания, Испания, Дания, Норвегия, Марокко, Жапония және басқалары). Монарх – шіркеудің басшысы болғанда теократиялық монархия болады (Ватикан).

**Мұнай және мұнай өңдеуші өнеркәсіп** – мұнай өндіру, дайындау (тазалау), тасымалдау мен оны өңдеу кәсіпорындарының жиынтығы.

**Нарықтық экономика** – нарық заңына, яғни мемлекет және дүниежүзілік шаруашылық ауқымында тауар ұсынысы мен оның сұранысына, сонымен бірге құн заңына негізделген, баға теңгеріміне негізделген шаруашылық (оны өндіруге жұмсалған еңбек көлеміне сәйкес тауар алмасуын реттейді).

Нарықтық экономика жағдайында тауарды сатып алу-сатуға негізделген тауар шаруашылығы дамиды, шынайы шаруашылықтан айырмашылығы – онда еңбек өнімі өндірушілердің қажеттілігін қанағаттандыру үшін өндіріледі. Шынайыдан тауар шаруашылығына өткенін көрсететін құбылыс – баспа-бас айырбас, тауарды тауарға алмастыру.

**Нарықтық экономикасы бар дамыған елдер** – 23 мемлекет, олар экономикасының ауқымына, халықаралық-құқықтық мәртебесіне байланысты бірқатар топшаларға бөлінеді.

**Нәтиже** – сандық және сапалық тұрғыда өрнектелген әрекеттер мен оқиғалардың салдары.

**Ноосфера** – қоғам мен табиғаттың бұрыннан келе жатқан үдерістерімен үйлесімде анықталған биосфера дамуының жоғары формасы. Ноосфера туралы ілімді В.И. Вернадский шығарған.

**Озон тесігі** – стратосферадағы құрамында озон төмен болатын қайсыбір аумақ. Озон қабатының бұзылуы табиғи, сонымен бірге техногендік үдерістерге байланысты. Озонның азаюы рифтік жанартаулықпен байланысты, яғни ажырау зонасына тура келеді және сутек, метан, азот тәрізді эндогендік сипаттағы қайта қалпына келген газдардың өршімелі ағынының әсерінен орын алады.

**Одақ** – стратегиялық және геосаяси сапасын айтарлықтай өзгертетін, оларды планетарлық іс-әрекеттердің әлдеқайда жоғары деңгейіне шығаратын бірнеше мемлекеттердің бірігуі.

**Ойкумена** – құрлықтың адам қоныстанған бөлігі. Ежелгі гректер солтүстікте де, оңтүстікте де адамдар жоқ деп болжаған. Бүгінгі күні ойкумена Антарктида мен кейбір полярлық аралдарды қоспағанда бүкіл құрлықты алып жатыр.

**Орман және ағаш өңдеу өнеркәсібі** – өндіруші және өңдеуші өнеркәсіптер салаларының кешені, ол ағаш дайындайтын, ағаш тілетін, ағаш өңдейтін және орман химия салаларынан тұрады. Солтүстік орман белдеуінің шегінде ағаш тақталар, целлюлоза, қағаз, қатырмақағазға өңделетін қылқанжапырақты ағаштар дайындалады.

**Орманшаруашылығы** – ағаш дайындауды, жабайы өсетін жемістерді, жидектерді, орманды қайта қалпына келтіруді қамтитын экономика саласы.

**Орман ресурстары** – биологиялық ресурстардың маңызды түрлерінің бірі. Орман аумағының өлшемімен (дүниежүзінде 4 млрд га) және әр ағаш түбін есептегендегі қорымен (350 млрд м<sup>3</sup>) сипатталады.

**Ортаның ластануы** – қоршаған орта мен адам үшін қауіпті фондық мәннен асып түсетін мөлшерде қоршаған ортаға зиянды заттар мен қасиеттердің (қосылыстардың) түсу және жинақталу үдерісі.

**Ортаны ластағаны үшін төленетін төлем** – табиғатты пайдаланушының ортаны ластауы салдарынан адамдардың денсаулығына және шаруашылыққа келтірген әлеуметтік-экономикалық шығынының орнын ақшалай толтыруы.

**Ортаның өздігінен тазаруы** – физикалық, химиялық және биологиялық үдерістердің әсері нәтижесінде ластаушы заттардың өздігінен ыдырауы.

**Отанына қайта оралу** – шетелдерге қоныс аударғандардың ұрпақтарының қайта оралуы.

**Отар** – саяси тұрақтылығы жоқ, шетелдік мемлекеттің – метрополияның билігіне бағынышты ел немесе аумақ. Метропологияға тәуелділіктің әлдеқайда жұмсақ түрі – тең құқылы емес шарттың нәтижесінде орнатылған протекторат.

**Отын өнеркәсібі** – отын-энергетикалық шикізатын өндіретін және қайта өңдейтін тау кен өнеркәсібі салаларының кешені. Отын өнеркәсібі өзінің дамуы барысында екі даму кезеңінен өтті: көмір және мұнай-газ. Қазіргі уақытта мұнай, газ және көмір салалары бар.

**Өздігінен реттелу** – экожүйенің негізгі параметрлерінің тұрақтылығын ұстап тұрудан, түрлік құрамы мен мүшелерінің санын сақтаудан тұратын жұмыс істеу типі.

**Өзін-өзі басқармайтын аумақ** – БҰҰ-ның терминологиясы бойынша бұл халқы толықтай өзін басқаруға қол жеткізе қоймаған отарлық немесе тәуелді аумақ.

**Өндірістің шоғырлануы** – біртекті өнімдерді шығарудың тиімділігін арттыру мақсатында ірі кәсіпорындарда өндіріс пен жұмыс күшін топтастыру үдерісі.

**Өндірісті кооперативтендіру** – белгілі бір өнімді бірлесе өндіруші мамандандырылған кәсіпорындар арасындағы өндірістік байланыс түрі. Өндірісті кооперативтендіруге еңбек бөлінісінің өсуі себепші болады, салалық белгісі бойынша ол сала ішілік және салааралық болып бөлінеді. Кооперативтендірудің 3 түрі бар: агрегаттық, толық, технологиялық.

**Өндірістік-аумақтық байланыс** – түрлі дәрежедегі аумақтар шеңберінде кәсіпорындар мен бірлестіктердің өзара бірін-бірі шикізатпен, энергиямен, жабдықтармен, жартылай дайын өнімдермен, дайын өнімдермен, қызметтермен және т.б. қамтамасыз етуі. Ол салаішілік (болат өндіру үшін шойын жеткізу) және салааралық (мәшине шығару үшін металл жеткізу) болып бөлінеді.

**Өнеркәсіптік инфрақұрылым** – өнеркәсіптік өндіріс салаларының кәсіпорындарына жұмыс істеуге қажетті жүйелер мен қызметтердің жиынтығы.

**Өнеркәсіптік дамыған елдер** – техникалық тұрғыдан алдыңғы қатарлы негізгі капиталдың жинақталған үлкен көлемі мен жоғары білікті жұмыс күшінің бар болуы негізінде экономиканың дамуын қамтамасыз ететін елдер. Бұл табыс деңгейі адам басына шаққанда жоғары болатын елдер, онда халқының көпшілік бөлігінің тіршілік ету деңгейі жоғары болады. Өнеркәсіптік дамыған елдерде дүниежүзінің, шамамен 15% тұрғыны тіршілік етеді.

**Өнеркәсіп (индустрия)** – бүкіл қоғамды энергия тасымалдағыштармен (жылу өнеркәсібі және электр энергетикасы) және құрастырымдық материалдармен (қара және түсті металлургия, химия өнеркәсібі мен басқа салааралық кешендерге кіретін кейбір өзге салалар) қамтамасыз ететін базалық кешеннің салаларын қамтиды.

**Өнеркәсіптік пункт** – бір немесе бірнеше төркіндес кәсіпорындар (бір саланың) орналасатын аумақ (қала типті кіші қала немесе кент).

**Өнеркәсіптік торап** – технологиялық және экономикалық тұрғыдан байланысқан, кішігірім аумақта жинақы орналасқан өндірістер тобы (бірнеше өндірістік орталықтар).

**Өнеркәсіптік орталық** – бір орталықта орналасқан (үлкен қала) өзара байланыспаған әртекті өндірістер (кәсіпорындар) тобы.

**Өңдеуші өнеркәсіп** – дайын өнім өндіру салаларын біріктіреді (мәшине жасау, жеңіл, азық-түлік, шыны, фарфор-фаянс, құрылыс материалдары өндірісі).

**Өсімдік шаруашылығы (егіншілік)** – жер өңдеу мен мәдени өсімдіктерді өсіруге қатысты ауыл шаруашылығы салаларының жиынтығы. Бірнеше біріккен салаларға бөлінеді: астық шаруашылығы, техникалық дақылдарды өсіру, мал азығын өндіру, көгөніс өсіру, жеміс шаруашылығы, жүзім шаруашылығы, картоп шаруашылығы.

**Өсудің кемуі** – демографиялық апатпен социалистік өркениеттің құлауының салдары ретінде байланысқан халық санының абсолютті азаюы.

**Өтпелі экономикасы бар елдер** – орталықтандырылған мемлекеттік экономикадан нарықтық экономикаға өту жүзеге асырылып жатқан бұрынғы социалистік елдер.

**Полиметалл кендері** – қорғасын мен мырыш, сонымен қатар мыс, қалайы, сүрме, висмут, кадмий, селен, теллур, таллий, индий, алтын, күміс алу үшін қолданылатын табиғи минералдық түзілістер.

**Республика** – басқару түрі, онда барлық жоғары мемлекеттік билік органдары не сайланады, не оларды жалпыұлттық өкілдік мекемелер – парламенттер құрады.

**Ресурс** – берілген жүйеден тыс өндірілетін және оның жұмыс істеуіне, дамуына, тіршілік етуіне қажетті бастапқы материал бола алатын энергия, заттар, ақпараттар.

**Ресурспен қамдау деңгейі** – табиғи ресурстардың көлемі мен оларды пайдалану мөлшері арасындағы қатынас. Бұл ресурс қанша жылға жететіндігімен (жылмен), не тұрғындардың санына шаққандағы қорымен өрнектеледі.

**Ресурс үнемдейтін технологиялар** – өнеркәсіптік өндіріс технологиялары, онда ілеспе өнімдерді ұстау және пайдалану жолымен табиғи ресурстардың шығынын төмендету, тазартылған судың өндіріс айналымына қайтарылуы және т.б. бойынша атқарылатын іс-шаралар қарастырылады.

**Рекреациялық ресурстар** – адамдардың дене (физикалық) және рухани саулығын қалпына келтіру және қолдау білдіру мүмкіндігі бар табиғи және тарихи-мәдени құндылықтар (минералды сулар, емдік балшықтар, жайлы климат, суға түсуге арналған суқоймалары, орман алқаптары, эстетикалық бағалы ландшафттар және т.б.).



**Рекреациялық ресурстар** – адамдардың толыққанды демалысын қамтамасыз ететін ресурстар. Табиғи-рекреациялық (қалалардың айналасындағы жасыл жерлер, қорықтар, қорықшалар, ұлттық саябақтар, резерваттар) және табиғи-тарихи (тарихи, археологиялық, архитектуралық, өнер ескерткіштері: Мәскеу Кремлі, Париж түбіндегі Версаль, Римдегі Колизей, Каир түбіндегі Египет фараондарының пирамидалары және т. б.).

**Салық саясаты** – аймақтық салық жүйесін реттейтін салық төлемдері мен жеңілдіктерді анықтау және кәсіпкерлік қызметке салық салу.

**Сауда теңгерімі** – экспорт (тауарларды шетелге шығару) және импорт (шетелден тауар әкелу) құндыларының арақатынасы. Егер шығарылым келген тауарлардан асып кетсе, сауда теңгерімі белсенді, ал керісінше болса, пассивті болады. Сауда теңгерімі – елдегі табиғи жағдайлар мен шаруашылық дамуының дәрежесіне тәуелді болатын экспорт пен импорттың құрылымымен бірге сыртқы сауданы да сипаттайтын маңызды көрсеткіш. Дамыған елдер көбінесе шикізат алады, ал әзірленуі жоғары біліктілікті талап ететін өнімдерді шығарады. Дамушы елдер тұтыну заттары мен мәшинелер өкеледі, шикізат, әдетте шикізаттың қандай да бір түрін (мысалы, мұнай) шығарады.

**Саяси-әкімшілік карта** – саяси бөліністі немесе аумақтың саяси-әкімшілік құрылымы. Саяси-әкімшілік карталар мазмұнының негізгі элементтері мыналар: мемлекет, саяси және әкімшілік шегаралары, астаналары, әкімшілік орталықтары, елді мекендер, қатынас жолдары.

**Саяси география** – экономикалық және әлеуметтік географияның бағыттарының бірі, географиялық орта тұрткіжайттарының әсерімен қоғамның саяси өмірінің кеңістіктік ұйымдастырылуының ерекшеліктерін зерттейді (шегаралары, саяси-аумақтық бөлінісі және т.б.).

**Саяхатшы** – уақытша мекендейтін елде (жерде) ақылы қызметпен айналыспай, сауықтыру, танымдық, кәсіби-іскерлік, спорттық, діни және басқа да мақсаттарда 24 сағаттан бастап қатарынан 6 айға дейін болатын немесе кем дегенде бір күн түйейтін азамат.

**Сейсмикалық** – жер қойнауының көбінесе табиғи себептермен, сонымен қатар адамзаттың іс-әрекеті салдарынан болған жер сілкінісін туындату мүмкіндігі.

**Су ресурстары** – шаруашылық қызметте пайдалануға жарамды құрлық пен Дүниежүзілік мұхит сулары.

**Су көлігі** – судағы (теңіз, мұхит, өзен, көл, суқоймалары, арналар) қатынас жолдарында қолданылатын көлік түрлерінің жалпы атауы.

**Табиғи өсім** – промиллемен есептегенде, 1000 адамға шаққандағы халық санының өсуі. Ол бала туу мен адам өлімі арасындағы айырмашылық ретінде есептеледі.

**Табиғи ресурстар үшін төлем** – табиғат пайдаланушының ресурстарды іздеу, сақтау, қайта қалпына келтіру, өндіру және пайдаланылған табиғи ресурстарды тасымалдауға жұмсалған қоғамдық шығынның орнын ақшалай толтыруы.

**Табиғи мұра** – айрықша репродуктивтік, сауықтыру, рекреациялық және эстетикалық құндылықтары бар, сонымен қатар табиғи-ресурстық әлеуетке тікелей қатысы жоқ басқа да тиімділіктерге ие табиғи ортаның объектілері мен құбылыстарының жиынтығы.

**Табиғи-ресурстық әлеует** – аумақтың табиғи ресурстарының (минералдық-шикізат, жер, орман, су, балық, рекреациялық және басқа) жиынтығы.

**Табиғи ресурстар** – адамдардың, ең алдымен, материалдық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қоғамдық өндіріс барысында қолданылатын қоршаған ортаның компоненттері.

**Табиғи апаттар** – төтенше жағдайлар туындататын қауіпті табиғи құбылыстар.

**Табиғи шарттар** – табиғи орта компоненттерінің (климат, геологиялық орта, жерасты және жерүсті сулары, топырақ, өсімдік және жануарлар әлемі) маңызды артықшылықтарын білдіретін, аумақтың маңызды табиғи сипаттамаларының жиынтығы. Ғылым мен техника дамуының осы деңгейінде, тұтынушылық өнімдерді шығару үшін материалдық өндіріс барысында табиғи ресурстарға қарағанда, табиғи шарттар қолданылмайды.

**Табиғи аумақтық кешен** – түрлі деңгейлер жүйесін – географиялық қабықтан бастап шөгіндіге дейін түзетін географиялық компоненттердің немесе төменгі дәреже кешендерінің (өзіне тән жер бедері бар жер қыртысының телімі, жерасты және жерүсті сулары, топырақ, ағзалардың қоғамдастығы, атмосфераның жер бетіне жақын қабаты) заңды үйлесімі.

**Табиғатты пайдалану** – 1) табиғи игіліктер тұрғысынан адамзаттың қажеттіліктерін қанағаттандыруға қатысты қоғамдық өндірістің саласы; 2) табиғи игіліктерді пайдалану заңдылықтарын зерттейтін, оның ішінде табиғатқа антропогендік әсер мен олардың адам баласына тигізетін зардаптарына талдау жүргізетін ғылыми бағыт.

**Табиғат ескерткіштері** – бірегей, айрықша бағалы шығу тегі табиғи және жасанды жергілікті табиғи объектілер болып табылатын айрықша қорғалатын табиғи аумақтар санаты.

**Табиғатты қорғау** – табиғатты пайдаланудың экологиялық тұрғыдан негізделген регламенттеу, сонымен қатар ортаның биотикалық және абиотикалық компоненттерін қорғау.

**Тағам өнеркәсібі** – құрамына ауылшаруашылық шикізаттарын, ет, сүт өңдеу, сары май-ірімшік өнеркәсібі, жеміс-көгөніс сүрлеу, шарап өндіру, қант, кондитерлік және басқа да өңдеу салалары кіреді. Өндірістің көлемі мен оның орналас-тырылуы, ереже бойынша, ауылшаруашылығының масштабы мен мамандануына байланысты болады. Жылдам бұзылатын өнімдер шығаратын кәсіпорындар тұрғындардың орталық бөлігіне орналастырылады және олардың қуаты мен саны нақты орталықтың тұрғындарының санына сәйкес келеді (нан пісіретін, кондитерлік, сүт өнімдері және басқа).

**Тарихи қала** – ұлттық мәдениет ескерткіштері болып табылатын сәулет ескерткіштері, үйлесімді құрылыстары мен кешендері бар, сонымен қатар археологиялық және тарихи құндылықты білдіретін табиғи ландшафттары мен жерінің ежелгі мәдени қабаты сақталған елді мекен орталығы.

**Тарихи және мәдени ескерткіштер** – тарихи, ғылыми, көркемдік немесе басқа да мәдени құндылықтарды білдіретін тарихи оқиғалармен, қоғам мен мемлекеттің дамуымен, материалдық және рухани мәдениет шығармаларымен байланысты ғимараттар, тарихи орындар мен заттар.

**Тау кен өндірісі өнеркәсібі** – пайдалы қазбаларды өндірумен және байытумен айналысатын салалар кешені.

**Тәуекел** – инвестициялау кезінде табыс алмау қаупі. Нарықтық экономикада кез келген басқарушылық шешіммен бірге жүреді. Тәуекел үш түрге бөлінеді: табыстың толық жоғалту қаупі; болжамды түсімді жоғалту қатері; апатты тәуекел – барлық мүлікті жоғалту қатері және банкроттық.

**Телекоммуникация** – теміржол және тасжол тәрізді, ХХ ғасырдың басындағы экономиканың негізін құрайтын, экономиканың заманауи инфрақұрылымы (телефон, компьютер және шоғырсым желілерін жалғау).

**Теңгерімдік қор** – пайдалы қазбалар қоры, оларды өндіру техника деңгейі жеткілікті және экономикалық тұрғыдан тиімді болғанда ойға қонымды.

**Теңіз құзыреті** – кеме қатынасына, теңіз шекараларына қатысты құқықтық мәселелерді зерттейді және шешеді.

**Теңіз көлігі** – теңіздер мен мұхиттар айдындары арқылы жүк және жолаушыларды тасымалдау. Кіші және үлкен каботад болып бөлінеді.

**Титулдық халықтар** – атауы мемлекеттің атауына берілген халықтар.

**Титулдық емес халықтар** – мемлекет құрамында өзінің аумақтық-ұлттық құрылымы жоқ халықтар.

**Топталу** – қандай да бір қатынаста ұқсас немесе қандай да бір жолмен бір-біріне тәуелді объектілердің бірігуі.

**Топырақ құнарлығын қалпына келтіру** – шаруашылық айналымнан бір себептермен бұрындары шығарылған жарамсыз жерлердің өнімділігін қайта қалпына келтіруге бағытталған іс-шаралар.

**Трансұлттық корпорациялар (ТҰК)** – ұлттық шегарадан тыс жерлерде өзінің құрылымдық бөлімшелері бар ірі фирмалар.

**Тура экологиялық реттеу** – көбінесе тікелей табиғат қорғау және экологиялық қауіпсіздікті нормативтік реттемелеу негізінде табиғат пайдалануды басқару.

**Туризм** – азаматтардың уақытша мекендейтін елде (жерде) ақылы қызметпен айналыспай, сауықтыру, танымдық, кәсіби-іскерлік, спорттық, діни және басқа да мақсаттарда уақытша болуы (саяхаттауы).

**Туристік қызмет** – саяхаттауды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызмет.

**Туристік индустрия** – қонақүйлер мен басқа да орналастыру құралдарының, ойын-сауық құралдарының, танымдық, іскерлік, сауықтыру, спорттық және басқа да мақсаттағы объектілердің, туроператорлық және турагенттік қызметті жүзеге асырушы ұйымдардың, сонымен қатар экскурсиялық қызмет және гид-аудармашылық қызмет көрсететін ұйымдар жиынтығы.

**Туристік ресурстар** – туристік көрсетілім объектілерін қамтитын, туристердің рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруға, дене күшін қалпына келтіруге және дамытуға жәрдемдесуге мүмкіндігі бар табиғи-климаттық, тарихи және әлеуметтік-мәдени объектілер.

**Туристік кешен** – белгілі бір аумақта (аймақ, ел, аудан, туристік орталық) туристік ресурстар мен туризм индустриясының өзара байланысқан және өзара шарттасқан үйлесімі.

**Тұрақты даму** – ғаламшардың экологиялық мүмкіндіктері шеңберінде экономикалық даму, яғни қоршаған ортаға қауіпсіз даму, «болашақ ұрпақтың өз қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндігіне қауіп төндірмей, қазіргі кездің қажеттіліктерін қанағаттандырушы» (Брундтланд комиссиясының анықтамасы).

**Тұтынушылық инвестициялар** – ұзақ уақыт пайдаланылатын тауарлар немесе жылжымайтын мүлік сатып алу.

**Түсті металлургия** – ауыр өнеркәсіп саласы, түсті металдардан белгілі қасиеттері бар сапалы құрастырымдық металдар мен қорытпалар өндіреді.

**Ұлттық шаруашылық** – белгілі бір шегарада тарихи қалыптасқан қоғамдық ұдайы өндіріс жүйесі. Синонимі – ел экономикасы. Материалдық өндіріс пен бей-өндірістік сфера салаларының күрделі жиынтығын қамтиды.

**Ұлттық табыс** – елдің экономикалық дамуының жалпылама көрсеткіші. Жалпыұлттық өнім (өндірілген тауарлар мен қызметтердің жалпы құны) мен оларды өндіруге жұмсалған шығын арасындағы айырма ретінде есептеледі.

**Ұлттық табиғи саябақ** – табиғи айрықша қорғалатын аумақтар және аздап бұзылған табиғи кешендері мен бірегей табиғи және мәдени-тарихи объектілері бар акваториялар санаты, мұнда қатаң түрде бақыланатын рекреациялық пайдалануға ғана жол беріледі.

**Ұлт** – дүниежүзінің көптеген мемлекеттерінің халықтарын ерекшелендіріп тұратын экономикалық қарым-қатынастарының дамыған жүйесі, әдеби тілі, ұлттық сана-сезімі, мәдениеті, психологиясы мен басқа да бірқатар белгілері бар, айрықша дамыған этникалық қауымдастық.

**Федеративтік мемлекеттер** – бірыңғай (федеративтік) заңдары және билік органдарымен қатар, өздерінің заңнамалары, биліктің атқарушы және заң органдары болатын жекелеген аумақтық бірліктері (республика, провинция, жер, штаттары және басқа) бар әкімшілік-аумақтық құрылым түрі.

**Халық** – жер шарындағы немесе қандай да бір елде, облыста және т.б. тіршілік ететін адамдардың жиынтығы халық санымен, динамикасымен, ұдайы өсу қарқындылығымен, қоныстануымен, көші-қонымен, қалалануымен, жастық-жыныстық құрамымен, білім деңгейімен, расалық, тілдік, этникалық және діни құрамымен сипатталады. Халықтың әлеуметтік-экономикалық құрылымын экономикалық тұрғыдан белсенді халық, оның кәсіби және сынштық құрамы, жұмыспен қамтылуы көрсетеді. Халықтың әлеуметтік және экономикалық сипаттамасы картада – халықтың тығыздығын, демографиялық, этнографиялық, әлеуметтік-экономикалық және басқа да сипаттамаларын көрсетеді.

**Халықтың ұдайы өсуі** – бала туу, адам өлімі мен табиғи өсім үдерістерінің жиынтығы, ол үздіксіз жаңару мен адамдардың ұрпақ алмасуын қамтамасыз етеді. Бірінші типі бала туу, адам өлімі мен табиғи өсім көрсеткіштерінің аса жоғары болмауына қатысты сипатталады. Халықтың ұдайы өсуінің екінші типі бала туу мен табиғи өсімнің жоғары және өте жоғары көрсеткішімен сипатталады.

**Халықты орналастыру** – тұрғындарды аумақ бойынша орналастыру.

**Халықаралық қатынастарды жаһандастыру** – халықаралық қатынастар төңірегінде түрлі елдердің қоғамдық өмірі мен қызметі салаларының өзара тәуелділігі мен өзара ықпалын күшейту үдерісі.

**Халықтың демографиялық құрылымы** – жыныс пен жас ерекшеліктері топтарының арақатынасы. Жалпы дүниежүзінде әйелдер мен ерлердің саны арасында теңдей арақатынас байқалады, бірақ түрлі елдерде бұл арақатынас айтарлықтай өзгеше болуы мүмкін.

**Халықтың жыныстық құрамы (құрылымы)** – гендерлік белгілері бойынша халықтың орналасуы.

**Халықаралық экономикалық біріктіру (ХЭБ)** – ұлттық экономикалардың өзара бейімделуі, оларды интернационалдық масштабтағы бірыңғай ұдайы өндірістік үрдіске енгізу.

**Халықаралық экономикалық қатынастар (ХЭҚ)** – халықаралық еңбек бөлінісіне негізделген түрлі елдердің экономикаларының арасындағы шаруашылық байланыс жүйесі, оның заманауи формасы – халықаралық экономикалық біріктіру.

**Халықаралық шарт** – екі немесе бірнеше мемлекеттер не басқа да халықаралық құқық субъектілері арасындағы келісім, олардың саяси, экономикалық және басқа да қатынастардағы өзара құқықтары мен міндеттерін белгілеу, өзгерту немесе тоқтатуға қатысты жасалады.

**Химия өнеркәсібі** – заманауи ауыр өнеркәсіптің (тау кен-химия, негізгі химия, минералдық тыңайтқыштар, полимерлік материалдар, синтетикалық бояулар және басқа) ең серпінді салаларының бірі.

**ХЭБ механизмі** – ХЭБ жүзеге асыруды қамтамасыз ететін экономикалық тәсілдердің, ұйымдастырушылық іс-шараларының және институттардың жүйесі.

**ХЭБ объектілері** – халықаралық өндірістік және ғылыми-техникалық алмасу мен ынтымақтастықтың мәні болып табылатын тауарлар мен қызметтер, материалдық-қаржылай және еңбек ресурстары.

**ХЭБ субъектілері** – халықаралық өндірістік, ғылыми-техникалық, экономикалық және басқа да ынтымақтастықты, сонымен қатар тауар мен қызмет алмасуды жүзеге асырушы экономикалық оқшауланған тараптар.

**Шаруашылық іс-әрекеттердің интернационалдануы** – жекелеген елдердің өзара байланысының және өзара тәуелділігінің күшеюі.

**Шаруашылықтың салалық құрылымы** – бұл оның сандық арақатынастарымен (құрамы мен салалар дамуының үйлесімділігі) және өзара байланыстарымен сипатталатын салаларының жиынтығы.

**Шекті рұқсат етілген концентрация (ШРК)** – ортадағы зиянды заттардың мөлшері, оның шектеусіз ұзақ уақыт бойы күнделікті әсер етуі адам баласында қандай да бір патологиялық өзгерістерді немесе ауру тудырмайды.

**Шөлге айналу** – табиғи себептердің (климаттық, гидрологиялық және басқа) және антропогендік әсерлердің (ормандарды кесу, малды шектен тыс жою және басқалары) салдарынан шегаралас аумақтардың есебінен шөл дала ауданының кеңеюі. Әдетте, шөлге айналу ыстық құрғақ климаты бар аумақтарда орын алады.

**Экономиканың бастапқы саласы** – ауыл және орманшаруашылығы салалары. Дүниежүзілік экономикада бастапқы сала, көбінесе алдыңғы даму кезеңінен мұра ретінде қалған, бірақ әлі күнге дейін шаруашылық пен тұрғындарды азық-

түлік және құрастырымдық материалдармен қамтамасыз етуде маңызды рөл ойнайды. Сонымен қатар орманның ауқымды аумақтарында, көбінесе табиғатты пайдаланудың дәстүрлі түрлері – аң аулау, балық аулау, солтүстікте – бұғышаруашылығы сақталады.

**Экологиялық саясат** – заңды актілер жүйесімен бірге қолданылатын және табиғат қорғау заңдылығы және соларға негізделген мемлекеттің мақсатты бағытталған іс-әрекеті.

**Экологиялық жүйе (экожүйе)** – тірі ағзалармен және олардың тіршілік ететін ортасымен бірге түзілген дара табиғи кешен, онда жанды және сүйекті компоненттер зат және энергия алмасуы есебінен өзара бір-бірімен байланысқан.

**Экологиялық жағдай** – уақыт өте және кеңістікте ластанулар мен басқа да антропогендік түрткіжайттардың әсерінен болатын қоршаған орта жағдайының өзгеруі.

**Экологиялық тұрақтылық** – бастапқы параметрлерінің ауытқуы түрінде көрінегін қандай да бір табиғи немесе антропогендік әсерден кейін экожүйенің бастапқы күйін немесе соған жақындау күйін қалпына келтіре алу мүмкіндігі.

**Экологиялық сараптама** – экологиялық төуекелге қатысы бар шаруашылық және басқа қызметтердің жобаларын экологиялық қауіпсіздік және табиғатты тиімді пайдалану талаптарына сәйкес кешенді бағалау.

**Экологиялық төуекел** – әлеуметтік маңызы бар экономикалық немесе басқа тиімділікке қол жеткізу үшін табиғи ортаға және (немесе) адамзатқа белгілі бір зиян келтірудің болжамды ықтималдығы.

**Экологиялық-экономикалық шығын** – экологиялық қауіп түрткіжайттарының пайда болуынан адамдар мен халықшаруашылығына келетін нақты және болжамды шығындардың құн түрінде өрнектелуі.

**Экономика** – қажетті өмірлік игіліктерді жасау және пайдалану жолымен адамдар мен қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтамасыз ететін шаруашылық жүйесі.

**Экономикалық-географиялық жағдай** – объектінің экономикалық дамуына тікелей және жанама әсер беретін басқа объектілерге қатысты оның аумақтағы жағдайы.

**Экономикалық география** – әлеуметтік-экономикалық географияның тармағы, дамыту мен басқаруды тиімді ету мақсатында өндірістің аумақтық ұйымдас-тырылуын, өндірістік күштердің дамуы мен орналастырылуын, орналастыру түрткіжайттарын (экономикалық-географиялық жағдайын, табиғат жағдайлары мен табиғи ресурстар, еңбек ресурстары және т.б.) зерттейді.

**Экономикалық тиімділік (өндіріс тиімділігі)** – өндіріс үдерісі түрткіжайттарының пайдалы нәтижесі мен шығындарының арақатынасы.

**Экономикалық инвестициялар** – өндірістік активтерді сатып алу. Бұл ретте инвестиция түрінде нақты өндірістік қуаттылық құрылады, сосын төуекел «қалыпты» болғанда, табыс алу үшін жұмыс күшін жалдау жүзеге асырылады.

**Экономикалық аудан** – белгілі табиғи және экономикалық жағдайы бар, қалыптасқан немесе құрылған мамандандырылған шаруашылығы болатын, ішкі шаруашылық байланыстары бар елдің немесе аймақтың біртұтас бөлігі.

**Экстенсивті шаруашылық** – жаңа құрылыс, жаңа жерлер мен табиғи ресурстарды пайдалануға тарту, жұмысшылардың санын арттыру жолымен дамитын шаруашылық. Экономиканың қалыптасуының бастапқы кезеңдерінде тиімді, бірақ табиғи және еңбек ресурстарының сарқылуына әкеледі.

Ғылыми-техникалық деңгейдің дамуына орай ғылыми-техникалық ілгерілеуге, қосымша табиғи ресурстарды пайдаланбастан және жұмыс орнының санын арттырмай-ақ қол жеткізуге болатын жоғары еңбек өнімділігіне негізделген қарқынды шаруашылыққа орын береді.

**Электр энергетикасы** – электр энергиясын өндіру, тасымалдау және тарату жөніндегі кәсіпорындар жиынтығы.

**Энергетикалық ресурстар** – шаруашылықта қолдануға болатын табиғаттағы энергия қоры. Энергетикалық ресурстарға отынның әр алуан түрлері (тас және қоңыр көмірлер, мұнай, жанғыш газдар мен тақтатастар және басқалар), құлаған судың, теңіздің көтерілуінің, желдің, күннің энергиялары, атом энергиясы жатады.

**Этногеография** – тарих ғылымдары, социология, психология, политология, халық статистикасы, демографиямен жапсарлас дамиды. Түрлі этникалық қауымдастық өкілдерінің жиынтығы ретінде адамзат баласының географиялық орналасуы мен аумақтық ұйымдастырылуын зерттейді.

*Оқулық басылым    Учебное издание*

**Руслан Адилханович Каратабанов**  
**Гульжамал Альжановна Куанышева**  
**Жанар Рахматуловна Байметова**  
**Джаналиева Кульчихан Мухитовна**

## **ГЕОГРАФИЯ    ГЕОГРАФИЯ**

### **2-БӨЛІМ    ЧАСТЬ 2**

Жалпы білім беретін мектептің  
8-сынып оқушыларына арналған оқулық

Учебник для учащихся 8 класса  
общеобразовательной школы

Бас редактор *Ө. Әбдішүкірұлы*  
Әдіскер *Ф.С. Лекерова*

Главный редактор *О. Абдишукирұлы*  
Методист *Ф.С. Лекерова*

Редакторы *М.Қ. Солтангазина*  
Көркемдеуші редакторы *Т.В. Толыбекова*

Редактор *М.Қ. Солтангазина*  
Художественный редактор *Т.В. Толыбекова*

Корректоры *Б. Жампеисова*  
Дизайнері *Е.С. Жүзбаев*

Корректор *Б. Джампеисова*  
Дизайнер *Е.С. Жүзбаев*

Компьютерде беттеген *С. Бахретдин*

Компьютерная верстка *С. Бахретдина*

Басуға 07.06.2019 ж. қол қойылды.  
Пішімі 70x100<sup>1/16</sup>. Есептік баспа табағы 7,05.  
Шартты баспа табағы 12,26. Офсеттік басылым.

Подписано в печать 07.06.2019 г.  
Формат 70x100<sup>1/16</sup>. Уч.-изд.л. 7,05.  
Усл.печ.л. 12,26. Печать офсетная.  
Гарнитура «DS SchoolBook». Бумага офсетная.  
Доп. тираж 3000 экз. Заказ № 1792

Әріп түрі «DS SchoolBook». Офсеттік қағаз.  
Қосымша таралымы 3000 дана. Тапсырыс № 1792.

Сапасы жөнінде мына мекемеге хабарласыңыз:  
Қазақстан Республикасы,  
«Алматыкітап баспасы» ЖШС,  
050012, Алматы қаласы, Жамбыл көшесі, 111-үй,  
тел. (727) 250 29 58, факс: (727) 292 81 10.  
e-mail: alkitap@intelsoft.kz

С претензиями по качеству обращаться:  
Республика Казахстан,  
ТОО «Алматыкітап баспасы»  
050012, г. Алматы, ул. Жамбыла, 111,  
тел. (727) 250 29 58; факс: (727) 292 81 10.  
e-mail: alkitap@intelsoft.kz

Сапа және қауіпсіздік стандарттарына сай.  
Сертификация қарастырылмаған.  
Сақтау мерзімі шектелмеген.

Соответствует всем стандартам качества и безопасности.  
Сертификация не предусмотрена.  
Срок годности не ограничен.

Түркияда басылды / Отпечатано в Турции

PROMAT BASIM YAYIN SANAYI VE TICARET A.S

ORHANGAZI MAHALLESİ 1673.SOKAK NO: 34-34510 ESENYURT ISTANBUL / TURKEY

Кітаптарды «Алматыкітап баспасы» ЖШС-ның кітап дүкендерінен сатып алуға болады.

*Нұр-Сұлтан қаласы:* Иманов көшесі, 10, тел.: (7172) 53 70 84, 27 29 54;  
Б. Момышұлы даңғылы, 14, тел.: (7172) 42 42 32, 57 63 92; Жеңіс даңғылы, 67, тел.: (7172) 29 93 81; 29 02 12.  
*Алматы қаласы:* Абай даңғылы, 35/37, тел.: (727) 267 13 95, 267 14 86;  
Гоголь көшесі, 108, тел.: (727) 279 29 13, 279 27 86; Қабанбай батыр көшесі, 109, тел.: (727) 267 54 64, 272 05 66;  
Жандосов көшесі, 57, тел.: (727) 303 72 33, 374 98 59; Гагарин даңғылы, 76, тел. (727) 338 50 52;  
Майлин көшесі, 224 «А», тел. (727) 386 15 19; Төле би көшесі, 40/1, тел.: (727) 273 51 38, 224 39 37.

Интернет-дүкен: [www.flip.kz](http://www.flip.kz)  
Сауда бөлімі, тел.: (727) 292 92 23, 292 57 20.  
e-mail: [sale1@almatyskitap.kz](mailto:sale1@almatyskitap.kz)

Кітаптар мен басылымдар туралы мағлұматтарды  
[www.almatyskitap.kz](http://www.almatyskitap.kz) сайты арқылы білуге болады.